Заманауи педагог уақытпен бірге емес, бір қадам алдыда жүруі керек. Кәсіби күзiреттiлiктi қалыптастыру арнайы педагогика бойынша болашақ мамандарды даярлаудың басты негізі саналады. Белгілі болғандай, басты білімдер мен қабілеттер ЖОО оқу барысында қалыптасып, дамып, ал жоғарғы білім беру жүйесі болашақ маманды дайындап, болашақ кәсіби іс-әрекетке даярлайды. Кәсіби күзiреттiлiктi қалыптастыру жолдары өте көп, бұл қажет іргетастық білімдерді меңгеру, арнайы білім беру аймағындағы кәсіби қабілеттер мен даяғыдарды меңгеру болып келеді. Бүгінгі таңда болашақ мамандарды өздерінің кәсіби іс-әрекетіне дайындау мүмкіндіктері кеңеюде. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оыту мен тәрбиелеу контекстіндегі АКТ мүміндіктерін меңгеру мәселесі өзекті болып отыр. Бұл шығармашылық мүмкіндіктерін жетілдіру, интеллектуальды, коммуникаивті қабілеттерін дамытудың негізі саналады. Мақалада болашақ арнайы педагогтардың кәсіби күзiреттiлiн қалыптастыруда АКТ қолданудың психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылған.

**Кілттік сөздер:** арнайы білім беру, ерекше білім бер қажеттілігі бар балалар, АКТ, кәсіби күзiреттiлiк

Каипова Ж.М.<sup>1</sup>, Берикханова А.<sup>1</sup>, Бекмуратова Г.Т.<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Алматы, Казахстан, Janat\_8995@mail.ru

## ПСИХОЛОГО - ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИКТ В ФОРМИРОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ У БУДУЩИХ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ

### Аннотация

Современный педагог должен идти не в ногу со временем, а на шаг впереди. Формирование профессиональной компетентности является важной основой при подготовке будущих педагогов по специальной педагогике. Как известно, основные навыки и умения вырабатываются и развиваются в процессе учебы в Вузе и система высшего образования формирует будущего специалиста и готовит его к будущей профессиональной деятельности. Пути формирования профессиональной компетенции могут быть разными. Это владение необходимыми фундаментальными знаниями, педагогическими и психологическими, профессиональными умениями и навыками в сфере специального образования и др. На сегодняшний день возможности подготовки будущих педагогов к своей профессиональной деятельности расширяются. Актуальной становится владение возможностями ИКТ в контексте обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями. Это служит основой для совершенствования творческого потенциала и для развития интеллектуальной, коммуникативной деятельности. В статье рассматриваются психолого - педагогические возможности использования ИКТ в формировании профессиональной компетенции у будущих специальных педагогов.

**Ключевые слова:** специальное образование, дети с особыми потребностями, ИКТ, профессиональная компетенция.

Kaipova Zh.M.<sup>1</sup>, Berikkhanova A.<sup>1</sup>, Bekmurtova G.T.<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

## PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL POSSIBILITIES OF USING ICT IN THE FORMATION OF PROFESSORIAL COMPETENCE AMONG FUTURE SPECIAL EDUCATIONAL TEACHERS

### Abstract

A modern teacher should not keep up with the times, but take a step forward. The formation of professional competence is an important basis for the training of future teachers in special pedagogy. As you know, the basic skills and abilities are developed and developed in the process of studying at a university and the higher education system forms a future specialist and prepares him for future professional development. The ways of forming professional competence can be different. This is the possession of the necessary fundamental knowledge, pedagogical and professional skills and skills in the field of special education, etc. To date, the possibilities of preparing future teachers for their professional activities are expanding. Possession of ICT capabilities in the context of education and upbringing of children with special educational needs becomes relevant. This serves as a basis for the improvement of creative potential and for the development of intellectual, communicative activity. The article discusses the psychological and pedagogical possibilities of using ICT in the formation of professorial competence of future *special teachers*.

**Keywords:** special education, children with special needs, ICT, professional competence.

**Кіріспе.** Қазақстан қоғамының заманауи дамуы технологиялардың жылдам алмасуымен, өзгеруімен сипатталып, жаңартылған білім беру жағдайында үздіксіз білім беруді жүзеге асырудың тиімділігі білім беру субъектілері басты жағдайлары тұлға қасиеттері, белсенділік, инициативалық, шығармашылық тұрғыда ойлау, стандартты емес шешімдерді таба алуы т.с.с. болып келетін бәсекеге қабілеттілікті ұстай алуымен де байланысты. Сондықтан, білім беруді дамытудың басты басымдылықтарының бірі кәсіби шеберлікті көтеру, жаңа және өткен тәжірибені ұштастыру, инновациялық ортаны туындату саналады.

Педагогтардың кәсіби құзіреттілігі мәселесі бірқатар жылдары бойы көптеген философ, педагог, психолог ғалымдардың зерттеу мәселесі болып, жалпы педагогикада педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін зерттеумен В.А. Адольф, Т.Г. Браже, Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя, Н.В. Кузьмина, М.И. Лукьяновой, А.К. Маркова, А.М. Новикова, Г.С. Трофимова, Г. Бернгард, В. Блум т.с.с ғалымдар айналысқан.

Өзіндік оқыту қағидасы мен философиясы кең арнайы білім беру саласында да кәсіби құзіреттілік түсінігінің маңызы өте зор. Арнайы педагогтардың ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасауда оның кәсіби шеберлігі, құзіреттілігі бала өмірін, оны қоғамға бейімдеу мен болашағына үлкен үміт беріп сыйлатын, жетелейтін жетекші іс әрекеті. Сондықтан, ЖОО болашақ педагогтарды дайындау мәселесіне, әсіресе олардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру, дамыту мәселесіне үлкен назар аударылады.

Жалпы, кәсіби құзіреттілік мәселесін қарастыруда «құзіреттілік термині» ғылыми лексиконда 20 ғасырдың 50 жылдары пайда болып, бастапқыда отандық және шетелдік зерттеулерде тіпті түрлі мағыналық акценттерге де ие болды. Р.Уайт, Дж Равен, Д.Хаймс т.с.с ғалымдар нақты пәндік аймақтағы нақты әрекетті нәтижелі орындау үшін қажет қабілеттердің болуы, практикалық толымдылығы десе, Дж Равен бойынша, құзіреттілік ол «көптеген компоненттерден тұрып, олардың көбі бір біріне тәуелді емес, ал кейбіреулері когнитивті сфераға қатысты болса, ал өзгелері эмоциональдыға қатысты болып, тіпті кейбіреулері нәтижелі әрекеттің құрамдас бөлігі ретінде бір бірін алмастыра алады екен. [1, с. 253]. Автордың пайымдауынша құзіреттіліктің компоненттері адам іс-әрекеті үшін маңызды іс әрекетті орындау барысында дамып, көрініс табады екен [2, с. 153].

Америкалық психолог Р. Шорт «тұлғаның құзіреттілігі» түсінігін ашып, оны «ғылым негіздері» туралы білімдерді меңгерген адам ретінде сипаттаса, Ал Б.Д. Эльконин құзіреттілікті «адамның іс әрекетке қосылу өлшемі» деп, онда индивидте бір нәрсеге деген ішкі ұйымдастырушылық мүмкіндігі ғана емес, барды қолдана алу мүмкіндігінің болуы қажет» деген [3, С 56].

С.И.Ожегов пен Н.Ю. Шведованың «орыс тілінің сөздігі» кітабында «құзіретті» түсінігі білетін, хабадар, қандай да бір аймақта беделді, қандай да бір сұрақтар аймағында «құзіретті» деп қарастырылады [4, с. 288]. Л.И. Фишман құзіреттілікті «кәсіби іс- әрекет мәдениеті» десе [5, с. 117], ал И.А. Зимняя «құзіреттіліктің» екі моделін алға тартады: олар - тұлғалық және әрекеттік.

Психология аймағында құзіреттіліктің бірқатар анықтамалары бар:

- мәселелік жағдайларды нәтижелі шешу деңгейі (С.Д. Смирнов); [6, с 124];
- субъектінің қоғамдық педагогикалық тәжірибесінің қалыптасу деңгейі [7, с 55];
- белгілі деңгейде лауазымдық қызмет талаптарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қабілеттер мен кәсіби қасиеттердің үйлесімділігі (Л.И. Анцыферова) [8, с 12 ];
- адам баласына қоғамда нәтижелі қызмет етуге мүмкіндік беретін белсенділіктің жеке формасына және әлеуметтік формаларға оқытылу деңгейі (Л.П. Урванцев, Н.В. Яковлева) [9, с 345];
- кәсіби міндеттерді шешу тәжірибесі, базалық, арнайы және кәсіби міндеттерді деңгейі, жұмыс өтілімі (А.И. Омаров) [10, с 122];
- кәсіби даярлау деңгейі (М.П. Чошанов) [11, с 21];
- іс-әрекетті нәтижелі және тиімді орындауды қамтамасыз етеін білім, қабілет, дағдылардың үйлесімділігі (M.Perlmutter, L.Nyquist) [12, с 396].

Кәсіби құзіреттілік түсінігіне байланысты әдебиеттерді жіті талдау барысы келесі анықтамалардың жетекші маңынасын көрсетті:

- педагог меңгеретін психологиялық қасиеттер мен кәсіби білімдер мен қабілеттердің қатынасы (А.К. Маркова);
- педагогтың еңбегінің интегральды сипаттамасы (Л.М. Митина);
- кәсіби білімдері, педагогикалық қабілеттері, кәсіби позициялары, психологиялық қасиеттері (Н.В. Андропова) т.б

Қарап отырсақ, кәсіби құзіреттілік түсінігінің мәні зор, әрі ол педагогтың іс-әрекетімен тығыз байланысты болады екен. Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру мен дамыту жолында ең алдымен кәсіби құзіреттіліктің арнайы критерийлері мен компоненттерін анықтау маңызды.

В.Я. Адольф бойынша кәсіби құзіреттіліктің арнайы критерийлеріне:

- таңдамалылық, индивид үшін маңызды тұлғалық маңызды және кәсіби маңызды педагогикалық мақсаттарды қабылдау деңгейімен сипатталады. Субъективті түрде ол педагогикалық іс-әрекет мақсаттарының дифференциальды бейнесінде көрініс тауып, тұлғаның өзін жетілдіру, жүзеге асыруға талпынысымен (ЖОО оқу барысында) сипатталады;

- саналылық, өзінің ақыл ой іс-әрекетін мақсатты басқаруға педагогтың қабілеттілігі, кәсіби жағдаяттарды сауатты талдай алу тәсілдерін меңгеруі. Меңгерілетін білімдер кең әлеуметтік контекстте болуы қажет.

- нәтижелілік, жағдаяттық жағдайлармен байланысты іс-әрекеттің нақты қорытындысында көрініс табады;

- қызығушылық. Жеке және кәсіби қызығушылықтарды ұштастыру маңыздылығы  
А.К. Маркова кәсіби күзіндеттілік құрылымында маңызды 4 блокты бөліп көрсетеді:

- 1) кәсіби психологиялық (объективті қажет) және педагогикалық білімдер;
- 2) кәсіби (объективті қажет) педагогикалық қабілеттер;
- 3) кәсіби психологиялық позициялар, педагогтың ұстанымдары;
- 4) кәсіби білімдер мен қабілеттерді меңгерді қамтамасыз ететін тұлғалық ерекшеліктері [14, с. 2].

Н.Е. Костылево бойынша педагогтың кәсіби күзіндеттіліктерінің тұлғалық гуманистік бейімділігі, педагогикалық қабылдау, педагогикалық қабілет, педагогикалық шығармашылық деген түрлері жіті ажыратылып қарастырылған.

С.А. Абрамова, Н.В. Апатова сияқты ғалымдар заманауи білім беру аймағын дамытуда, болашақ педагогтарды даярлауда, олардың кәсіби күзіндеттіліктерін қалыптастыруда АКТ қолдану мүмкіндіктерін ерекше алға тартқан.

Бүгінгі таңда цифрлік білім беру ортасы білім беру ұйымдарының материалды техникалық базаларын жаңартуға, жетілдіруге бағытталп, сонымен қатар олардың келесі бағыттарын да атап өтуге болады:

- білім алушылардың білімі, қызығушығы, жаңа оқу материалын зерттеу темпін, дамытудың психологиялық педагогикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, білім, қабілет, дағдылар сапасын көтеру;
- болашақ арнайы педагог мамандарын дайындау барысында сабақтарды жүргізу мен дайындау барысында олардың кәсіби күзіндеттіліктерін дамыту мен қалыптастыруда АКТ білім беру ресурстарын қолдану т.б.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс барысында білім берудің цифрлік ортасын құру, АКТ құралдарын, мүмкіндіктерін пайдалану жеке оқу жоспарын құру, оқыту үрдісін, түзетушілік дамытушылық жұмыста оларды тиімді қолдану арнайы білім беру педагогтарына үлкен мүмкіндіктер береді. Сондықтан, арнайы педагог мамандарын даярлауда АКТ мүмкіндіктерін қолдану олардың үлкен мүмкіндіктерін ашу үйретуші педагог пен білім алушы болашақ арнайы педагогтарға пайдасын әкеледі.

АКТ технологияларын қолдану ЖОО арнайы білім беру педагогтарын даярлау үрдісінде педагогикалық практикалық жаңашылдықтарды енгізуге мүмкіндік беріп, болашақ арнайы педагогтардың ақпараттық мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді.

Арнайы білім беру жүйесінде АКТ құралдарын әдістемелік бағыты бойынша келесі түрде ажаратамыз:

- оқытушылық (білімдерді хабарлау, оқу және практикалық іс-әрекеттегі білім мен қабілеттерді қалыптастыру);
- жаттығу құралдары (өткен материалдарды қайталау мен бекітуге арналған қабілеттер мен дағдыларды өңдеуге бағытталған);
- ақпараттық - ізденістік (ақпараттарды жүйелеу бойынша қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру, хабарлау);
- демонстрациялық (зерттелінетін нысандарды, құбылыстарды, үрдістерді визуализациялау);
- имитациялық (шынайылықтың белгілі нысанын оның құрылымдық және фунтаментальды сипаттамасын зерттеу);
- зертханалық (эксперименттер жүргізу);
- моделдеу (нысандар, құбылыстар мен үрдістерді зерттеу мен тану мақсатында оларды моделдеу);
- оқу ойындық (ойын формасында жүзеге асырылатын оқу жағдайларын туғызуға арналған).

АКТ заманауи аппараттық техникалық бағдарламалық құралдарды, сонымен қатар АКТ негізінде оқыту әдістері мен тәсілдерін қамтиды [15, с. 75]

Отандық ғалымдардан Мовкебаева З.А., Денисова И.А., Оралханова И.А., Жакупова Д.С. «Инклюзивті білім беруді ендіруге педагогтарды даярлау бойынша әдістемелік нұсқаулық» атты еңбектерінде инклюзивті білім беру аймағындағы АКТ шартты түрде үшке бөліп қарастырған [16, с. 13]

- компенсаторлық міндеттерді шешу немесе көмекші технологиялар ретіндегі АКТ;
- білім беру технологияларын немесе дидактикалық міндеттерді шешуге арналған АКТ;
- дамытушылық немесе жоғарғы психикалық функцияларды дамыту міндетін шешуге арналған АКТ.

Компенсаторлық міндеттерді шешу немесе көмекші технологиялар ретіндегі АКТ құралдары «ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға» өздерінің қандай да бір физикалық жетіспеушіліктерін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, инклюзивті ортада қалыпты балалармен қарым қатынасқа түсуге мүмкіндіктер береді. Көмекші құралдарды бағыты бойынша: компенсаторлық, оқытушылық, дамытушылық, оңалтушылық, терапиялық жаттығу құралдары т.б. деп ажаратамыз. Олар мақсаты мен қолдану жағ-

дайына орай үйде оқуда т.б ажыратылады. Құрылымдық қағидаларына байланысты: механикалық, дәстүрлі, электронды, компьютерлік т.б. болса, ал қолдану формасы бойынша жеке және ұжымдық деп бөлінеді. Арнайы білім беру саласының қай аймағы болмасын (сурдопедагогика, логопедия, олигофренопедагогика, тифлопедагогика) бүгінгі таңда жетекші әдістерді АКТ құралдарымен үйлестіру өте маңызды рөлді атқарады.

**Зерттеу әдістер мен зерттеу нәтижелерін талдау.** Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыруда АКТ құралдарының психологиялық- педагогикалық мүмкіндіктерін қолдануда оның танымдық, дамытушылық, бағалау, адаптациялық функцияларын білу маңызды болды. Танымдық дегеніміз – ол қолда бар білімді, қабілеттер мен дағдыларды, кәсіби іс-әрекетке қажет дағдылар жүйесін қалыптастыру, дамыту болса; ал дамытушылық ол білім алушылардың кәсіби құзіреттіліктерін дамыту, соның ішінде инициативасын, өз бетінше жұмыс жасай алуын, қабілеттерін т.б.; бағалау функциясы өз мүмкіндігін, кәсіби қабілеттерін жүзеге асыру мен бағалау; бейімдеушілік ол кәсіби стандарт талаптарына, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті заманауи қоғамға қажет және өзгеріп отырған әр түрлі жағдайларға бейімделе алатын мамандарды даярлау болып келеді. болашақ арнайы педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыруда АКТ құралдарын қолдану педагогикалық моделдеу позициясы тұрғысынан ақаралып, оны қалыптастырудың қрылымдық моделі құрастырылып, ол диагностикалық (яғни білім алушылардың психологиялық педагогикалық ерекшеліктерін анықтау), нәтижелік бағалау, мақсаттық (мақсаты мен міндетін қамтиды); мазмұндық (оқыту қағидалары мен мазмұнының дидактикалық бірліктерін құрайды); технологиялық (оқытудың ұйымдастырушылық формаларын қамтиды) блоктардан тұрды. Білім алушылар контингентінің психологиялық педагогикалық ерекшеліктері бастапқы диагностикалау кезеңінде анықталып, оны арнайы білім беру бойынша білім алатын болашақ педагогтар құрады. Мақсаттық блок кәсіби құзіреттілікті АКТ арқылы қалыптастыруға негізделіп, келесі міндеттерді құрады: оқу және тәжірибелік іс-әрекетте АКТ-ының дидактикалық мүмкіндіктері туралы түсініктерін қалыптастыру; дайын ресурстармен жұмыс жасап, өзінің түрлі дидактикалық бағыттағы ақпараттық ресурстарын жасауға үйрету; пәндік аймақ ерекшелігін есепке ала отырып, және ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жеке даму ерекшеліктерін есепке ала отырып, АКТ құралдарын қолдана отырып, білім беру іс-әрекетін жүзеге асыруға кәсіби дайындығын қалыптастыру; білім алушылар арасында АКТ құралдарының мүмкіндіктері арқылы ақпараттық ықпалдастықты ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру т.б болды.

АКТ құралдарының психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктері арқылы болашақ арнайы педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру моделінде келесі жетекші қағидаларды есепке алдық: жүйелілік (жүйелілік сипаты), үздіксіздігі, іс-әрекеттік қағидасы, өзін өзі дамыту қағидасы т.б. Қазіргі қоғам сұранысы мен қажеттілігіне орай қашықтықтан АКТ мүмкіндіктері арқылы ықпаласу, әр түрлі форматтағы оқу контенттерін құру, виртуальды оқу ортасын туындату, әр түрлі категориядағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жеке даму ерекшеліктеріне орай оқу әдістері мен құралдарын, түзетушілік және дамытушылық ойындар түрлері мен тапсырмаларын бейімдеу; ауызша, жазбаша және аудио хабарламаларымен (түрлі коммуникация түрі) алмасы; қашықтықтан өз жобасын презентациялау, видеое және аудио мүмкіндіктерін қолдану, жетекші АКТ бағдарламаларын қолдану технологиялық блоктың ажырамас бөлігін құрап, ал жетекші әдістер ретінде оқытудың ақпараттық әдістері (әңгімелесу, кеңес беру, демонстрация, түсіндіру, иллюстрация, инструктаж); операциялық әдістер (алгоритммен жұмыс, практикалық әдістер, жаттығулар, зертханалық жұмыстар, өзіндік жұмыстар т.б.); оқытудың шығармашылық әдістері ( нақты жағдаяттарды талдау, бақылау усұратары, жобалау); басқару мен кері байланыс әдістері (ағымдық бақылау, сауалнама т.б); дамытушылық кеңес беру әдістері т.б қолданылды.

**Қорытынды.** Болашақ арнайы педагогтардың кәсіби құзіреттілін қалыптастыруда АКТ-ны қолдану мүмкіндіктері бүгінгі таңда өзекті деп айтуға толық негіз бар. Себебі, АКТ мүмкіндіктерін білу, оны болашақта кәсіби іс-әрекетінде арнайы түзету әдістерімен үйлестіре қолдана білу арнайы түзетушілік жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

#### References:

- [1] ] Is equal to J. Competence in modern society: identification, development and implementation / J.Raven // Translated from English - M.: "Kogito-Center", 2002. - 396 p.
- [2] Is equal to J. Pedagogical testing: problems, misconceptions, prospects // School technologies. - 1999 № 1-2. - pp. 178-206



- [3] Elkonin B.D. *The concept of competence from the perspective of developing learning* / B.D. Elkonin // *Modern approaches to competence-oriented education.*-Krasnoyarsk, 2002. - 67 p.
- [4] Ozhegov S.I., Shvedova N.Yu. *Explanatory dictionary of the Russian language.* - Moscow: Azbukovnik, 1999. - 897 p. [5] Fishman L.I. *Models of educational management: a review analysis* // *School technologies.* - 1999 No. 1-2. - pp. 112-121.
- [6] Smirnov S.D. *Pedagogy and psychology of higher education: from activity to personality.* - M., 1995. - 132 p.
- [7] Yemelyanov Yu.N. *Teaching communication in the educational-184 training group* // *Psychological journal.* 1987 No. 2. - pp. 81-87.
- [8] Antsyferova L.I. *Psychological laws of adult personality development and the problem of continuing education* // *Psychological Journal.* 1980 No. 2. - pp.15-22
- [9] Yakovleva L.V. *Psychological competence and its formation in the process of studying at a university (based on the material of a doctor's activity): Diss.. Doctor of Psychological Sciences* - Yaroslavl, 1994. - 408 p.
- [10] Vegerchuk N.E. *Understanding as a key component in the socio-perceptual competence of a teacher* // *The world of psychology.* 2001. No. 3. - pp. 122-139.
- [11] Choshanov M.P. *Didactic construction of flexible learning technology* // *Pedagogy* - 1997 No. 2. - pp. 21-27
- [12] *Is equal to J. Competence in modern society: identification, development and implementation* / J. Raven // *Translated from English* - M.: "Kogito-Center", 2002. - 396 p.
- [13] Adolf V.Ya. *Professional competence of a modern teacher: monograph.* - Krasnoyarsk State University. Krasnoyarsk, 1998— - 310 s
- [14] Markova A.K. *Psychological analysis of professional competence of a teacher* // *Soviet pedagogy.* 1990 No. 8. - p.2-130 [15] 2 Andreev, A.A. *Introduction to Internet education: studies. manual* / A.A. Andreev. - M.: LOGOS, 2003 - 76 p.
- [16] Movkebayeva, Z.A. *Methodological recommendations for the preparation of teachers for the introduction of inclusive education* / Z. A. Movkebayeva, I. A. Denisova, I. A. Oralkanova, D. S. Zhakupova. - 2nd ed. - Almaty: [B. I.]. - 165 s

**МРНТИ 15.81.70**

<https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-7847.05>

С.Ж. Өмірбек<sup>1</sup> Ә.А. Ануарбекова\*,<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## **СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТЕ – ДАМУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ЛЭПБУК ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ МӘНІ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада сөйлеу тілі бұзылған балалармен түзету жұмыстарын ұйымдастырудың жаңа бағытының бірі – лэпбук әдісі туралы деректер келтірілді. Білім беру стандарттарына сай білім беру саясаты педагогтардың үнемі дамуын және инновациялық әлеуетін көтерудің жолдарын қолдайды. Аталған әдістердің бірі ретінде лэпбук әдісін алуға болады. Лэпбук әдісі дамытушы альбом түріндегі оқыту құралы болып табылады. Көздеген мақсатқа орай материалдар қалташаларға орналастырылып, әртүрлі әдістер кешенін құрайды. Әдістің артықшылығы – көрнекілік – бейнелік сипатының айқындығы мен әдісті түрлендіру жолдарының болуында.

Зерттеу жұмысы аясында лэпбук әдісінің тиімділігін тексеру үшін зерттеу эксперименті ұйымдастырылды. Зерттеу эксперименті барысында балалардың байланыстырып сөйлеуі мен сөздік қорының деңгейі тексерілді. Нәтижелеріне сүйеніп, лэпбук арқылы дамытудың алғышарттары келтірілді.

**Түйін сөздер:** лэпбук, сөйлеу тілі, сөздік қор, байланыстырып сөйлеу тілі, қалташалар, технология, білім беру стандарттары.

Омирбек С.Ж.<sup>1</sup>, Ануарбекова А.А.\*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет (г. Алматы, Казахстан)

## СУЩНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МЕТОДА ЛЭПБУКА В ОРГАНИЗАЦИИ КОРРЕКЦИОННО-РАЗВИВАЮЩЕЙ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ С НАРУШЕНИЯМИ РЕЧИ

### Аннотация

В данной статье приведены данные об одном из новых направлений организации коррекционной работы с детьми с нарушениями речи – методе лэпбука. Образовательная политика в соответствии с образовательными стандартами поддерживает постоянное развитие и пути повышения инновационного потенциала педагогов. В качестве одного из перечисленных методов можно взять метод лэпбука. Метод лэпбука является обучающим пособием в виде развивающего альбома. В зависимости от поставленной цели материалы размещаются в кармашках, образуя комплекс различных методов. Преимущество метода заключается в четкости наглядно – образного характера и наличии путей преобразования метода.

В рамках исследовательской работы был организован исследовательский эксперимент для проверки эффективности метода лэпбук. В ходе исследовательского эксперимента был проверен уровень связной речи и словарного запаса детей. На основе результатов были приведены предпосылки для развития через лэпбук.

**Ключевые слова:** лэпбук, разговорный язык, словарный запас, связная речь, папки, технология, образовательные стандарты.

S.J.Omirbek<sup>1</sup>, A.A.Anuarbekova<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Kazakh national women's Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

## THE ESSENCE OF USING THE LAPTOP METHOD IN ORGANIZING CORRECTIONAL AND DEVELOPMENTAL WORK WITH CHILDREN WITH SPEECH DISORDERS

### Abstract

This article presents data on one of the new directions of the organization of correctional work with children with speech disorders – the laptop method. The educational policy in accordance with educational standards supports the continuous development and ways to increase the innovative potential of teachers. As one of the listed methods, you can take the laptop method. The laptop method is a teaching aid in the form of an educational album. Depending on the goal, materials are placed in pockets, forming a complex of different methods. The advantage of the method lies in the clarity of the visual - figurative nature and the availability of ways to transform the method.

As part of the research work, a research experiment was organized to test the effectiveness of the laptop method. During the research experiment, the level of coherent speech and vocabulary of children was tested. Based on the results, the prerequisites for development through a laptop were given.

**Keywords:** laptop, spoken language, vocabulary, coherent speech, folders, technology, educational standards.

**Кіріспе.** Мектепке дейінгі және бастауышта білім берудің заманауи жүйесі мұғалімдерге жаңа талаптар қояды. Білім беру стандарты мұғалімнің үнемі өзін-өзі тәрбиелеумен айналысуы, кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеруі және жаңа білім беру технологияларын игеруі қажет екенін білдіреді. Қазіргі заманғы логопедтің алдында мектеп жасына дейінгі балаларды қызықтыратын және олардың жасына сәйкес келетін және білім беру, тәрбие және түзету міндеттерін тиімді шешетін жаңа тәсілдерді, идеяларды, формалар мен әдістерді іздеу және енгізу маңызды міндет тұр [1].

Қазіргі заманғы технологиялардың бірімен біз бүгін сізді таныстырғымыз келеді.

Егер сөзбе – сөз аударар болсақ, онда лэпбук – бұл қалташалардағы кітап. Бұдан өзге әдебиеттерде мына атауларды кездестіруге болады: тақырыптық қалта, интерактивті қалта, жобалар қалтасы. Онда белгілі бір тақырып бойынша материалдар жиналады.

**Негізгі бөлім.** Лэпбук – ойын, шығармашылық, жаңа таным мен зерттеуді, оқығанды қайталау мен бекітуді өзіне біріктіреді, білімді жүйелеуге және мұғалім-логопед, ата-ана мен баланың бірлескен іс-әрекетінің жай ғана қызықты түріне көмектеседі. Лэпбукті оқу құралы ретінде емес, оқу материалын ұйымдастырудың ерекше формасы ретінде анықтама беру дұрысырақ болар еді [2].

Әлемнің көптеген елдерінде ләпбукты мұғалімдер мен ата-аналар жаңа материалды көңілді және ойын түрінде игеру үшін пайдаланады. Батыстың басқа да пайдалы жаңалықтары сияқты, бұл жанрды отандық мұғалімдер мен аналар сәтті алып, дамытады және Отандық білім беру жүйесіне қарай бейімдейді.

Логопедтің жұмысы көп уақытты қажет етеді және ауыр, көбінесе ойлау процестерін, есте сақтауды, зейінді және т.б. қалыптастыру бойынша ілеспе жұмыстармен бірге жүреді. Бұл мәселелерді шешу-оқу құралын түзету және сөйлеу жұмысында қолдану міндеттерінің бірі.

Мұндай интерактивті қалта мына қазметтерді қамтамасыз етеді:

— балалардың сөздік қорын толықтыруға және сөз мағыналарының «семантикалық өрістерін» кеңейтуге;

— автоматтандыру және дыбыстарды саралау процесін жылдамдату және дағдыландыру;

— грамматикалық категорияларды қалыптастыру;

— байланыстырып сөйлеуді дамыту;

— психологиялық базасын қалыптастыру;

— ұсақ моториканы дамыту [3].

Ләпбук қалташаларында дыбыстық айтылымды түзету, лексикалық және грамматикалық категорияларды қалыптастыру және үйлесімді байланыстырып дамыту бойынша жеке және кіші сыныптарда ләпбук әдісін қолданамыз. Балалармен бірге жасалған ләпбуктер кез-келген дайын кітаптар мен ойындарға қарағанда көп пайда әкеледі.

Ләпбук технологиясы логопедтің баламен қарым-қатынас жасауына ғана емес, сонымен қатар ата-аналарды түзете – дамыту жұмысына кіріктіруге мүмкіндік береді.

Ләпбуктар бойынша жұмыс істеуді 5 жастан асқан балаларға пайдалану нәтижелі деп бағаланады.

7-8 жастағы балалар өздері ләпбук қалташаларын жасақтауға ойларын қоса алады және белсенділік мотивациясын арттырады.

Ләпбукті жеке де, топтық сабақта да жасауға болады. Балалар тобымен жұмыс істеген жағдайда екі нұсқа болуы мүмкін: мұғалім тапсырмаларды оқушылар арасында таратады және барлығы бірге бір қалтаны жинап, толтырады. Немесе мұғалім шеберлік сабағын көрсетеді, ал балалар оның көмегімен папканың әр данасын жасайды [4, 5].

Тақырыптық қалтаны жасаудың тамаша нұсқасы-баламен бірге, содан кейін, ләпбук жасау кезінде ақпаратты есте сақтайды. Тақырыптық материалмен жұмыс барысында бала бақылау жүргізеді, тапсырмаларды орындайды, ақпаратты зерттейді және бекітеді. Кейіннен, қолында дайын тақырыптық қалта болса, бала белгілі бір тақырып бойынша білімін жаңарта алады.

Бастауыш сынып жасындағы балаларға ұсынылатын ләпбуктің көлемі стандартты А4 немесе А3 форматы.

Бұл өлшем баланың ләпбукпен өз бетінше жұмыс істеуі үшін өте қолайлы: бала тапсырмаларды еркін парақтайды, өз бетінше іздейді және қалташаларды еркін басқарады.

Ләпбукты құру кезінде біз мынадай критерийлерді ұстандық (ҚР білім беру стандарттарын ескере отырып):

1. Қол жетімділік – ләпбуктегі ақпарат балаға түсінікті болуы керек.

2. Танымдық сала-балалар онымен айналысатындығын ескере отырып, ол жеткілікті танымды және эмоцияға толы болуы керек.

3. Эстетика-ләпбук ұқыпты, әдемі безендірілуі керек, сондықтан бала оны өз қолына алғысы келеді. Осылайша, ләпбук баланың көркемдік және эстетикалық даму құралы болады.

4. Вариативтілік-оның әр бөлігін қолданудың бірнеше нұсқасы болған жөн.

5. Тәуелсіздік-оның құрылымы мен мазмұны балалар үшін қол жетімді. Ләпбукты қолына алып, бала өзіне не қызықтыратынын, оған қалай қарау керектігін өз бетінше таңдауы керек. Әдістемелік ұсыныстар, сипаттамалары бар үлкен мәтіндер беріледі, артық ақпарат қосылмауы керек.

6. Бір уақытта балалар тобымен пайдалануға жарамды [6].

Сөйлеу тілін дамытуға арналған материалдар-баланы дербестік арқылы өз дамуын реттеуге итермелейтін педагогикалық білім беру-дамыту ортасының құрамдас бөлігі.

Олармен өз бетінше жұмыс істеу арқылы бала түрлі дағдыларға ие болады: сенсорлық үдерістерді, ұсақ моториканы дамыту, сезім мен қабылдауды дамыту, қоршаған орта туралы білім мен түсінікке ие болады, сөйлеуді дамыту үшін жағдайлар жасалады. Ол мақсат қойып, оған қол жеткізудің тиісті жолдарын табуды үйренеді.

Дидактикалық мақсаттарға бейімделген дамытушы ортаның құралдарымен бағытталған моторика жалпы, эмоциялық, сөйлеу және әлеуметтік дамуға әсер етеді. Ләпбук арқылы дамыту ортасындағы қызметі назарды, ойлау, есте сақтау, сөйлеу, қиял, моториканың пайда болу алғышарттарын дамытуға ықпал етеді. Онда қарым-қатынас дағдыларын игеруге, сондай-ақ тұрмыстық қызметті игеруге көмектесетін ұжымдық ойындар мен тапсырмаларға ерекше көңіл бөлінеді, бұл дербестік пен әлеуметтендіруді дамытуға ықпал етеді [7].

**Бағдарламаның міндеттері:**

1. Даму перспективасын анықтау үшін баланы педагогикалық тұрғыдан ынталандыру.
2. Әр баланың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес дамуы үшін білім беру ортасын қалыптастыру;
3. Танымдық іс-әрекетті түзету.
4. Сенсорлық үдерістерді, көз өлшегішті және үйлестіруді түзету.
5. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту;
6. Іс-әрекетке қызығушылық пен ынтаны дамыту.
7. Заттармен әрекет жасау іскерлігін қалыптастыру
8. Қызметтің мақсаттылығын, тұрақтылығын әзірлеу.
9. Оқу мотивациясын қалыптастыру.


Сабақтар дамытушы орта құрылған жеке кабинетте, логопедиялық топтарда, жеке сабақтарда өткізіледі. Сабақтың негізгі түрі – топтық және жеке дамытушы сабақтар [8]. Даму ерекшелігіне қарай шартты түрде топтарға бөлінген кіші жастағы ерекше білімді қажет ететін балалар мен бастауыш сынып жасындағы балалар сабаққа келеді. Сабақтар қызмет түрінің жиі ауысуы, бөлмедегі кеңістікте балалардың қозғалуы негізінде құрылады. Сабаққа келетін балалар тез шаршағыш, баяу болғандықтан олардың назарын аудару және ұстап тұру үнемі мүмкін бола бермейді, сондықтан сабақтың бұл формасы тиімді болып саналады.

Топтардың шағын болуынан (3-4 адам) әр балаға жеткілікті уақыт бөлінеді. Бір топқа даму деңгейі бірдей балалар енгізіледі. Сабақтар кезінде балалармен эмоционалды байланысты сақтау қажет. Балаларға келістірілген және би қимылдарын орындауға, ойын ережелерін сақтауға көмектесу керек.

Практикалық жұмыс барысында балалардың қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктеріне сай, ойындарды және жаттығуларды азайтуға немесе санын арттыруға рұқсат беріледі. Сабақтар педагог жұмысының негізі ретінде толықтай немесе ойын және жаттығу түрінде жеке өткізіледі.

Ләпбук құралдарымен жұмыстың құрылымы негізгі үш аспектіден тұрады:

**Кесте 2. Ләпбук арқылы жұмыстың құрылымдық элементтері**



**Тілдік даму аймағы** – баланың сөздік қорын, танымын кеңейту мен байланыстырып сөйлеу тілін дамытуға тапсырмалар (сурет салуға, штрихтауға материалдар; үстел театры, саусақ театры пішіндері; иллюстрацияланған балалар кітаптары).

**Сенсорлық даму аймағы** – сезімдерді түзетудің негізін құрайтын материалдар; сенсорлық эталондармен танысу: түс, пішін, көлем, салмақ, құрылымы, белгілі сапасын немесе қасиетін бөліп алу, ұсақ қимылдарды игеру, шынтақ пен саусақтарды бекіндіру; заттармен іс-әрекет орындау дағдысы: елгіштермен жұмыс, пирамидалар, мозаикалар, пазлдар, доп – ойыншықтар.

**Есту анализаторын түзету зонасы** – тану және қарым-қатынас жаттығулары негізінде есту қабылдауын түзетуге бағытталған материалдар: музыкалық инструменттер (барабан, маракастар, бубен, погремушка, пернелі тақта, шу қорапшасы, қоңыраулар)

**Практикалық қызмет аймағы** – балалар үйінде күнделікті өмірге бейімдеуге көмектесетін материалдар мынадай тақырыптарға бөлінеді: адамға қамқор болу, гигиеналық мәдениет дағдыларын игеру, жағымды манераны игеру; қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту: «Шаштараз», «Машаны тамақтандыр» және т.б. [9, 10].

**Күтілетін нәтиже**

Осы бағдарлама бойынша қызмет нәтижесінде балаларда:

— әр түрлі микродинамикалық актілерді және қолдың ірі қозғалысын орындау кезінде қолмен және жеке саусақпен әр түрлі іс-қимыл дағдылары қалыптасады;

— сенсорлық эталондарды тану дағдысы, айту және көрсету қабілеті қалыптасады;

— танымдық үдерістері дамиды;

— кеңістікте бағдарлана алады;

— эмоционалдық жауап беру, әлеуметтік мінез – құлықтың жағымды үлгісі қалыптасады;

— пәндермен ұтымды қызмет ету қабілеті пайда болады.

Ләпбукті құрастыру кезіндегі шығармашылық қабілеттер адамның өзінде ішкі қайнар көзге ие, ал іс-әрекет дамыған сайын бұл әлеует өзекті болады; адам өзінің әлеуетін саналы түрде иеленуге кірісетін сияқты, оны өз заманының мәдениеті контекстінде қызмет өніміне айналдырады. Мұғалімнің міндеті – бұл екі жақты шеберлік-қарсылық процесіне көмектесу, шығармашылықтың ішкі көзін номиналды мәдениет әлеміне жол ашу.

Психологиялық әдебиеттерде белгілі бір дәрежеде шығармашылықтың әртүрлі түсіндірмелері кездеседі. Л.С. Выготский шығармашылық арқылы жасалатын дамытушы құралдарды жаңа туынды ретінде қарастырды [11].

С.Л. Рубинштейн шығармашылық негізге ие әдістерді тек Жаратушының ғана емес, сонымен бірге ғылым, өнер және т.б. тарихқа енетін жаңа, ерекше нәрсе жасайтын әрекет ретінде анықтады. А.М. Матюшкин белсенділіктің екі түрін анықтады: бейімделгіш және шығармашылық және ләпбукті шығармашылық және бейімділік түрін қоса иеленеді деп тұжырымдады.

Жоғарыда келтірілген теориялық зерттеулерге сүйене отырып, ләпбук арқылы балалардың сөйлеу тілін, атап айтқанда, сөздік қорын дамыту бойынша зерттеу экспериментін өткіздік. Зерттеу эксперименті үшін төмендегі әдістер қарастырылды.

I. «Такт» әдісі [12].

Мақсаты – балалардың сөздік қорының деңгейін анықтау.

Барысы: балаларға 20 суреттен тұратын карточкалар ұсынылады және суреттегі затты атауға ауызша нұсқау беріледі. 1 минутта дұрыс атаған сөздердің санына байланысты сөздік қорының даму деңгейі анықталады. Аталған әдіс әр баламен 5 рет жүргізіліп, орташа балы алынады.

Бағалау жүйесі:

Жоғары – 1 минут ішінде 16 – 20 аралығындағы сөзді атайды.

Орташа – 1 минутта 9 – 15 сөзді атайды.

Төмен – 1 минутта 0 – 8 сөзді атайды.

II. «Сикырлы сандық» әдісі [13].

Мақсаты – баланың сөздік қоры мен байланыстырып сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтау.

Барысы: балаларға сандықша көрсетіліп, ішіне суреттер орналастырылады. Әр бала сол сандықтан белгілі бір оқиға бейнеленген суретті алып, тапсырмаларын орындайды. Тапсырма ретінде нұсқаушы анықтаушы сұрақтар қояды. Балалардың сұрақтарға жауап беру кезіндегі сөйлемдер мен фразалардың сипатына байланысты бағалау жүйесі іске асырылады.

Бағалау жүйесі:

Жоғары – 3 балл – бала берілген сұрақтарға толық жауап береді, суреттегі заттардың атауын атайды, нұсқаушының көмегіне сүйенбей, 5-6 сөйлемнен тұратын сипаттау мәтінін айтады.

Орташа – 2 балл – бала берілген суреттегі заттар мен құбылыстарды атауда қателіктер жібереді және оны өз бетінше түзетеді. Заттардың атауын атау кезінде енжар сөздік қорының үлесі байқалады. 2-3 сөйлем арқылы суретті сипаттайды.

Төмен – 1 балл – бала тапсырманы өте төмен деңгейде орындайды, қателер жібереді және оны өз бетінше түзете алмайды. Тапсырманы орындау кезінде нұсқаушы көмегіне жүгіну арқылы ғана орындай алады.

Аталған тапсырмалар екі кезең бойынша жүзеге асырылды. Құрастырылған ләпбук арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту жұмыстары жүргізіліп, қайталама эксперимент өткізілді.

Балалардың бастапқы нәтижелері мынадай болды:

### Кесте 2. Зерттеудің бастапқы нәтижелері

Оқушының реттік нөмірі	«Такт» әдісі, балл	«Сиқырлы сандық» әдісі, балл
1	1	2
2	2	1
3	1	1
4	2	2
5	1	1
6	1	1
7	2	1
8	2	2
9	1	1
10	1	1

Зерттеу нәтижелерінен көріп отырғанымыздай балалардың сөздік қорының деңгейі төмен деп бағаланады. Атап айтқанда, «Такт» әдісі бойынша балалардың ортақ есептік көрсеткіші 1,4 баллды құрады. «Сиқырлы сандық» әдісі бойынша 1,3 балл алынды. Аталған көрсеткіштер салыстырмалы түрде алғанда өте төмен болып саналады.

Зерттеу эксперименті жүргізілген топтағы балалардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, лэпбук арқылы сөздік қорын дамыту бойынша жұмыс жүргізілді.

«Сиқырлы саяхат» лэпбугы оқу-дидактикалық құралын пайдалану процесінде іске асырылатын міндеттер:

- балалардың сөйлеу дамуына ықпал ету;
- балалардың сөздік қорын кеңейту, байыту және жандандыру;
- балалардың грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыту, сын есімдерді, етістіктерді және өзге сөз таптарын дұрыс қолдану;
- балалар мен балабақша тәрбиешілері арасындағы ынтымақтастықты дамыту.

Лэпбук сөйлеуді дамыту үшін ойындар мен сөйлеу материалдарын ұсынады. Лэпбуктың оқу, танымдық және тәрбиелік мәні бар, өйткені ол сөйлеуді, есте сақтауды, ойлауды, ұсақ моториканы дамытады. Бұл интерактивті қалта, онда ақпарат карточкалары мен қалташалары бар, қалталары, есіктері ретімен орналасқан, бала өз қалауы бойынша ала алатын, жылжытатын, бүктейтін үйшік түрінде ұсынылған.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, бұл оқу-дидактикалық құрал мұғалімге бастауыш сынып жасындағы балалардағы сөйлеуді дамыту процесіне шығармашылық тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді [14].

Лэпбуктың құрылымы:

«Сиқырлы саяхат» дидактикалық құралы – бұл бастауыш сынып жасындағы балалардың сөйлеуін дамыту үшін қызықты танымдық сабақтарды ұйымдастыруға арналған нағыз қазына кітабы. Лэпбук қалталарының жиынтығы кез-келген әрекетті сөйлеу дамуының ерекшеліктерін зерттеу үшін қызықты саяхатқа айналдырады.

Лэпбук құрылымы жағынан сөздік қорды, байланыстырып сөйлеуді дамытуға арналған тапсырмалар жиынтығы мен өз бетінше орындауға арналған тапсырмалар жиынынан тұрады.

Лэпбук бойынша балалармен 1 ай жұмыс жүргізіліп, қайталама сынақ өткізілді. Алынған нәтиже төменде берілді.

### Кесте 3. Зерттеудің қорытынды нәтижелері

Оқушының реттік нөмірі	«Такт» әдісі, балл (дейін)	«Такт» әдісі, балл (кейін)	«Сиқырлы сандық» әдісі, балл (дейін)	«Сиқырлы сандық» әдісі, балл (кейін)
1	1	2	2	1
2	2	2	1	2
3	1	1	1	1
4	2	2	2	1
5	1	2	1	2
6	1	1	1	2
7	2	2	1	2
8	2	2	2	1
9	1	2	1	1
10	1	1	1	2

Лэпбук арқылы дамыту жұмысы жүргізілгеннен кейін балалардың жалпы нәтижелері оң динамиканы көрсеткендігін аңғарамыз. Мәселен «Такт» әдісі арқылы бастапқы нәтиже 1,4 баллды құраса, қорытынды нәтиже бойынша орта балл 1,7 баллды құрады. Аталған даму динамикасының оң бағыты балалар үшін маңызды болып саналады. Ал, «Сиқырлы сандық» әдісі бойынша балалардың бастапқы баллдары 1,3 болса, қорытынды сынақта олардың үлесі 1,5-ке дейін артқан. Аталған зерттеу эксперименті лэпбук әдісі арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту мүмкіндігін нақты көрсетті және оны сынақ жүзінде дәлелдеді.

**Қорытынды.** Оқу-дидактикалық оқу құралын қолданудың нәтижесі ауызша және жазбаша сөйлеудің барлық компоненттерін дамыту болып табылады. Сонымен қатар, мұғалімдер мен ата-аналар үшін дидактикалық ойындардағы тапсырмалардың дұрыстығын бақылау маңызды.

Лэпбук өзінің жарқын келбетімен балалардың қызығушылығын тудырады және қол жетімді ақпаратты ықшам түрде ұсынудың тамаша тәсілі болып табылады [15].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, лэпбукпен жұмыс балалардың сөйлеу дамуына оң әсер етеді деп қорытынды жасауға болады. Мұндай интерактивті қалта мына нәтижені көздейді:

- балалардың сөздік қорын байыту;
- грамматикалық категорияларды қалыптастыру;
- байланыстырып сөйлеуді дамыту;
- ұсақ моториканы жетілдіру;
- бірлескен ойын тапсырмасын орындауға деген ұмтылысты дамыту.

#### References

- [1] Elena Blokhina, Tamara Likhonova. *Laptop - "knee book" // Hoop. 2015.*
- [2] Veraxa N.E., Veraxa A.N. *Project activity of preschoolers. Manual for teachers of preschool institutions. - M.: Mosaic-Synthesis, 2008.*
- [3] Vakhrushev A.A., Akimova Yu.A., Kochemasova E.E. *Hello, world! Methodological recommendations for educators. - M.: Balass, 2016*
- [4] Martynova N.T. *Laptop as a type of joint activity of an adult and children. [electronic resource]. - Access mode: <https://infourok.ru/proekt-lepbuk-prednaznachen-dlya-sovmestnoy-deyateln...>*
- [5] Khomyakova L. S. *Laptop as a form of joint activity of an adult and a child/ / <http://detsad-detstvo.ru/konkurs-zdorovyie-deti-zdorovaya-strana/konkursnyie-materialyi/opyit-pedagogov/tvorcheskaya-masterskaya-pedagogov/lepbuk-kak-forma-sovmestnoy-deyatelnosti-vzroslogo-i-rebenka>*
- [6] Lukashuk O.S. *Laptop - a new form of organization of educational activities / <http://www.maam.ru/detskijsad/lyepbuk-novaja-forma-organizaci-obrazovatelnoi-deyatelnosti.html>*
- [7] Meiramova S. *Mektep zhasyna deyingi tarbieh. - A.: YEU Khabarshysy. – 2018.*
- [8] Bogush A.M. *Zhana zamangy okytu adisteri. - K.: Zhogary Mektep. - 2007*
- [9] Bondarenko A. K. *Laptop-balanyn shygarmashylyk kabiletin damytu kuraly retinde. - M.: Agart. - 2011.*
- [10] Omarov M. A. *Mektep zhasyna deingi balalardi tarbieleu zhane okytu bagdarlamasy. - A.: Folio. - 2010*
- [11] Gatovskaya D. A. *Laptop as a learning tool // Problems and prospects of education development: Materials of the VI International Scientific Conference. - Perm: Mercury, 2015.*
- [12] Okhunova Sh.K. *Development of written speech in teaching a foreign language, [https://dovosp.ru/insertfiles/files/VAK/2016\\_09/5.pdf](https://dovosp.ru/insertfiles/files/VAK/2016_09/5.pdf)*
- [13] Silkina E. N. *Modern approaches to the speech development of children in preschool / E. N. Silkina [Electronic resource]. - URL: <http://silkina.teacher38.ru>*
- [14] Nurislamova A.D., Davydova N. S., Tazova Yu. S. *Laptop in the work of teachers of preschool education. - Samara: LLC "ASGARD Publishing House", 2016.*
- [15] Gabidullina E.V. *Laptop and its possibilities in the development of older preschool children: a scientific and practical peer-reviewed journal // ed. Col.: A.K.Kolesnikov (chief editor), L. V. Kolomiychenko (Deputy Chief editor). - Perm, 2015.*

З.М. Садвакасова<sup>1</sup>, З.Б. Мадалиева<sup>1</sup>, О.Х. Аймаганбетова<sup>1</sup>, Н.М. Садықова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ӨТІРІКТІ ТАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ НЕГАТИВТІ ЭМОЦИЯЛАР

*Аңдатпа*

Мақалада халықаралық тәжірибеде адамның эмоциясын ашудың полиграфология, психология және психофизиология саласындағы заманауи технологияларын зерттеуге тарихи көзқарас ұсынылған. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – эмоционалдық сфера арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін және адам бойындағы өтіріктерді анықтау тәсілдерін анықтау. Қарқынды дамып келе жатқан қоғам бақылау кезінде назардан тыс қалуға болатын көбірек заманауи технологияларды ұсынады, бірақ психологиялық білімнің аппараты мен білімі адамның табиғаты мен мінез-құлқының, тіпті оның ниеті мен көзқарасының толық бейнесін құруға көмектеседі. дұрыс және сенімді қорытынды жасау.

Өтірік мақұлданбаған әлеуметтік және азғын принциптер мен нормалардың фондында ерекшеленеді; жалған мінез-құлық тізбектегі қоғамдағы басқа теріс ағымдарға әсер етудің жол берілмейтін және тиімсіз үлгісі болып саналады. Өтірік детекторының аппараты – бұл өзектілік пен адекваттылық призмасы арқылы жағдайды кешенді бағалау, басқа адамды түсіну қабілеті, эмоциялардың табиғатын түсіну қабілеті. Сындрлы және сауатты емтихан - эмоционалды интеллект деңгейімен анықталатын қоғамдағы бейбіт өмірдің кілті.

Мақалада адам эмоцияларын зерттеудің заманауи тәсілдері ұсынылған және зерттеушілердің өтірік детекторлық аппаратына тарихи үлесі берілген.

**Түйінді сөздер:** эмоционалды интеллект, мимикрия, ым-ишара, полиграф.

Садвакасова З.М.<sup>1</sup>, Мадалиева З.Б.<sup>1</sup>, Аймаганбетова О.Х.<sup>1</sup>, Садықова Н.М.<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби  
г. Алматы Казахстан

## СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ РАСПОЗНАВАНИЯ ЛЖИ И НЕГАТИВНЫХ ЭМОЦИИ

*Аннотация*

В статье представлен исторический подход изучению современных технологий в области полиграфологии, психологии и психофизиологии выявления эмоций человека международного опыта. Главной целью данного исследования является выявление особенностей взаимосвязи между эмоциональной сферой и подходов выявления лжи у человека. Быстро развивающееся общество предлагает все более современные технологии, которые можно не заметить в наблюдении, но аппарат и знание психологических знаний помогут выстроить целостную картинку о природе и поведении человека, а тем более его намерения и установки и сделать верное и достоверное заключение.

Ложь выделяется на фоне неодобренных социальных и аморальных принципов и норм; лживое поведение считается неприемлемой и неэффективной моделью влияющее цепочкой на другие негативные тенденции в обществе. Аппарат детектор лжи, это комплекс оценки ситуации через призму уместности и адекватности, способности к пониманию другого человека, способность к пониманию природы эмоций. Конструктивное и грамотное обследование является залогом мирного проживания в обществе, который может быть определен уровнем эмоционального интеллекта.

В статье приводятся современные подходы исследования эмоций человека и представлен исторический вклад исследователей в аппарат детектора лжи.

**Ключевые слова:** эмоциональный интеллект, мимикрия, жесты, полиграф.



Sadvakasova Z.M.<sup>1</sup>, Madalyeva Z.B.<sup>1</sup>, Aimaganbetova O.X.<sup>1</sup>, Sadykova N.M.<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Kazakh National University named after Al-Farabi  
Almaty, Kazakhstan

## MODERN TECHNOLOGIES OF LIE RECOGNITION AND NEGATIVE EMOTIONS

### Abstract

The article presents a historical approach to the study of modern technologies in the field of polygraphology, psychology and psychophysiology of detecting human emotions of international experience. The main purpose of this study is to identify the features of the relationship between the emotional sphere and approaches to detecting lies in humans. A rapidly developing society offers more and more modern technologies that can be overlooked in observation, but the apparatus and knowledge of psychological knowledge will help to build a holistic picture of the nature and behavior of a person, and even more so his intentions and attitudes, and make a true and reliable conclusion.

Lying stands out against the background of unapproved social and moral principles and norms; lying behavior is considered an unacceptable and ineffective model that influences other negative trends in society in a chain. The lie detector device is a complex assessment of the situation through the prism of relevance and adequacy, the ability to understand another person, the ability to understand the nature of emotions.

Constructive and competent examination is the key to peaceful living in society, which can be determined by the level of emotional intelligence.

The article presents modern approaches to the study of human emotions and presents the historical contribution of researchers to the lie detector apparatus.

**Keywords:** emotional intelligence, mimicry, gestures, polygraph.

Аталған зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (№ АР 09259875 грант "ҚР қарулы күштері әскери қызметкерлерінің жағымсыз эмоционалды жағдайларын айқындау алгоритмдерін әзірлеу", жетекшісі Мадалиева З.Б.).

### Кіріспе


Адамдар өтірік пен алдауды өз мақсаттарына жету үшін пайдаланды, біреулер пайдакүнемдік үшін, ал біреулер жақсылық үшін. Бірақ басқа адамның эмоцияларын қалай анықтауға және түсінуге болатындығы және басқа адамның эмоцияларын тәжірибеде анықтау және түсінудің қандай технологиялары, тәсілдері, әдістері бар екендігі мақалаға арналады.

Адамның эмоциясын келесі нүктелер арқылы оқуға болады: мимика, сөздер мен ым-ишара, адамның бет-әлпетін (өңі, көзі). Толығырақ қарастырайық.

### Негізгі бөлім

#### 1. Микромимикаларды талдау.

Мимикрияны талдау бет бұлшықеттерінің шағын қозғалыстарын «оқуға» қабілетті. Электродтар бет бұлшықеттерінің қозғалысын «өлшейді», содан кейін мимикадағы үлгілерді танитын машиналық оқыту алгоритмін пайдаланады. 1-суретті қараңыз



Сурет.1 Бет әлпетіндегі үлгіні тану

Бұлшықеттердің өздігінен кернеуінің схемасы әркім үшін әртүрлі. Ғалымдар мүлдем басқа екі нұсқаны (үлгілерді) тіркеді. Кейбір қатысушылар үшін өтірік кезінде тек суперцилиарлы бұлшықет (Corrugator supercilli) әрекет етті. Қалғандарында маңдай қозғалысыз қалды, бірақ ауыз бұрышын көтеретін бұлшықет (Zygomaticus major) жиырылды. Екі бұлшықет те эмоционалды мимикада маңызды рөл атқарады. Леватор бұрыштық бұлшықет күлімсіреу бұлшықеті ретінде қызмет етеді және жағымды

сезімдер мен күлкімен байланысты. Бірақ қастарды қозғалтатын бұлшықет теріс эмоциялар мен наразы бет әлпетімен көбірек байланысты.

## 2. Сөздер мен ым-ишараны талдау [2]

2015 жылы Мичиган университетінің мамандары 75% жағдайда өтірікті тануға мүмкіндік беретін бағдарлама әзірледі.

• необходимость участия родителей в обучении школьников, еще не научившихся свободно ориентироваться на новых образовательных платформах и т.п.

Безусловно, если работать над этими проблемами и далее развивать дистанционное обучение, то возможно усовершенствовать систему образования по ряду аспектов.

При этом, психоэмоциональный фактор удаленного обучения остается наиболее сложным для исследования и усовершенствования.

Вышесказанное обуславливает актуальность исследования психоэмоциональной сферы школьников в условиях дистанционного обучения в период пандемии COVID-19.

**Целью** исследования было выявление особенностей самочувствия, общей активности и настроения обучающихся образовательных организаций гуманитарного и технического профиля, вынужденно находившихся на дистанционном обучении с 22.03.2020 по 25.05.2021 в связи с карантином.

В указанный период школы и колледжи Казахстана работали по системе дистанционного образования, в том числе через радио, телевидение и почту. По данным МОН РК, непосредственно интернет-платформами пользовались 2,4 миллиона школьников и учителей.

Дистанционное обучение производилось в разных форматах [9]:

• Через интернет-платформы, такие, как Bilimland, DarynOnline и Kundelik – ими пользуются более 2,4 млн. учащихся и педагогов.

• Через телевизионные каналы «Ел Арна» и «Балапан» – более 800 тыс. учащихся смотрели телевизионные уроки.

• Через почту — для детей, проживающих в населённых пунктах, где нет школ.

• Через радиоканал Qazaq Radiosy.

#### **Методология и методы исследования**

Участниками нашего исследования стали 410 обучающихся Каскеленского гуманитарно-технического колледжа. Средний возраст испытуемых – 16 лет. Обследование проведено в мае 2021 года, что позволило нам провести анализ влияния дистанционного обучения, которое в течение всего учебного года было основной формой организации обучения, на психоэмоциональное состояние учащихся колледжа.

**Методикой исследования** стал онлайн-опрос «Самочувствие, общая активность, настроение» [10]. Данная методика, разработанная авторским коллективом (В.А. Доскин, Н.А. Лаврентьева, М.П. Мирошников, В. Б. Шарай), содержит 30 вопросов, на каждый из которых необходимо дать положительный, либо отрицательный ответ («да»/«нет»). Методика позволяет выявить психологические особенности обучающихся по 15 факторам, отражающим их психоэмоциональные состояния.

#### **Результаты**

По результатам исследования выявились особенности психоэмоционального состояния обучающихся.

Таблица 1 - Показатели психоэмоционального состояния учащихся по методике «Самочувствие, общая активность, настроение»

Факторы	Subquestion (Вопрос)	Answers (Ответы)		
		1	2	Valid (Количество испытуемых)
Q1a	Самочувствие хорошее	280 68%	130 32%	410 100%
Q1b	Самочувствие плохое	120 29%	290 71%	410 100%
Q2a	Чувствую себя сильным	280 68%	130 32%	410 100%
Q2b	Чувствую себя слабым	170 41%	240 59%	410 100%
Q3a	Пассивный	200 50%	200 50%	400 100%
Q3b	Активный	250 64%	140 36%	390 100%
	Subquestion (Вопрос)	Answers (Ответы)		
		1	2	Valid (Количество испытуемых)

Q4a	Малоподвижный	140 36%	250 64%	390 100%
Q4b	Подвижный	250 64%	140 36%	390 100%
Q5a	Веселый	280 70%	120 30%	400 100%
Q5b	Грустный	200 49%	210 51%	410 100%
Q6a	Хорошее настроение	260 63%	150 37%	410 100%
Q6b	Плохое настроение	190 48%	210 53%	400 100%
Q7a	Работоспособный	270 68%	130 33%	400 100%
Q7b	Разбитый	130 32%	280 68%	410 100%
Q8a	Полный сил	260 63%	150 37%	410 100%
Q8b	Обессиленный	210 54%	180 46%	390 100%
Q9a	Медлительный	170 41%	240 59%	410 100%
Q9b	Быстрый	240 60%	160 40%	400 100%
Q10a	Бездеятельный	150 37%	260 63%	410 100%
Q10b	Деятельный	280 70%	120 30%	400 100%
Q11a	Счастливый	240 59%	170 41%	410 100%
Q11b	Несчастный	210 51%	200 49%	410 100%

	Subquestion (Вопрос)	Answers (Ответы)		
		1	2	Valid (Количество испытуемых)
Q12a	Жизнерадостный	230 56%	180 44%	410 100%
Q12b	Мрачный	190 49%	200 51%	390 100%
Q13a	Напряженный	190 46%	220 54%	410 100%
Q13b	Расслабленный	260 65%	140 35%	400 100%
Q14a	Здоровый	240 59%	170 41%	410 100%
Q14b	Больной	190 46%	220 54%	410 100%
Q15a	Безучастный	160 39%	250 61%	410 100%
Q15b	Увлеченный	240 60%	160 40%	400 100%



1. 68% опрошенных учащихся обладали хорошим самочувствием на момент прохождения опроса. В тоже время 29% сообщили о плохом самочувствии.

2. «Чувствую себя сильным» такой ответ дали 68% опрошенных школьников. «Чувствую себя слабым» - отметили 41%. При этом, 9% указали одновременно на «силу» и «слабость» в своем самочувствии.

3. 64% отметили, что остаются активными на карантине. 50% отметили пассивность в своем поведении. При этом 14% сообщили о чередовании периодов активности и пассивности в своем режиме.

4. 64% сохранили подвижность во время карантина. 36% напротив стали малоподвижными.

5. 49% описали свое настроение как «грустный». Соответственно 51% чувство грусти не было свойственно на карантине. При этом, «веселыми» на момент опроса охарактеризовали себя 70%. Соответственно 19% испытывали колебания в настроении между ощущением веселья и грусти.

6. 48% сообщили о плохом настроении. 63% не испытывали эмоционального упадка. 11% испытывали эмоциональную неустойчивость.

7. Работоспособность сохранили 68% опрошенных школьников. 32% сообщили об ощущении «разбитости».

8. Характеристика «полный сил» подтвердилась у 63%. При этом обессиленными чувствовали себя 54%.

9. 41% отметили у себя медлительность. 60% охарактеризовали себя как «быстрый».

10. Деятельными назвали себя 70%.

11. «Несчастный» - описали себя 51%.

12. Жизнерадостными назвали себя 56%.

13. Расслабленность отметили у себя 65%. 46% назвали себя напряженными.

14. 60% сохранили увлеченность. 39% отметили у себя безучастность к происходящему.

15. Усталость отметили у себя 40% участников опроса. 60% чувствовали себя отдохнувшими.

16. Сонливость отметили у себя 53%. 55% выявили у себя возбужденность.

17. 37% обнаружили у себя разочарование. При этом 67% сообщили о том, что они полны надежд.

### **Обсуждение**

Исследование самочувствия, общей активности и настроения старших школьников в период карантина приводят к следующим выводам: необходимость учиться дистанционно отразилась в основном на настроении учеников, что могло быть продиктовано общественными переживаниями по поводу пандемии. Половина опрошенных описали свое состояние как «грустный», 51% согласились с характеристикой - «несчастный».

Кроме того, в условиях дистанционного обучения, отсутствие эмоционального взаимодействия с учителем способно «дезактивировать» старшего школьника, то есть погрузить его в состояние вялости и сонливости: 68% испытуемых сохранили работоспособность, но многие из них согласились со следующими характеристиками: «сонливый» (53%), «равнодушный» (56%). Это объясняется также тем, что обучающийся вынужден концентрироваться не только на учебном материале, но также на работе своего компьютера (компьютер или смартфон в подобных ситуациях становится непосредственным проводником информации между учителем и учеником, то есть своего рода «участником» учебного процесса).

Следует отметить, согласно некоторым исследованиям, обезличивание субъектов образовательного процесса, их «переход» в виртуальный мир приводит к сенсорной деградации в общении [12]. Виртуальный характер дистанционного обучения негативно влияет и на профессиональную самоидентификацию учащихся и учебную мотивацию [11]. При этом, как утверждают авторы, осуществление психологического сопровождения учебного процесса может успешно помочь субъектам овладевать приемами саморегуляции психоэмоционального состояния в период вынужденной самоизоляции [13].

Результаты проведенного исследования показали необходимость изучения особенностей эмоционально-волевой сферы школьников в целях подготовки качественных, психологически обоснованных, программ и методик дистанционного обучения.

Отметим, что современные исследования дистанционного образования показывают, что и другие характеристики обучающегося, такие как мотивация и прошлый опыт, могут стать предикторами успеваемости в онлайн-обучении [14, с.31-39]. В целях предотвращения низких показателей школьной успеваемости также важно учитывать показатели удовлетворенности процессом онлайн обучения.

### **Заключение**

В завершение, хотелось бы отметить, что в настоящее время факторы воздействия дистанционного обучения на психоэмоциональную сферу школьника изучены недостаточно. Следовательно, при разработке программ онлайн-обучения необходимо проводить соответствующие психолого-педагогиче-

ческие исследования. При этом следует помнить, что «ни одна технология не заменит потребностей людей в сенсорных ощущениях, проявлении чувств к другому человеку, что благоприятно сказывается на укреплении иммунитета человека, а в некоторых случаях, и способствует улучшению самочувствия при определенных заболеваниях [15].

Вышеперечисленные меры позволят выявить и предотвратить потенциальные риски возникновения проблем, связанных с особенностями формирования и развития психических свойств и процессов учащихся.

*References:*

[1]. *Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 12 dekabrya 2017 goda № 827 Ob utverzhenii Gosudarstvennoj programmy «Cifrovoy Kazahstan» (s izmeneniyami i dopolnениями по sostoyaniyu na 20.12.2019 g.) [Elektronnyj resurs] URL: <https://primeminister.kz> (data obrashheniya: 26.06.2021)*

[2]. Antonini Philippe, R., Schiavio, A., Biasutti, M. *Adaptation and destabilization of interpersonal relationships in sport and music during the COVID-19 lockdown // Heliyon, vol. 6, no. 10, art. 2020 [Elektronnyj resurs] <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2020.e05212>*

[3]. Uddin, M. A. *Personal and motivational aspects of students studying in traditional face-to-face system and distance education system // Psihologiyaipsihotekhnika. – M., 2014. – №2.*

[4]. Trofimov M. V. *Osobennosti psihologicheskoy distancii v usloviyah social'noj izolyacii v period pandemii // Molodoj uchenyj. — 2021. — № 2 (344). — S. 170-172. — [Elektronnyj resurs] URL: <https://moluch.ru/archive/344/77352/>*

[5]. Antonini Philippe, R., Schiavio, A., Biasutti, M. *Assessing teachers' perspectives on giving music lessons remotely during the COVID-19 lockdown period // Heliyon, vol. 7, no. 11, art. 2021*

[6]. Biasutti, M., Concina, E. *Online composition: Strategies and processes during collaborative electroacoustic composition. // British Journal of Music Education, 1-16, 2020.*

[7]. Bruks S.K., Uebster R.K., Smit L.E., Vudlend L., Vesseli S., Grinberg N., Gideon D.R. *Psihologicheskoe vozdejstvie karantina i sposoby ego snizheniya: bystryj obzor fakticheskikh dannyh // TheLancet. TOM 395, Vypusk 10227, 14 marta 2020.*

[8]. Uddin Md. Akther. *Cravnitel'nyj analiz lichnostnyhi motivacionnyh osobennostej studentov ochного i distancionnogo obucheniya. – avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata psihologicheskikh nauk. - Moskva – 2014.*

[9]. *«Vse shkoly rabotayut v normal'nom rezhime: MON RK Ob itogah vtoroj nedeli distancionnogo obucheniya». Oficial'nyj informacionnyj resurs prem'er-ministra RK. [Elektronnyj resurs] URL: <https://primeminister.kz> (data obrashheniya: 26.06.2021)*

[10]. Rajgorodskij D. YA. *Prakticheskaya psihodiagnostika. Metodiki i testy // M.: Bahrah-M, 2011.*

[11]. Mustafayeva S.A., Satova A.K. *Psycho-emotional factor of distance learning in Kazakhstan during the pandemic // ICEMIS'20: Proceedings of the 6th International Conference on Engineering & MIS- 2020 - Article No.: 21, pp. 1–4. [Elektronnyj resurs] URL: <https://doi.org/10.1145/3410352.3410753>*

[12]. Yur'ev G. P. *Klassifikacionnye, terminologicheskie i sushchnostnye aspekty virtual'nogo tvorcheskogo myshleniya cheloveka. // Perekhodnanovuyu model' zdravoohraneniya: med. i dr. tekhnologii : sb. k 60-letiyu Polikliniki № 1 RAN. M.: Nauka, 2006.*

[13]. Markova I.I., ZHavoronkova A. A. *Priemy samoregulyacii psihicheskikh sostoyanij studentov v situacii vynuzhdennoj samoizolyacii. - Materials of the international scientific-methodical conference on the topic “Role of psychological science and practice in solving social problems of society ” dedicated to the 60th anniversary of the birth of Doctor of Psychological Sciences, Professor, Academician of KazNAEN Mukhan Atenovich Perlenbetov and the II Congress of the RPO “Kazakh Psychological Society”. - Almaty, 2021. – s.26-28.*

[14]. Boyd, D. *The characteristics of successful online students. // New Horizons in Adult Education, 18(2), 2004*

[15]. Idileva S.V. *Vliyanie social'noj izolyacii pri pandemii na psihicheskoe sostoyanie cheloveka. - Materials of the international scientific-methodical conference on the topic “Role of psychological science and practice in solving social problems of society ” dedicated to the 60th anniversary of the birth of Doctor of Psychological Sciences, Professor, Academician of KazNAEN Mukhan Atenovich Perlenbetov and the II Congress of the RPO “Kazakh Psychological Society”. - Almaty, 2021. – s.23-26.*

Б.П. Мырзатаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Тұран университеті, Қазақстан, Алматы қ.

## БАЛАЛАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ: ДИАГНОСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ

*Аңдатпа*

Мақалада бірқатар шетелдік және ресейлік ғалымдардың тұлғаның этномәдени бағытталуына әсер ететін факторлар, этномәдени бағдар мен ұстанымдардың негізгі типтері туралы тұжырымдамаларына талдау жасалады. Баланың этномәдени бағыттылығы біртіндеп этностық дәстүрлерді игеруі арқылы пайда болатын этностық сезімдердің, өз халқын сезуінің, нақты географиялық орынға бауыр басу сезімінің нәтижесінде қалыптасатыны баяндалады.

Автор 6-7 жастағы балалардың өз этностық мәдениетіне оң баға беріп, оған бағытталуы үшін өз этностық тобының мәдени нормалары мен мінез-құлық ережелерін, құндылық бағдарларын, рухани және материалдық салт-дәстүрлерін өзінің «Менімен» байланыста түйсініп, ұғынуы және қабылдауы қажет деген тұжырымын ұсынады.

Сонымен қатар, эксперименттік зерттеуінің барысында аталған жастағы қазақ балаларының этномәдени бағыттылығының деңгейлерін диагностикалау үшін жаңадан әзірлеген түпнұсқалық авторлық әдістемелерінің теориялық негіздемелерімен және сипаттамаларымен таныстырады.

**Түйінді сөздер:** этностық қауымдастық, этностық сәйкестену, этномәдени бағдар мен ұстаным, этномәдени бағыттылық, салттар мен дәстүрлер этностық сезімдер, өз халқын сезу, бауыр басу сезімі, 6-7 жас аралығындағы балалар, диагностикалау, авторлық психодиагностикалық әдістемелер.

Мырзатаева Б.П.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Университет "Туран", г. Алматы, Казахстан

## ПРОБЛЕМА ЭТНОКУЛЬТУРНОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ ДЕТЕЙ: ДИАГНОСТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

*Аннотация*

В статье анализируются концепции ряда зарубежных и российских ученых о факторах, влияющих на формирование этнической культуры личности, основных типов этнокультурных ориентаций и установок. Отмечается, что этнокультурная направленность ребенка формируется в результате этнических чувств, через внутренние переживания, чувства сопричастности к конкретному географическому положению, постепенно проявляющиеся в ходе овладения этническими традициями.

Автор предлагает определенный вывод: для того, чтобы дети 6-7 лет дали положительную оценку своей этнической культуре и были ориентированы на нее, необходимо осознавать, понимать и принимать культурные нормы и правила поведения, ценностные ориентации, духовные и материальные традиции своей этнической группы со своим «Я» статусом.

Помимо этого, автор знакомит с теоретическими обоснованиями и описаниями оригинальных авторских методик, разработанных в ходе экспериментального исследования для диагностики уровней этнокультурной направленности казахских детей данного возраста.

**Ключевые слова:** этническая общность, этническая идентичность, этнокультурная ориентация и позиция, этнокультурная направленность, обычаи и традиции, этнические чувства, чувство братства, дети 6-7 лет, диагностика, авторские психодиагностические методики.

В.Р. Мырзатаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>"Turan" University Almaty, Kazakhstan

## THE PROBLEM OF THE ETHNOCULTURAL ORIENTATION OF CHILDREN: A DIAGNOSTIC ASPECT

*Abstract*

The article analyzes the concepts of a number of foreign and Russian scientists about the factors influencing the formation of an individual's ethnic culture, the main types of ethnocultural orientations and attitudes. It is noted that the ethno-cultural orientation of the child is formed as a result of ethnic feelings, through inner

experiences, feelings of belonging to a specific geographical location, gradually manifesting itself in the course of mastering ethnic traditions.

The author suggests a certain conclusion: in order for children of 6-7 years old to give a positive assessment of their ethnic culture and be oriented towards it, it is necessary to be aware, understand and accept the cultural norms and rules of behavior, value orientations, spiritual and material traditions of their ethnic group with their own "I" status.

In addition, the author introduces the theoretical justifications and descriptions of the original author's methods developed in the course of an experimental study to diagnose the levels of ethno-cultural orientation of Kazakh children of this age.

**Keywords:** ethnic community, ethnic identity, ethnocultural orientation and position, ethnocultural orientation, customs and traditions, ethnic feelings, sense of brotherhood, children aged 6-7, diagnostics, author's psychodiagnostic methods.

### ***Kіріспе***

Қазіргі таңда адам тез өзгеретін шындықпен жиі бетпе-бет келетіндіктен, өзінің кім екенін және қандай құндылықтарды басшылыққа алу керектігін анықтауы өте маңызды. Осы орайда оған дүниенің тұтастығын нақтырақ анықтауға және өзінің «Менінің» тұтастығын құруға көмектесетін этностық қауымдастық болып табылады.

Топқа қатыстылықтың маңыздылығын алғашқылардың бірі болып айтқан К.Левин. Ол «адам сәттілікке жету үшін, топпен сәйкестену сезімін қалыптастыруға қажетсінеді» деген. К.Левиннің пікірінше, топ индивидке ыңғайлы өмір сүрудің белгілі бір деңгейін қамтамасыз ететін әлеуметтік тұғыры. Көптеген адамдар үшін мүше болатын осындай маңызды топтардың бірі этностық топтар болып есептеледі [1]. Ал бұл адамның этномәдени сәйкестенуінің нәтижесінде іске асатын этномәдени бағыттылығын жан-жақты қарастыруды өзекті етеді.

### ***Зерттеу әдіснамасы***

Г.У. Солдатованың, Т.Г. Стефаненконың пікірлерінше, этностық сәйкестену – бұл этностық қауымдастықпен өзінің ұқсастығын ұғыну ғана емес, оны бағалау, оған мүше болудағы мәнділік, бөлісетін этностық сезімдер [2, 3]. Сонымен бірге Г.У. Солдатова этностық сәйкестенуге байланысты ерекше маңызды мәселені, Г. Тешфел мен оның әріптестері жасаған әлеуметтік-психологиялық тұжырымдама-сындағы төмендегі теориялық ережелерді атап көрсетеді:

1. Жеке адам өзін қандай да бір топтың мүшесі ретінде сезіне отырып, оны оң бағалауға тырысады, осылай топтың мәртебесін және өзінің өзіндік бағасын көтереді. Топтар арасында тарихи жауласу немесе тіпті жәй салқын қатынас, мүдделерінде шын мәніндегі жанжал болмаса да өзінің тобына қарай позитивті бейімделу – бұл табиғи әлеуметтік-психологиялық механизм.

2. Сәйкестенудің сапасы мен мәні әлеуметтік категоризациялаудың логикалық операцияларымен және өз тобын былайғы топтармен мәнді көрсеткіштердің қатары бойынша салыстыру арқылы анықталады. Топтық айырмашылық ерекше байқалған кезде, адам жеке тұлға тұрғысынан емес, өз тобының мүшесі тұрғысынан жауап бере бастайды.

3. Когнитивті компонент эмоциялықпен ажырамас байланыста. Топқа мүше болудағы эмоциялық мәнділік – идентификация процесінің маңызды жағы. Сәйкестенудің эмоциялық компоненті өзінің топқа қатыстылығының түрлі сезімдік (сүйіспеншілік, жек көру, ренжу, т.б.) формадағы қобалжуынан тұрады [2, 658 б.].

Ал ағылшын ғалымы М.Баррет этномәдени сәйкестенудің аффективті компонентінің бірнеше құраушы бөліктерінің бірі ретінде ұлттық территорияға эмоциялық бауыр басушылықты атаған [4].

Р.А. Тагирова Э.Ф. Звездинаның, Ю.В. Бромлей мен В.И. Козловтың ұлттық өзіндік сананың маңызы және ішкі анықтаушы туралы пікірлерін талдай келіп, *салттар* мен *дәстүрлерді ұлттық өзіндік сананың ең тұрақты құбылысы* ретінде белгілейді. Олар ұзақ эволюция процесінде өндіріліп, ұрпақтан-ұрпаққа беріледі және адамдардың санасында берік орныға отырып, рухани қажеттіліктеріне және олардың бірігуі мен ұйымдасуының қуатты құралына айнала айналады. Әлеуметтік құбылыс ретінде олар тұлғаның өмірлік ұстанымдары мен сенімдеріне де қатысады. Осылай тұлғаның мотивациялық белсендігіне ықпал етеді [5].

Г.В. Старовойтова [6], этносаралық өзара ықпалдасудағы және мәдени тұтынулардағы тұлғаның нақты ұстанымдарын болжауға мүмкіндік беретін, этномәдени бағдар мен ұстанымдардың үш негізгі типін бөледі:

1) ұлттық ұстаным тұлғаның және адамдар тобының (ұлттық қауымдастық өкілдерінің) өздерінің ұлттық дәстүрлеріне сәйкес айрықша сезімдерінің, интеллектуалдық-танымдық және ерік белсенділігінің, өзара әрекеттесуінің, қарым-қатынас динамикасы мен сипатының және т.б. көрінуіне іштей дайындығының нақты жағдайы ретінде түсінілуі керек.

2) әлеуметтік ұстанымның негізін ұлттық таптаурындардан іздеу керек. Өйткені ұлттық таптаурындардың қалыптасуы – бұл әлеуметтік шындыққа жауап беру реакциясы, ал шындықтың қандай да бір оқиғасына әрбір реакция ол өзіне қандай қатынасты (маңызды немесе маңызсыз, қызықты, тартым-ды немесе жеккөрінішті) тудыруымен байланысты пайда болады.

3) ұлттық ұстаным іс-әрекет процесінде қалыптасады. Ол этностық қауымдастық өкілдерінің психикалық тұрпатының «жадына» бекітілген және одан автоматты түрде шығады.

Ғалымдардың жоғарыда айтылған пікірлері мен тұжырымдамаларынан қорытатынымыз, кез келген этномәдениет жүйесінде өз өкілдеріне басқа мәдениеттерге құрметпен қарай отырып, өзінің мәдени құндылықтарын артық көру сезімін және соларға бағыттылуды қалыптастыру механизмі бар. Мұны табиғи қажетті заңдылық деуге болады. Себебі бұл тұлғаның тұтастығы мен өзін-өзі дамытуының шарты ретінде қарастырылатын этностық бірегейлікті қорғау функциясы.

В.С. Мухина әртүрлі этнос өкілдерінің мектепке дейінгі жастағы балаларының өзіндік санасын зерттей келіп, «этностық өзіндік сананың белгілері тұлғаның өзіндік санасының әрбір бөлімін нақты мазмұнмен толықтыратынын, белгілі бір этносқа қатыстылықты сезініп, түсіну өзіндік сананың қалыптасуында ерекше рөл атқаратынын» тұжырымдайды. Ол «этностық өзіндік сананың қалыптасуының негізі – этностық дәстүрлер – тарихи қалыптасқан ойлаудың, сезімдері мен әрекеттерінің бейнесі» деп белгілейді. Біртіндеп дәстүрлердің игерілуі арқылы қалана отырып, этностық өзіндік сана адамдарда этностық сезімдердің, өз халқын сезуінің, нақты географиялық орынға бауыр басу сезімінің, ұлттық мінездің даралануының дамуын шамалайды [7].

Жоғарыда баяндалған ғалымдардың тұжырымдамаларын зерделей келіп, біз 6-7 жастағы балалардың өз этностық мәдениетіне оң баға беріп, оған бағытталуы үшін өз этностық тобының мәдени нормалары мен мінез-құлық ережелерін, құндылық бағдарларын, рухани және материалдық салт-дәстүрлерін өзінің «Менімен» байланыста түйсініп, ұғынуы және қабылдауы қажет деп есептейміз.

Енді әрі қарай біз «Этностық өзіндік сананы қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері (6-7 жастағы балалардың оқу іс-әрекетінің үлгісінде)» [8] тақырыбындағы диссертациялық жұмысымыздың барысында 2000-2003 жылдары балалардың этномәдени бағыттылығын эксперименттік зерттеу үшін өзіміз әзірлеген түпнұсқалық авторлық психодиагностикалық әдістемелерімізбен таныстырамыз. Бұл әдістемелер Алматы және Шымкент қалаларының бірқатар мектепке дейінгі мекемелері мен Оңтүстік Қазақстан облысының (қазіргі Түркістан облысы) ауылдық мектептерінде 342 балаға жүргізіліп, эксперименттік сынақтан өткізілді, жарамдылығы дәлелденді.

### ***Зерттеу әдістері мен нәтижелері***

1. Түрлі халықтардың ұлттық заттарының ішінен өз ұлтының заттарының бірін таңдауына арналған «**Сыйлық**» деп атаған әдістемеміз балалардың өз халқының мәдени мұрасына ішкі рухани қажеттілігін, оларға сүйіспеншілігін анықтауға мүмкіндік береді. Оны ғылыми әдебиеттердегі төмендегі тұжырымдамаларға негіздеп құрастырдық.

Өзін-өзі этностық сәйкестендіруді саналы ұғыну үшін, тұлғаның екі негізгі қажеттілігі маңызды:

1) қауымдастыққа, топқа қатыстылыққа;

2) өз «*Менінің*» өзіндік болмысы мен бірегейлігіне, өзіне сенімділікке, өзгелерге тәуелсіздікке.

Тұлғаға осы бір-бірімен қарама-қайшылықтағы екі қажеттілікті де қанағаттандыру үшін, оларды өзара келістіру керек. Келістіру процесі адамның бір жағынан, қауымға қатыстылыққа өзінің қажеттілігін қанағаттандыра отырып, онымен өзін сәйкестендіріп, «*біз*» сезімін қалыптастыруынан көрінеді. Екінші жағынан, өзіндік ерекшелікке қажеттілікті қанағаттандыра отырып, өзінің қауымдастығын бөліп, өзге қауымдастықтармен салыстыруда оның ерекшелігін анықтауы мен «*олар*» сезімін қалыптастыруынан көрінеді (Л.Г. Почебут, 1995). Бір жағынан, субъектінің қажеттілігіне жауап беретін заттар оның алдында өзінің объективті сигналдық белгілерімен көрінеді. Екінші жағынан – қарапайым оқиғаларда – интероцептикалық тітіркендіргіштер ықпалының нәтижесінде қажетсіну күйінің өздерін де субъекті сигналдандырады, сезімдік бейнелейді. Психологиялық деңгейдегі маңызды өзгеріс, қажеттіліктердің оған жауап беретін заттармен шапшаң байланысуынан тұрады. Қажеттіліктер ішкі күш ретінде тек іс-әрекетте жүзеге аса алуы мүмкін. Мұнда бастысы, заттарды қолдану процесі арқылы қажеттіліктердің тасымалдану фактісін бөлуде. Ал қолдану заттарға қажеттілікпен, оны қабылдаумен немесе оны ойша елестетумен жанамаланады. Мұндай өзінің бейнеленген формасында зат идеалды, іштей итермелейтін түрткі ретінде көрінеді (А.Н. Леонтьев, 1975).

Адамның қоршаған дүниеге қатынасы таңдамалы және ол адамның қажеттілігіне байланысты болып келеді. Бір жағынан, таңдамалылық қажеттіліктің болуының сыртқы көрінісі. Екінші жағынан, әртүрлі қажеттіліктердің адам өміріндегі маңызының бірдей болмауы – онда таңдамалылықтың пайда болуының себебі болып табылады. Таңдамалылықтың пайда болуы белгілі бір жағдайда алдыңғы қатарға өзекті қажеттіліктің шығуының куәсі болады (М.Лисина, Х.Шерязданова, 1989).

Осыған орай, бұл әдістеде **ынталандырушы материал** ретінде, *кружка* (эстон өрнегі салынған), *алжапқыш* (орыс халқының тоқыма өрнегі салынған), қазақ халқының ұлттық ыдыстарынан – *кесе*, *тостаған*, үй мүлкінен – *аяққап*, бас киімінен – *орамал* (басқа салатын) үлгілері көрнекі түрде қағаздан дайындалады. Осындай заттар мен бұйымдарды қағаздан қиып, жапсыруға қажетті құралдар мен жабдықтар (түрлі-түсті қағаздар, қайшылар, желімдер) әр балаға жеке-жеке дайындалады.

**Әдістеменің мақсаты:** балалардың өз халқының материалдық мәдени мұрасына эмоциялық қатынасын, оған ішкі қажеттілігі мен жағымды қабылдауының негізінде этномәдени бағыттылығының деңгейін анықтау.

**Әдістемені жүргізу.** Бұл әдістеме бір жас деңгейіндегі (6-7 жас) балалармен тұтас топпен жүргізіледі. Балаларға осы заттар мен бұйымдардың ішінен әжелеріне (апаларына) сыйлайтын бір затты немесе бұйымды таңдап алып, дайындау ұсынылады.

**Ескерту:** балаларда бұл іс-әрекеттерді орындауға дағдылары қалыптасқан болуы шарт.

**Қосымша әдіс.** Балалардың таңдап, дайындаған алған заты (бұйымы) туралы әңгімелеседі.

- Сен әжеңе (апана) не үшін..... сыйлағың келеді?

- .... саған несімен ұнайды?

**Мәліметтерді өңдеу.**

Тапсырманы орындаудан алынған мәліметтерді өңдеуде балалардың этномәдени бағыттылығының 5 деңгейі анықталады:

**Өте жоғары.** Өз ұлтының заттарының бірін таңдайды, таңдауының себебін ұлттық белгісімен байланыстырады.

**Жоғары.** Өз ұлтының заттарының бірін сана астылық деңгейде таңдайды, таңдау себебін олардың ұнайтындығымен немесе ою-өрнектерінің тартымдылығымен түсіндіреді.

**Орташа.** Өз ұлтының бір затын таңдайды, неге бұл затты таңдағанын айта алады; таңдауының ішкі түрткісі заттың қажеттілігі мен қызметіне және өмір тәжірибесіне байланысты болады.

**Төмен.** Өзге ұлттың заттарының бірін таңдайды, таңдау себебін оның қызметімен, оюының тартымдылығымен түсіндіреді.

**Өте төмен.** Өз ұлтының немесе өзге ұлт заттарының бірін кездейсоқ таңдайды, неге бұл затты таңдағанын мүлдем айта алмайды.

**2. «Қай көрініс ұнайды?»** деп атаған әдістемеміз бірқатар ғалымдардың (Ж. Пиаже, Г. Чепели, И.А. Снежкова және т.б.) «этностық қатыстылықты ұғыну 1) анық сыртқы белгілерімен (ата-аналарының ұлты, туған жері); 2) коммуникациямен (ана тілі, бірін-бірі түсінуі); 3) өзінің елі туралы білімімен (территориясының көлемі, табиғи жағдайлары туралы, тұрғындарының әл-ауқаты және т.б.) байланысты когнитивті элементтер арқылы пайда болады» деген тұжырымдарына сүйеніп жасалды.

Сондай-ақ, ландшафт және климат, топырақтың ерекшелігі мен территорияның көлемі, жұлдызды аспанның суреті және пайдалы қазба байлықтары, флора және фауна т.б. халықтың табиғи тіршілік ортасының қайталанбас өзіндік ерекшелігін құратын көптеген элементтері этностың табиғатпен өзара ықпалдасу ерекшелігіне әсер етеді. Ал бұл өзара ықпалдасу, ғалымдар А.О. Боронаев мен В.Н. Павленконың айтуынша, өз кезегінде ассоциациялардың, танымдық процестердің, коммуникацияның, мінез-құлық таптаурындарының, қоғамдық сананың және өзіндік сананың т.б. түрлі формаларының экологиялық жанамалануында бейнесін табады.

Бұл әдістеде **ынталандырушы материал** ретінде екі сурет дайындалады.

**Біреуінде:** тундра табиғаты мен онда өмір сүретін адамдардың тұрмыс тіршілігі (ярангалар, бұғылар, бұғыға жегілген шанада отырған балалар, ұлттық киімдегі бала мен ит т.б.).

**Екіншісінде:** қазақтың көк жасыл жайлауы, тау етегіндегі киіз үй мен адамдардың тұрмыс-тіршілігі, төрт түлік мал, атқа мініп жарысып, ойнап жүрген балалар.

**Әдістеменің мақсаты:** туған жерге бауыр басушылығы мен сүйіспеншілік сезімінің негізіндегі этномәдени бағыттылығы деңгейін анықтау.

**Әдістемені жүргізу.** Әдістеме 6-7 жас аралығындағы балалармен жеке-жеке жүргізіледі. Балаға екі суретті көрсетіп, мұқият қарап шығып, бір суретті әңгімелеп беру ұсынылады.

**Психологтың жетелеуші сұрақтары:**

- Сен неге бұл суретті таңдап алдың?

- Бұл сурет саған несімен ұнады?

- Бұл суретте не бейнеленген?

**Мәліметтерді өңдеу.** Балалардың суретті таңдау себебін түсіндірулері мен әңгімелеу деңгейін төмендегі кескін бойынша талдайды.

1. Суретті таңдау себебін туған жерге, елге деген сүйіспеншілік сезімімен байланыстырады.

2. Табиғат көрінісін толық қабылдап, бейнелеп айтып береді.

3. Тұрмыс-тіршілік пен адамдардың іс-әрекеттерін жағымды эмоциялық сезімімен байланыстыра отырып, толық әңгімелеп береді.

Балалардың әңгімелеу үшін суретті таңдау мотивіне байланысты мәліметтерді өңдеуде этномәдени бағыттылығының 5 деңгейі анықталады:

**Өте жоғары.** Жайлау көрінісін таңдайды, таңдауының себебін өз елінің табиғатына, тұрмыс-тіршілігіне деген сүйіспеншілік сезімімен саналы байланыстырады.

**Жоғары.** Жайлау көрінісін таңдайды, таңдау себебін ондағы жекелеген заттар мен құбылыстардың ұнайтындығымен, ондағы адамдардың іс-қимылының тартымдылығымен байланыстырады, психологтың көмегіне сүйенеді, өз елінің табиғатына, тұрмыс-тіршілігіне деген сүйіспеншілік сезімі байқалады.

**Орташа.** Жайлау көрінісін таңдап алғанымен, таңдауының себебін анық айтып бере алмай, табиғат көрінісімен байланыстырады, өз елінің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімі аздап байқалады.

**Төмен.** Жайлау көрінісін таңдап алғанымен, таңдау себебін ондағы жыл мезгілімен байланыстырады, өз елінің табиғатына, ұлттық заттар мен құбылыстарға деген сүйіспеншілік сезімі байқалмайды, селқос әңгімелейді.

**Өте төмен.** Тундра көрінісін таңдап алып, әңгімелеуге тырысады. Таңдау себебін ондағы жыл мезгілімен, жекелеген заттар мен құбылыстардың ұнайтындығымен, іс-қимылдың тартымдылығымен байланыстырады.

#### **Қорытынды**

Балалар тек өзінің ғана емес, басқа ұлттардың тарихы мен мәдениетіне де қызығушылық танытады. Бөтен этностық мәдениетпен салыстыра отырып, оларда түрлі этностық қауымдастықтардың этномәдени және этнопсихологиялық ерекшеліктері туралы ойлар мен бағалаулар жүйесі қалыптаса бастайды. Сонымен қатар, балалар тек этностық білімдерді меңгеріп, оларды бағалап қана қоймайды, оған белгілі бір дәрежеде өзінің қатынасын қалыптастырады. Бұл қатынас өз ұлтының материалдық және рухани салт-дәстүрлеріне деген қандай да бір сезімнің пайда болуынан көрінеді.

Балалардың этностық материалдық мәдениетке, туған жерінің табиғаты мен ондағы тұрмыс-тіршіліктің ерекшелігіне қатынасы арқылы этномәдени бағытталуын анықтауда диагностикалық құрал ретінде проективті *әдістемелер қатарына жататын* суретті әдістемелерді пайдалану тиімді болып табылады. Оларда адам өзінің ұғынылмаған қасиеттерін ынталындырушы материалға телиді. Алынған нәтижеде тұлғаның жасырын көңіл-күйі, жағдайы, сезімдері, түсініктері мен қатынастары, ұмтылыстары, қобалжулары т.б. көрінеді. Сондықтан проективті қағидаға негіздеп әзірлеген біздің түпнұсқалық авторлық әдістемелеріміз 6-7 жастағы қазақ балаларының өз халқының мәдени мұрасын қабылдау ерекшелігі мен оған қатынасын, туған жеріне және оның табиғатына сүйіспеншілік сезімін айқындауда мүмкіндігі зор екені ешқандай күмән туғызбайды деп есептейміз. Сондай-ақ, бұл әдістемелерді кез келген этностық топқа қатысты балалардың этномәдени бағыттылығын диагностикалау үшін бейімдеуге болады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Stolin V.V. *Samosoznania lişnosti.* – М.: Изд-во Моск. un-та, 1983. - 284 s.
2. Soldatova G.U. *Etniřeskaia identiřnost/Psihologia samosoznania Hrestomatia.* – Samara: Изд. Dom «Bahrah», 2000. - 672 s.
3. Stefanenko T.G. *Etnopsihologia. Uřebnik dlä vuzov / T.G. Stefanenko.* – 3-e izd., ispr. i dop. – М.: Aspekt Pres, 2003. – 368 s.
4. Akosta A. *Etnokulturnaia identiřnos rebenka: sosialno-psihologiřeskaia harakteristika// Psihologia: aspekty teorii i praktiki.* - № 10 (032), 2011. - S. 337-341. \ <https://cyberleninka.ru/article/n/etnokulturnaya-identichnost-rebenka-sotsialno-psihologicheskaya-harakteristika/viewer>
5. Tagirova R.A. *Vlianie razliřnyh sosiälno-etniřeskih situasii na osobenosti nasionälного samosoznania řeřenskih řkölñikov: dis. kand. psihol. n.: 19.00.07.* – М., 1997. - 187 s.
6. Starovoitova G.V. *Nekotorye metodologiřeskie voprosy opredelenia predmetnoi oblasti etnopsihologii/G.V. Starovoitova // Sosialnaia psihologia i obřestvennaia praktika/otv.red. E.V. řorohova, V.P. Levkoviř.* – М., 1985. – S.130-137.
7. Muhina V.S. *Sovremenoe samosoznanie narodnostei Severa// Psihol. jurnal.* - 1988. - № 4. - S. 44-52.
8. Myrzataeva B.P. *Bilim beru jüiesinde etnostyq özindik sanany qalyptastyru: teoria-praktika. Monografia.* – Almaty: «Türan» - universiteti, 2017. - 160 bet.

С.К. Құдайбергенова<sup>1</sup>, А.Ә. Ансамет<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ПЕДАГОГТЕРДІҢ ӨЗ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАТЫНАСЫН ЗЕРТТЕУ

*Аңдатпа*

Педагогикалық қызметтің тиімділігі көбінесе мұғалімнің өз іс-әрекеті мен эмоцияларын қалай үйлестіре алатындығына ғана емес, сонымен бірге физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқатына да байланысты. Мұғалімдердің денсаулығына деген көзқарасы, әдетте, олардың білімі, сенімдері мен денсаулық туралы идеяларының көрінісі болып табылады. Бұл көзқарас мұғалімдерден олардың оқушыларына дейін таралуы мүмкін, олар халықтың тез өсіп келе жатқан сегментін білдіреді. Қоғамдағы денсаулықты нығайту осы сегментке де байланысты болады. Сондықтан мектеп мұғалімдері өз денсаулығына дұрыс қарым-қатынаста болуы керек және денсаулық туралы жақсы хабардар болуы керек.

Авторлар орыс тілдерінде денсаулыққа қатынас, эмоционалды жану синдромын, физикалық және психологиялық әл-ауқат деңгейінің жай-күйін скрининг-диагностикалауға арналған әдістемелер кешенін педагогтерге жүргізді. Бұл әдістемелер әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылады.

Эмпирикалық зерттеу 2022 жылдың желтоқсан-қаңтар айларында жүргізілді. Зерттеуге барлығы 155 педагог қатысты. Талдау үшін корреляциялық, жиілікті талдау процедуралары, сонымен қатар авторлық сауалнаманы талдау үшін сапалық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері бойынша отандық педагогтердің өз денсаулығына қарым-қатынасының ерекшеліктері қарастырылды және келешекте осы мәселеге қатысты психологиялық көмектің бағдарламасын әзірлеуге, ұсыныстар беруге септігін тигізеді.

**Түйін сөздер:** денсаулыққа қатынас, эмоционалды жану, физикалық және психологиялық әл-ауқат, педагогтер.

*Құдайбергенова С.К.<sup>1</sup>, Ансамет А.А.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

## ИЗУЧЕНИЕ ОТНОШЕНИЯ ПЕДАГОГОВ К СОБСТВЕННОМУ ЗДОРОВЬЮ

*Аннотация*

Эффективность педагогической деятельности во многом зависит не только от того, как учитель может сочетать свои действия и эмоции, но и от физического, психического и социального благополучия. Авторы провели комплекс методик для скрининг-диагностики отношения к здоровью, синдрома эмоционального выгорания, состояния физического и психологического самочувствия на русском языке. Эти методики широко используются в мировой практике.

Эмпирическое исследование проводилось в декабре-январе 2022 года. Всего в исследовании приняли участие 155 педагогов. Для анализа использовались процедуры корреляционного, частотного анализа, а также методы качественного анализа для анализа авторского опроса.

По результатам исследования были рассмотрены особенности отношения отечественных педагогов к своему здоровью и в дальнейшем будут способствовать разработке программы психологической помощи по данному вопросу, выработке рекомендаций.

**Ключевые слова:** отношение к здоровью, эмоциональное выгорание, физическое и психологическое благополучие, педагоги.

*Kudaibergenova S.K.<sup>1</sup>, Apsamet A.A.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

## STUDYING THE ATTITUDE OF TEACHERS TO THEIR OWN HEALTH

*Abstract*

The effectiveness of pedagogical activity largely depends not only on how a teacher can combine actions and emotions, but also on physical, mental and social well-being. The authors conducted a set of methods for screening diagnostics of attitudes to health, emotional burnout syndrome, physical and psychological well-being in Russian. These techniques are widely used in world practice.



The empirical study was conducted in December-January 2022. A total of 155 teachers took part in the study. For the research, correlation and frequency analysis procedures were used, as well as qualitative analysis methods for analyzing the author's survey.

According to the results of the study, the peculiarities of the attitude of domestic teachers to their health were considered and will further contribute to the development of a program of psychological assistance on this issue and the development of recommendations.

**Keywords:** attitude to health, emotional burnout, physical and psychological well-being, teachers.

### Кіріспе

**Зерттеу өзектілігі.** Жалпы білім беретін мектептің мұғалімі өзінің кәсіби және әлеуметтік рөлі бойынша оқу-тәрбие процесінің негізгі тұлғасы, арнайы білімнің тасымалдаушысы, сондай-ақ мінез-құлық пен денсаулыққа көзқарастың үлгісі болып табылады. Сонымен қатар, мұғалімнің білім беру қызметінің сәттілігі мен тиімділігі оның кәсіби құзіреттілігімен ғана емес, сонымен бірге оның психофизиологиялық және физикалық әл-ауқатына, оның денсаулығы мен оқушылардың денсаулығына адекватты көзқарасына байланысты. Сонымен педагогтердің денсаулығының маңыздылығы Қазақстан Республикасының 2019 жылы бекітілген «Педагог мәртебесі» заңнамасында белгіленген тәртіппен профилактикалық медициналық тексеруден өтуге міндетті екенін де көрінеді.

Педагогикалық мамандық әр түрлі аурулардың пайда болуының ең айқын кәсіби тәуекел тобына жатады, ал қазіргі кездегі мұғалімдердің денсаулығының нашарлауының маңызды себептерінің бірі - олардың өз денсаулығына, салауатты өмір салтын сақтауға, денсаулықты құндылық ретінде бағаламайтын адекватты емес қатынасы. Мұғалімнің өз денсаулығына дұрыс қарым-қатынас жасау және өмірдің басты құндылығы ретінде қалыптастыру қазіргі қолданбалы психологияның маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Педагогтардың денсаулық мәдениеті мәселесін зерттеудің өзектілігі олардың қанағаттанарлықсыз психофизикалық жағдайымен және олардың мәдениетінің тәрбиеленушілердің денсаулық деңгейіне анықтайтын әсерімен анықталады.

**Зерттелетін мәселенің қазіргі жағдайы.** Денсаулыққа деген қатынас мәселесін қарастыра отырып, біз бұл ұғымның көпмағыналылығына тап боламыз. Оның себептері негізінен оны қолданудың кең спектрімен байланысты. Бұл термин философия, әлеуметтану, педагогика, психология туралы әдебиеттерде кездеседі және білімнің әр саласында оның өзіндік түсіндірмесі бар. Психологиялық әдебиеттерде көбінесе келесі анықтама беріледі: денсаулыққа деген көзқарас – бұл "адамның денсаулығына қауіп төндіретін немесе керісінше, оның физикалық және психикалық жағдайын бағалауды анықтайтын қоршаған шындықтың әртүрлі құбылыстарымен жеке, таңдамалы қатынастар жүйесі" [1].

Адам туралы қазіргі заманғы ғылымдардың жетістіктерінің арқасында "ауру" және "арудың ішкі көрінісі; "денсаулық" және "денсаулықтың ішкі көрінісі" ұғымдары айтарлықтай кеңейді. Тиісінше, денсаулықтың медициналық моделі денсаулықты аурудың болмауы деп түсінуге, ал психологиялық - адамның өнімді әлеуеті ретінде денсаулық идеяларына бағытталған. Осы психикалық шындықтардың қатар өмір сүру проблемасына көзқарастардың бытыраңқылығы оқу және түзету психологиялық-педагогикалық әсерінің тиімділігін төмендетеді. Сондықтан білім беру жүйесіндегі практикалық міндеттерді шешу кезінде денсаулық білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық қауіпсіздігінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатындығын ескерген жөн. Демек, аурудың ішкі көрінісін (АІК) және денсаулықтың ішкі көрінісін (ДІК) өзінің психологиялық қауіпсіздігінің әртүрлі деңгейлерін сипаттайтын адамның денсаулығының көрінісі ретінде қарастырған жөн. [2]

ДІК-ын психологиялық тұрғыдан қарастыра отырып, үш құрылымдық компонентті бөлуге болады:

1. Когнитивтік. ДІК рационалды бөлігі-бұл субъективті немесе мифологиялық ой қорытындылары, себептері, мазмұны, ықтимал болжамдары туралы пікірлер, сондай-ақ денсаулықты сақтаудың, нығайтудың және дамытудың оңтайлы тәсілдері (тұтастай алғанда, адамның сенім жүйесін құрайтын барлық нәрсе).

2. Эмоционалды. ДІК-тің сезімтал жағы, ол эмоционалды фонды қалыптастыратын сезімдер кешенімен, сондай-ақ әртүрлі өмірлік жағдайларға эмоционалды жауап беру ерекшеліктерімен байланысты сау денсаулық тәжірибесін қамтиды.

3. Мінез-құлықтық. ДІК-тің моторлы-ерікті компоненті-адамның сенім жүйесінен туындаған және субъективті маңызды максаттарға жетуге бағытталған күш-жігерінің, ұмтылыстарының, нақты әрекеттерінің жиынтығы [3].

Халыққа білім беру саласындағы социологиялық зерттеулер нәтижесінде алынған мәліметтер негізінен мұғалім қызметінің сандық аспектісінің әсерімен түсіндіріледі. Білім әлеуметтану орталығының

қызметкерлері мұғалімнің отбасылық жағдайына айтарлықтай әсер еткенін анықтады. Егер ерлі –зайыптылардың үштен бірі ертең қорқыныш пен пессимизммен күтетін болса (31,2%), ал ондай еместердің арасында әрбір оннан бірі ғана (12,0%). Балалары бар мұғалімдер арасында қорқыныш пен пессимизмге ұшырағандардың үлесі 34,2%, ал баласыздар арасында - 5,9%. Екінші жағынан, тұрақсыз жеке өмір мен отбасының болмауы мұғалімнің бейімделу қабілетіне де кері әсерін тигізеді. Атап айтқанда, адамға қарым-қатынастан қанағаттану, проблемаларды, олардың өмірлік позициясын нақтылау және психотерапевтикалық функцияны орындау (шиеленісті жеңілдету, жағымды эмоциялар алу) қажет болатын қарым-қатынастардың бай спектрін жаңғырту қиын. Глушкова өткізген зерттеулер бойынша, жас мұғалімдердің 45%-ында және 32%-ында ересек жастағы отбасы жоқ, олардың 36%-ы ажырасқан, 17%-ы – бойдақтар [4].

Жоғары санатты мұғалімдер өздерінің жас әріптестеріне қарағанда коммуникативті жүктемелерден туындаған нейропсихикалық және эмоционалды шаршауды көбірек сезінеді. Зерттеуде А.В. Осницкий мұғалімнің тәжірибемен айтарлықтай байланысты жеке қасиеттерін көрсетеді. Мұғалімнің кәсіби қызметінің ұзақтығының артуы жеке тұлғаның депрессия, ипохондрия, психоастения, паранойя, психопатия, шизофрения сияқты психопатологиялық күйлерінің қалыптасуына ықпал етеді. Осылайша, 3 жылға дейінгі еңбек өтілі бар мұғалімдер арасында 8,3% шамадан тыс жүктемеден зардап шегеді, ал 18 жылдан астам жұмыс өтілі барлар одан үш есе көп, яғни 24,2% көрсеткішті көрсетеді. Мотивация мен «эмоционалды сарқылу» арасындағы байланысты зерттегенде, өз еңбегін субъективті бағалаған кезде синдром тез дамидыны анықталды. Кәсіби өсуге қанағаттанбау және автономияның болмауы «саркылудың» дамуымен байланысты [5].

Мектептегі жұмыстың алғашқы жылдары, жұмысқа бейімделумен байланысты, жиі суық тиюмен, аллергиялық реакциялармен және нейроциркулярлық дистонияның пайда болуымен сипатталады. Көптеген мұғалімдер, тіпті педагогикалық қызмет өтілі аз болса да, дауыс берудің әртүрлі патологияларын қалыптастырады. Кейбір зерттеушілер әртүрлі пәндерді оқытатын мұғалімдердің ауру деңгейі мен құрылымындағы айырмашылықтарды анықтайды. С.Г. Ахмерованың мәліметтері бойынша аурудың ең жоғары деңгейі қоғамдық пәндер оқытушылары мен лингвистер арасында тіркелді. Невротикалық өзгерістер орыс тілі мұғалімдері мен әдебиетінде, аз дәрежеде дене шынықтыру және еңбек мұғалімдерінде байқалады. Зерттеулер көрсеткендей, барлық мұғалімдер денсаулыққа қатысты қандай да бір шағымдарды ұсынады [6].

Г.С. Абрамова мен Ю.А. Юдичиц "адам-адам" кәсіптер жүйесіндегі тұлғаның кәсіби деформациясының екі негізгі компонентін қарастырады. Бұл созылмалы шаршау синдромы және эмоционалды жану синдромы.

Созылмалы шаршау дегеніміз адамдардың едәуір санымен тұрақты эмоционалды байланыста туындаған белгілі бір шаршау түрі. Созылмалы шаршау синдромымен адам физикалық немесе жүйкелік саркылудан ғана емес, жүйке жүйесінің созылмалы күйзелісінен зардап шегеді.

Мұғалімге деструктивті әсер ету мәселесінің өзектілігі, оның кәсіби қызметі көптеген ресейлік психологтардың Г.Ф. Заремба, В.А. Кан-Калик, Н.В. Кузьмина, Н.Д. Левитов, Т.С. Полякова, А.В. Осницкий, А.О. Прохоров, М.М. Рыбакова, В.А. Слостенин, Ю.Ю. Сосновикова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Әлеуметтік ортаның мұғалімнің психологиялық денсаулығына теріс әсерін зерттеу кезінде туындайтын мәселелерді нақтылау стресс, күйзеліс, конфликт, дағдарыс, психикалық шиеленіс, мазасыздық, мән және т.б. сияқты психологиялық құбылыстарды қарастыруға әкелді. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі мәселелердің мәнін одан әрі талдау көрсеткендей, мұғалім түрлі қиындықтарды бастан кешіргенде теріс психикалық күйлер туындайды (сенімсіздік, мазасыздық, шиеленіс, қорқыныш, қанағаттанбаушылық, күйзеліс және т.б.). Олар педагогикалық іс-әрекет процесінде мұғалімнің мінез-құлқына әсер етеді.

**Зерттеу объектісі** - орта білім беру мекемелерінің мұғалімдері

**Зерттеу пәні** - мектеп мұғалімдерінің өз денсаулықтарына қарым-қатынасы

**Зерттеу мақсаты:** мектеп мұғалімдерінің өз денсаулығына қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктерін анықтау.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Мұғалімдердің эмоционалды жануының, денсаулыққа деген көзқарасының және әлеуметтік және психологиялық әл-ауқатының жалпы деңгейін анықтау.

2. Эксперименттік-психологиялық тестілеуді қолдана отырып, мұғалімдердің психоэмоционалды мәртебесін зерттеу.

3. Мұғалімдердің денсаулығы үшін кәсіби қауіп-қатердің басым факторларын анықтау.

**Зерттеу гипотезасы:**

Зерттеу нәтижелері мұғалімдердегі эмоционалды жану деңгейінің жоғары көрсеткішін көрсетеді және денсаулыққа қатынастың негізгі компоненттері арасында сәйкессіздік анықталады.

**Материалдар және әдістер.** Зерттеуге Алматы қаласы және Алматы облысының мұғалімдері қатысты. Эмпирикалық зерттеуге қатысқан мұғалімдердің басым көпшілігі, яғни 87,2% орта мектеп педагогтері, 4,5% коррекциялық орталық педагогтері, 1,9% жоғары оқу орындарының оқытушылары, 1,9% білім беру орталықтарының педагогтері және қалғаны бала-бақша тәрбиешілері болды. Жыныстық белгілер бойынша зерттеуге 29 ер және 126 әйел адам қатысты. Географиялық орналасуы бойынша сыналушылардың 75,6%-ы ауылдық жерден және 24,4%-ы қалалық жерден болды. Зерттеу қашықтықтан Google Forms платформасы арқылы жүзеге асырылды. Педагогтер арасындағы денсаулыққа қатынасты зерттеу жұмысы орыс тілінде жүргізілді. Педагогтердің еңбек өтілі бойынша ақпарат келесі кестеде көрсетілген:

Кесте 1 - Зерттеуге қатысқан мұғалімдер саны және еңбек өтілі бойынша жіктелуі

Зерттелген топтар	Еңбек өтілі	Респонденттер саны
1	3 жылға дейін	34 22%
2	3-тен 10 жылға дейін	47 30,3%
3	10-нан 25 жылға дейін	47 30,3%
4	25 жыл және одан жоғары	27 17,4%
Барлығы:		155 100%

Зерттеуге қолданылған психодиагностикалық құралдар келесідей болды:

1. Зерттеуге қатысқан сыналушылардан бастапқы мәліметтер алу үшін жасалған авторлық анкета. Анкетада сыналушылардың әлеуметтік-демографиялық мәліметтері (жасы, жынысы, еңбек өтілі, тұрғылықты аймағы), бейіндік пәні немесе қызметі сондай-ақ созылмалы ауруларының болуы немесе болмауы және өз денсаулығын субъективті бағалауға арналған шкаламен (1-ден 5-ке дейін) қамтылды.

2. «Денсаулыққа қатынас» сауалнамасы Р.А. Березовская [7]. Сауалнама ересек адамның денсаулығына деген көзқарасты бағалауға арналған. Сауалнама арқылы алынған мәліметтерді талдау бірнеше деңгейде дәйекті түрде жүзеге асырылады. Біріншіден, әр тұжырымдама жеке қарастырылады және талданады, содан кейін бір сұраққа кіретін барлық тұжырымдамалар түсіндіріледі, ал қорытындыда сауалнаманың бір шкаласына кіретін барлық сұрақтар мен тұжырымдамалар талданады. Сауалнаманың негізгі шкалалары:

- 1) танымдық;
- 2) эмоционалды;
- 3) мінез-құлық;
- 4) құндылықтық-мотивациялық.

3. Кәсіби "жануды" диагностикалау әдістемесі [8] (К.Маслач, С.Джексон, Н.Е. Водопьянованың бейімделуінде) [9]. Әдістеме әр түрлі мамандықтағы мамандарда, ең алдымен, коммуникативті мамандарда эмоционалды жану көріністерінің ауырлығын анықтауға арналған. Әдістеме негізгі үш шкаладан тұрады:

1) «Эмоционалды сарқылу» - кәсіби қызметке байланысты эмоционалды жағдайдың ауырлығын көрсетеді. Бұл шкала бойынша жоғары көрсеткіш қысымшылық, апатия, қатты шаршау, эмоционалды ішкі бостықпен байланысты. Осы әдістеме бойынша сыналушы 0-ден 45 баллға дейін жинай алады (0-7 төмен деңгей; 8-17 орташа деңгей, 18 және одан жоғары көрсеткіштер жоғары деңгей). Мәтінде ары қарай бұл шкала «ЭС» ретінде белгіленеді.

*Персонный подход.* Персонный подход основан на личностных качествах личности, положительно связанных с креативностью. Этот подход к измерению творчества в значительной степени опирается на использование анкет для самоотчетов, которые запрашивают личностные качества, связанные с творчеством. Инструменты в этой области были разработаны путем изучения особенностей или интересов людей, которые совершали творческие достижения. Это исследование включало ряд отличительных черт, присущих для творческих личностей, включая склонность к сложности, высокий уровень энергии, поведенческую гибкость, интуицию, эмоциональную изменчивость, самоуважение, риск, настойчивость, независимость, интроверсию, социальную уравновешенность и терпимость к двусмысленности (Рунко, 2007). Так же, к качествам креативных людей относят индивидуализм и способность отходить от групповых стереотипов, высокую адаптивность к стрессовым ситуациям, уверенность в себе, автономность и высокую самооценку (Федорова, 2018). По наблюдению Михая Чиксентмихаи, есть одно качество, которое свойственно всем творческим людям – это комплексность. Под комплексностью подразумевается способность сочетать в себе пары противоположностей, такие как интроверсия и экстраверсия, дисциплина и игривость, феминность и маскулинность и т.д. (Чиксентмихаи, 1996). Таким образом, согласно этому подходу человек, который демонстрирует эти характеристики, более склонен действовать творчески, чем человек без этих качеств.

*Продуктный подход.* Под продуктом подразумевается идея или физический объект, созданный в результате творческой деятельности. Оценка креативности на основе продуктов широко рекомендовалась для оценки креативности ввиду утверждения о том, что всесторонняя оценка творческого потенциала человека не может быть достигнута без оценки его продукта (Хорн, Сальвенди, 2006). В рамках продуктного подхода основное внимание уделяется оценке творческих продуктов отдельных лиц в различных областях, таких как искусство, музыка, наука или математика.

Суть данного подхода сосредоточена на изучении соответствующих критериев, влияющих на процесс творческого мышления, и разработке диагностических инструментов и методов. Продолжается

дискуссия о том, сколько критериев необходимо для получения надежной оценки творческих продуктов. В настоящее время как исследователи, так и практики широко признают точку зрения о том, что творческий продукт должен быть одновременно новым и полезным. Эти два критерия составляют двойное определение творчества, рассматриваемого как «золотой стандарт» (Рунко, Джагер, 2012) в этой области.

*Пресс подход.* Пресс подход ссылается на «отношения человека и окружающей его среды» (Родс, 1961:308). Эти влияния - поддерживающие или сдерживающие по своей природе - не влияют на творческий результат напрямую, но либо усиливают, либо смягчают его, воздействуя на переменные, связанные с творческим процессом или человеком. Исследования факторов прессы сосредоточены на физических и социальных условиях, в которых может развиваться творчество. Предыдущие исследования показали, что факторы окружающей среды могут существенно влиять на внутреннюю мотивацию людей к участию в деятельности, что, в свою очередь, влияет на их творческий потенциал (Хэннеси, Амабиле, 2010). К данным факторам исследователи относят доступность необходимых материалов, поощряющую педагогическую среду, использование игровых подходов, гибкое во времени, и поддерживающие отношения между преподавателями и учениками.

### **Результаты и обсуждение**

Проанализировав наиболее встречаемые в литературе методы диагностики креативности, можно в каждом из четырех подходов выделить свои инструменты диагностики креативности. Однако каждый инструмент имеет свои достоинства и недостатки (см. табл.1).

*Процессный метод.* Примерами этих тестов являются тесты креативности Уоллака-Когана, тесты творческого мышления Торренса, тесты на определение дивергентного мышления Гилфорда и комплекс оценки креативности САР. Эти тесты включают открытые или косвенные задачи, требующие от людей генерирования как можно большего количества ответов, которые затем оцениваются для выявления беглости (числа ответов), оригинальности (статистической редкости), гибкости (количества различных категорий) и детализации (количество деталей) (Джаук и др, 2014). Таким образом, основной задачей тестов на дивергентное мышление является не только рассмотрение количества ответов, но и качества этих ответов.

Хотя такие тесты процессного метода широко применяются и используются единообразно, они имеют и свои ограничения. Во-первых, они основаны на очень общем понятии креативности, а не на том, как креативность функционирует в контексте определенной области (например, креативность, вероятно, означает что-то своё и требует разных навыков для математиков и художников). Во-вторых, такие тесты не связаны с реальными ситуациями и не происходят в реальных условиях.

*Персональный метод.* В этой области было разработано несколько опросников, таких как «Как ты думаешь?» (HDYT), шкала творческой личности Гуха и «Насколько вы креативны?» (HCAU). Другие анкеты для самоотчетов спрашивают людей об их прошлой творческой деятельности, а не о личностных качествах, исходя из предположения, что прошлые достижения могут обеспечить надежный признак последующих творческих достижений (Клэпхэм, 2004). Такие вопросники включают Инвентаризацию творческого поведения, Анкету творческого достижения и Биографическую инвентаризацию творческого поведения.

Но, разумеется, наличие этих черт не гарантирует, что человек будет креативным или искусным в различных задачах мышления. А черты, которые могут быть связаны с творчеством в одной области, не могут быть найдены среди творческих личностей в другой области. Пара исследований, проведенных в 1998 и 99 годах профессором психологии Университета Сан-Хосе Дж. Дж. Файстом показали, что в то время как определенные черты широко связаны с творческими личностями (такими как открытость опыту, враждебность и импульсивность), определенные профессии видят некоторую разницу. Таким образом, хотя творческие ученые уверены в себе, автономны и высокомерны, творческие художники склонны быть тревожными, творческими и эмоционально чувствительными (Файст, 1999).

*Продуктивный Подход.* Как было сказано выше, двумя важными критериями в этом подходе являются новизна и полезность. И «новизна», и «полезность» относительны по своей природе, в зависимости от индивидуальных, социальных, культурных и исторических контекстов, в которых возникает продукт. В разных обстоятельствах произведения могут считаться креативными или терять это свойство. Поэтому исследователи пытались различить объективные и субъективные показатели творчества (Саймонтон, 2012). Теоретически критерий новизны или необычности можно оценить путем объективного подсчета редкости (например, редкость <1% как чрезвычайно оригинальная). Определение же критерия полезности в конкретной предметной области в науке может быть оценено с помощью показателя общей

продуктивности ученого или артиста, авторитетности, индексируемой по общему количеству цитирований в литературе, или исторического влияния продукта (Саймонтон, 2009).

Дэвид и Артур Кропли (2010) разработали понятие функциональной креативности, относящееся к новым продуктам, нацеленным на служение некоторой полезной социальной цели. Они предполагают, что необходимые предпосылки для того, чтобы функциональный продукт или решение считались креативными, включают актуальность, эффективность и новизну. Новизна повышает ценность эффективного решения. Когда эти два условия выполнены, применяются дополнительные критерии элегантности и универсальности, которые в дальнейшем влияют на общую ценность продукта. Аналогичная концептуальная основа, которая относится к функциональному творчеству, модель анализа креативных продуктов (СРАМ), предложенная Сьюзен П. Бессемер и коллегами (2006), состоит из трех измерений, характеризующих инновационные продукты: новизна (оригинальность, трансформационный эффект), решимость (уместность или осуществимость, логика, актуальность, полезность) и синтез и проработка (стилевые характеристики, т.е. проработка, сложность, органичность, хитрость, элегантность).

Метод согласованной оценки (САТ), предложенный Амабиле (1982), часто применялся в исследованиях творчества, в которых использовалась оценка на основе продуктов. САТ не построен на каких-либо теориях творчества; напротив, его основная идея заключается в том, что лучшими оценщиками качества креативных продуктов являются признанные эксперты в соответствующей области (Амабиле и др., 2004). Соответственно, действительность САТ не подлежит принятию или отклонению теорий творчества всякий раз, когда собираются дополнительные доказательства, в результате чего этот метод легко приспосабливается к различным взглядам на многие противоречивые теоретические проблемы в исследованиях креативности.

*Пресс-подход.* Амабиле (1996) определила восемь аспектов рабочей среды, которые стимулируют творчество: свобода, сложная работа, соответствующие ресурсы, поддерживающий руководитель, разнообразные и коммуникативные коллеги, признание, чувство сотрудничества и организация, поддерживающая творчество. Поддержка лидера особенно важна для творчества подчиненных на рабочем месте. Хороший руководитель может вдохновлять на творчество, консультируясь со своими работами, распознавая положительные результаты и оказывая социальную и эмоциональную поддержку. Также Амабиле и др. определили четыре характеристики среды, которые ограничивают творчество на рабочем месте: цейтнот, высокая важность оценки, упор на статус-кво и высокая вовлеченность в организационную политику (Амабиле, 1996). Авторы также разработали и проверили инструмент под названием KEYS, предназначенный для оценки рабочей среды для творчества. Аналогичные выводы можно сделать из работы Йорана Эквалла (1996) о понятии «творческий климат», рассматриваемом как объективный атрибут организации, который относится к конгломерату установок, чувств и поведения, характеризующих жизнь в организации. Автор выделил 10 измерений климата, которые можно сгруппировать в три основных области: ресурсы (время для разработки идей, наличие ресурсов и эмоциональная вовлеченность или приверженность сотрудников работе, называемая вызовом), мотивация (доверие и открытость, игривость и юмор, отсутствие межличностных конфликтов) и Исследование (риск, споры о проблемах, свобода). Эквалл разработал анкету из 50 пунктов под названием «анкета творческого климата» (CCQ), в которой рассматривались эти параметры. Инструмент прошел валидацию в различных организационных условиях Эквалл, 1996).

Также к используемым инструментам в этом подходе относятся следующие: шкала поддержки инноваций Сигеля (SSSI), инвентаризацию школьной среды колледжей и университетов (CUCEI); шкала рабочей среды (WES); оценка климата для творчества (KEYS); коллективная климатическая инвентаризация (TCI) и анкета для прогнозирования ситуации (SOQ). Как правило, эти инструменты имеют некоторые общие аспекты, такие как восприятие членами организационного видения, ресурсов, лидерства, свободы, взаимодействия, поддержки творчества и инноваций и непрерывного развития (Метвали и др., 2010)

Одной из неоднозначностей данного подхода является вопрос, на каком уровне следует измерять показатели среды – на уровне целой организации или на более мелком уровне, на уровне рабочей команды. Также препятствием является само определение климата (к примеру, климат для качества, климат для развития или климат для продуктивности). И вдобавок, люди могут воспринимать один и тот же климат по-разному, из-за своих личных особенностей, образования или культуры.



**Таблица 1 – Подходы к измерению креативности**

<b>Подход</b>	<b>Объект измерения</b>	<b>Инструменты</b>	<b>Преимущества</b>	<b>Недостатки</b>
Процессный	Креативные процессы или навыки, связанные с креативностью	Тест Торренса, тест Гилфорда, тест Вильямса	Высокая надежность Стандартизированные критерии для интерпретации результатов	Ограниченная область применения
Персонный	Личные качества или творческие достижения	Различные анкетирования для самоанализа: Как ты думаешь (НДҮТ), насколько ты креативен (НСАҮ)	Легкость использования Стандартизированные критерии для интерпретации результатов	Ограниченная область применения
Продуктный	Продукты творчества	Модель анализа креативных продуктов (СРАМ), Метод согласованной оценки (САТ)	Оценивание креативности как в реальной жизни Высокая валидность Высокая надежность	Ограниченная область применения Сложность в подборе экспертной комиссии Субъективизм жюри Высокая стоимость и продолжительность по времени Недостаток стандартизированных критериев
Пресс	Рабочая среда или климат	Анкета творческого климата” (CCQ), шкала поддержки инноваций Сигеля (SSSI), инвентаризация школьной среды колледжей и университетов (CUCEI), оценка климата для творчества (KEYS), шкала рабочей среды (WES), коллективная климатическая инвентаризация (TCI), анкета ситуационной перспективы (SOQ)	Помогают изучить влияние факторов окружающей среды Оценка окружающей среды и проведение корректировки	Ограниченная область применения Недостаток проведенных исследований Индивидуальные различия в концепции среды

В конечном счете, цель состоит не в том, чтобы выбрать один из «четырёх П», а в том, чтобы разработать единый способ изучения творческого элемента, который исследователь хочет исследовать, а в том, чтобы разработать рамки, объединяющие разные подходы к совместному изучению творчества, чтобы получить более целостную картину.

Таким образом, креативность является очень многогранным качеством. Имеет смысл, что существует не только один метод измерения, но что необходимо сделать больше для достижения согласия относительно того, что такое креативность и как ее измерять, наряду с дополнительными исследованиями предметной специфики креативности в различных областях. Но в целом, единственное, что объединяет исследователей, – это необходимость продолжать исследовать творчество.

### **Заключение и выводы.**

Таким образом, в данной статье мы изложили разные определения понятия креативности. Следовательно, в литературе можно найти множество инструментов для измерения творческих способностей. Однако ни один из этих инструментов не лишен своих ограничений и не может самостоятельно выполнять задачу измерения многогранного конструкта креативности. Общие ограничения этих инструментов включают непохожий и ограниченный объем измерений, противоречивые доказательства действительности, отсутствие соответствующих норм и игнорирование относящихся к предметной области аспектов творчества. Кроме того, эти инструменты обращают больше внимания на аспекты творчества внутри индивида, игнорируя внешний контекст, в котором происходит творчество. Результаты данного обзора дополняют растущий объем исследований творчества. Он предлагает всеобъемлющий современный обзор существующей литературы по измерению творческих способностей, выявленных путем сканирования нескольких источников информации. Таким образом, выводы, полученные в результате обзора, могут быть использованы для измерения креативности в исследованиях и на практике. Он информирует исследователей о последних разработках в этой области исследований и выявляет пробелы и пути для последующих исследований. Он также может служить полезным руководством для исследователей и преподавателей, заинтересованных в измерении творческих способностей для выявления различий между преимуществами и недостатками имеющихся инструментов.

В заключении, измерение креативности все еще остается нерешенным вопросом. Однако представленный здесь обзор литературы может дать ценную информацию и послужить отправной точкой для конкретных шагов в направлении более точного измерения этого конструкта.

### *References:*

1. Amabile T. M. (2012). *Componential theory of creativity*. Harvard Business School, 12(96), 1-10.
2. Amabile T. M. (1982). *Social psychology of creativity: A Consensual Assessment Technique*. *Journal of Personality and Social Psychology*, 43, 997-1013.
3. Amabile T. M., Schatzel, E., Moneta, G. B., & Kramer, S. J. (2004). *Leader behaviors and the work environment for creativity: Perceived leader support*. *The Leadership Quarterly*, 15, 5-32.
4. Amabile T. M. (1996). *Creativity in Context: Update to the Social Psychology of Creativity*. Boulder, CO: Westview press.
5. Barbot B., Besançon, M., & Lubart, T. I. (2015). *Creative potential in educational settings: Its nature, measure, and nurture*. *Education 3-13*, 43, 371-381. doi: 10.1080/03004279.2015.1020643
6. Batey M., Chamorro-Premuzic, T., & Furnham, A. (2010). *Individual differences in ideational behavior: Can the big five and psychometric intelligence predict creativity scores?* *Creativity Research Journal*, 22, 90-97. doi: 10.1080/10400410903579627.
7. Batey M. (2012). *The measurement of creativity: From definitional consensus to the introduction of a new heuristic framework*. *Creativity Research Journal*, 24, 55-65. doi: 10.1080/10400419.2012.649181.
8. Blamiresa M., Peterson, A. (2014). *Can creativity be assessed? Towards an evidence-informed framework for assessing and planning progress in creativity*. *Cambridge Journal of Education*, 44, 147-162. doi: 10.1080/0305764X.2013.860081
9. Csikszentmihalyi M. (1996). *Creativity: Flow and the Psychology of Discovery and Invention*.
10. Clapham M. M. (2004). *The convergent validity of the Torrance Tests of Creative Thinking and creativity interest inventories*. *Educational and Psychological Measurement*, 64, 828-841.
11. Cropley, D., & Cropley, A. (2010). *Functional creativity*. In J. C. Kaufman & R. J. Sternberg (Eds.). *The Cambridge Handbook of Creativity* (pp. 301–318). Cambridge: Cambridge University.

12. Cropley, D. H. (2019). *Measuring Creativity*. In *Homo Problematis Solvendis—Problem-solving Man* (pp. 9-12). Springer, Singapore.
13. Drucker P. (1954). *The practice of management*. New York : Harper and Row.
14. De Bono, E. (1997). *Lateralnoe myshlenie (Lateral thinking)*.
15. Dumas, D., & Runco, M. (2018). *Objectively scoring divergent thinking tests for originality: A re-analysis and extension*. *Creativity Research Journal*, 30(4), 466-468
16. Ekvall, G. (1996). *Organizational climate for creativity and innovation*. *European Journal of Work and Organizational Psychology*, 5(1), 105–123.
17. Fedorova A.A. (2018) *Vzaimosvyaz kreativnosti I konfliktnogo povedeniya sotrudnikov organizaciy. Organizacionnaya psikhologiya. T. 8. № 2. C. 119—157. (in russian)*.
18. Feist, G. J. (1999). *The influence of personality on artistic and scientific creativity*. In R. J. Sternberg (Ed.), *Handbook of creativity*. New York: Cambridge University Press.
19. Guilford, J. P. (1956). *Three faces of intellect*. *American psychologist*, 14(8), 469-459-7.
20. Hennessey, B. A., & Amabile, T. M. (2010). *Creativity*. *Annual Review of Psychology*, 61, 569-598. doi: 10.1146/annurev.psych.093008.100416
21. Hocevar, D. (1981). *Measurement of creativity: Review and critique*. *Journal of Personality Assessment*, 45, 450-464.
22. Horn, D., & Salvendy, G. (2006). *Consumer-based assessment of product creativity: A review and reappraisal*. *Human Factors and Ergonomics in Manufacturing*, 16, 155-175.
23. Jauk, E., Benedek, M., & Neubauer, A. C. (2014). *The road to creative achievement: A latent variable model of ability and personality predictors*. *European Journal of Personality*, 28, 95-105. doi: 10.1002/per.1941.
24. Kaufman, J. C., & Sternberg, R. J. (2007). *Resource review: Creativity*. *Change*, 39, 55-58.
25. Metwaly S.S., Kyndt E., Van Den Noortgate W. (2017). *Approaches to Measuring Creativity: A Systematic Literature Review*. *Creativity. Theories-Research-Applications; 2017; Vol. 4; iss. 2; pp. 238 - 275*
26. O'Quin, K., & Besemer, S. P. (2006). *Using the creative product semantic scale as a metric for results-oriented business*. *Creativity and Innovation Management*, 15(1), 34–44.
27. Park, N. K., Chun, M. Y., & Lee, J. (2016). *Revisiting individual creativity assessment: Triangulation in subjective and objective assessment methods*. *Creativity Research Journal*, 28, 1-10. doi: 10.1080/10400419.2016.1125259.
28. Rhodes, M. (1961). *An analysis of creativity*. *Phi Delta Kappan*, 42, 305–310.
29. Runco, M. A., & Acar, S. (2012). *Divergent thinking as an indicator of creative potential*. *Creativity Research Journal*, 24(1), 66-75.
30. Runco, M. A., & Jaeger, G. J. (2012). *The standard definition of creativity*. *Creativity Research Journal*, 24(1), 92-96.
31. Runco, M. A. (2014). *Creativity: Theories and themes: Research, development, and practice*. Elsevier, 21(4), 61-73
32. Runco, M. A. (2007). *Creativity. Theories and themes: Research, development and practice*. Amsterdam: Elsevier.
33. Simonton, D. K. (2009). *Varieties of (scientific) creativity: A hierarchical model of domain- specific disposition, development, and achievement*. *Perspectives on Psychological Science*, 4(5), 441–452.
34. Simonton, D. K. (2012). *Taking the U.S. Patent Office criteria seriously: A quantitative three- criterion creativity definition and its implications*. *Creativity Research Journal*, 24(2–3), 97–106.
35. Simonton, D. K. (2009). *Varieties of (scientific) creativity: A hierarchical model of domain- specific disposition, development, and achievement*. *Perspectives on Psychological Science*, 4(5), 441–452.
36. Sternberg, R. J. (2006). *The nature of creativity*. *Creativity research journal*, 18(1), 87-98
37. Wang, K., & Nickerson, J. V. (2017). *A literature review on individual creativity support systems*. *Computers in Human Behavior*, 74, 139-151.

М.А. Абсатова<sup>1</sup>, Р.Б. Абдрахманова<sup>1</sup>, А.Э. Абдрахманов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстан, Алматы қаласы  
absatovamar@mail.ru

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Аңдатпа*

Мақалада зерттеуші авторлар қашықтықтан оқыту жағдайындағы педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетіндегі цифрлық ресурстардың маңызын қарастыруға тырысқан. Заманауи талаптар, әлемдегі жаһандық үрдістер өз таңбасын барлық іс-әрекеттің салаларына басуда, соның ішінде білім беру саласы да тыс қалмады. Қазіргі жағдайда барлық білім беру мекемелері қашықтықтан оқыту форматына көшуде, осы себепті болашақ маманға цифрлық ресурстарды, платформаларды, технологияларды меңгеру қолайлы және тиімді.

Ғылыми-педагогикалық, арнайы әдебиеттерді талдау барысында цифрлық ресурстардың, платформаларды меңгерудің маңызды артықшылықтары қарастырылады. Жоғары оқу орнының білім беру үрдісінде цифрлық ресурстарды пайдалану тек теориялық тұрғыда анықталып қана қоймай, авторлардың тәжірибелік жаңашылдығы ашылады. Цифрлық ресурстардың мысалы ретінде Google сервисі, Google Jamboard онлайн тақтасы, Google Forms құралы, Online test Pad платформасы қарастырылады. Аталмыш платформалардағы білімалушылардың жұмыстары, сауалнама нәтижелері анықталған.

**Кілт сөздер:** цифрлық ресурстар, цифрлық платформалар, Google сервисі, Google Jamboard онлайн тақтасы, Google Forms құралы, Online test Pad платформасы.

Абсатова М.А.<sup>1</sup>, Абдрахманова Р.Б.<sup>1</sup>, Абдрахманов А.Э.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>КазНПУ им Абая  
Казахстан, г. Алматы

## ЗНАЧЕНИЕ ЦИФРОВЫХ РЕСУРСОВ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧИТЕЛЯ-ПСИХОЛОГА В ДИСТАНЦИОННОМ ОБРАЗОВАНИИ

*Аннотация*

В статье авторы исследователи попытались рассмотреть проблему значимости цифровых ресурсов в профессиональной деятельности педагога-психолога в условиях дистанционного обучения. Современные требования, глобализационные процессы мира оставляют свой отпечаток во всех сферах деятельности, в том числе на стороне не осталась и сфера образования. В сегодняшних условиях все организации образования перешли на дистанционный формат обучения, поэтому будущему педагогу удобно и эффективно освоение цифровых ресурсов, платформ и технологий.

Анализ научно-педагогической, специальной литературы показал, что можно определить важные особенности применения цифровых ресурсов, платформ. Применение цифровых ресурсов в образовательном процессе высшего учебного заведения определяется не только на теоретическом уровне, но также раскрывается инновационный практический опыт авторов. В качестве примера использования цифровых ресурсов рассматриваются Google сервис, Google Jamboard онлайн доска, средство Google Forms, платформа Online test Pad. На данных платформах раскрываются работы обучающихся, результаты опросника.

**Ключевые слова:** цифровые ресурсы, цифровые платформы, Google сервис, Google Jamboard онлайн доска, средство Google Forms, платформа Online test Pad.

Absatova M.A.<sup>1</sup>, Abdrakhmanova R.B.<sup>1</sup>, Abdrakhmanov A.E.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University

Almaty, Kazakhstan

## THE IMPORTANCE OF DIGITAL RESOURCES IN THE PROFESSIONAL ACTIVITY OF A TEACHER-PSYCHOLOGIST IN DISTANCE EDUCATION

### Abstract

In the article, the authors of the researchers tried to consider the problem of the importance of digital resources in the professional activity of a teacher-psychologist in the conditions of distance learning. Modern requirements, the globalization processes of the world leave their imprint in all spheres of activity, including the field of education has not remained on the side. In today's conditions, all educational organizations have switched to a distance learning format, so it is convenient and effective for a future teacher to master digital resources, platforms and technologies.

The analysis of scientific and pedagogical, specialized literature has shown that it is possible to identify important features of the use of digital resources, platforms. The use of digital resources in the educational process of a higher educational institution is determined not only at the theoretical level, but also reveals the innovative practical experience of the authors. Google Service, Google Jam board online whiteboard, Google Forms tool, Online test Pad platform are considered as an example of using digital resources. The work of students and the results of the questionnaire are revealed on these platforms.

**Keywords:** digital resources, digital platforms, Google service, Google Jam board online whiteboard, Google Forms tool, Online test Pad platform.

**Кіріспе.** XXI ғасырдың басты ерекше сипатына жоғары деңгейдегі белгісіздік дәрежесі жатады, ол өз кезегінде барлық әлеуметтік-экономикалық дамудың компоненттерінде көрініс табады. Әлемдегі жаһандық үрдістер экономика саласына да, әсіресе білім беру саласы мен жоғары білім беру сатысына да өз әсерін тигізуде.

Қазіргі таңда өзге дамыған елдермен қатар, Қазақстан республикасының білім беру жүйесі де қарқынды түрде қашықтықтан оқыту форматына ауысуда. Осы тұста кез келген білім беру мекемесінің алдында, соның ішінде, ең алдымен, педагог алдында шұғыл түрде қашықтықтан оқыту жағдайында цифрлық ресурстар мен платформаларды игеру міндеті тұр. Цифрлық ресурстар мен платформалар оқыту үрдісін жана деңгейге арттыруға мүмкіндік берері сөзсіз.

Педагогикалық үрдіске жүйелі және бірізділікпен ендірілген цифрлық ресурстар мен платформалар педагогтың тек қана әдістемелік құралдарын кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар оқыту үрдісінің мазмұнын, оқыту үрдісіне қатысушылар арасындағы қарым-қатынасты толығымен өзгертіп, сапасын арттыра алады.

Оқытудың заманауи парадигмаларының ауысуы педагог ұстанымдарының жаңалауын, әсіресе өзімен жұмыс жасауды талап етеді.

**Зерттеудің әдіснамасы мен әдістері:** зерттеу барысында біз тұлғаға бағытталған амалды, іс-әрекеттік амалды басшылыққа алдық.

**Зерттеу әдістері:** педагогикалық, арнайы әдебиеттерге талдау, салыстыру, жүйелеу, жинақтау, сауалнама, эксперимент.

### **Зерттеу нәтижелері:**

Ғылыми-педагогикалық, арнайы әдістемелік әдебиеттерді талдау барысында оқыту үрдісін цифрландырудың біршама жағымды тұстарын анықталғанын көруге болады.

Ғалым Гаспарян Д.Э. «білім беру үрдісінде цифрлық технологияларды пайдалану заманауи білім беру мен ғылымның дамуына жемісті әсер етуде, білім беру үрдісінің өзінің тиімділігін арттырады және оның қайтарымы бар... жеке бөлек білімалушы мен оқытушының өзара әрекеттесуі үрдісінде өнімділігінің өсуіне бағытталған»-деп анықтаған [1].

Цифрландыру -білім беру саласының инновациялық тәжірибесі ретінде таным субъектісін әрекет етуші субъектке түрлендіреді, «педагог-білімалушы» өзара әрекеттесуді диалогтық ынтымақтастыққа өзгертеді, дәстүрлі оқытуды интерактивті оқытуға ауыстырады [2].

Уваров Ю.А. қарастырғандай, цифрлық технологиялар кез-келген ақпараттың түрімен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін маңызды құрал [3]. Бұған дәлел ретінде, біріншіден, цифрлық құрал - мәліметтерді сақтау, пайдалану және берудің таусылмас құралы (бұлтты сақтау), ақпараттың цифрлық

дереккөздері [4]. Екіншіден, білім берудің коммуникациялық құрамында серпіліс туғызатын өте жоғары жылдамдықтағы интернет. Үшіншіден, бұл жарлы пайдаланатын бағдарламалар- мәтіндік, графикалық редакторлар, электронды кестелер, таныстырылым және бейнемонтаждау құралдары және т.б. Ең соңынан - бұл оқыту бағдарламалары, жаппай онлайн курстары, бейімделуші тренажерлар, түрлі оқу орталары [5].

Цифрлық білім берудің «сапаны жүйелі арттырудың және азаматтардың барлық категорияларына үздіксіз білім беру мүмкіндіктерін кеңейту» сияқты даусыз артықшылықтарын атауға болады:

- қолжетімді, цифрлық технологиялар білімді сапалы жаңа деңгейде алуға болады, әлемнің кез келген нүктесі мен қалаған уақытта, сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі адамдарға да;
- үздіксіз, негізгі іс-әрекет түрін үзбей, жаңа білім,білік, дағдыны меңгеру;
- жеке-даралық, жеке дара білім беру траекториясын қамтамасыз ету «өмір бойы жеке оқу жоспары бойынша» білім алу мүмкіндігі;
- мультимедиа және интерактивтілік, оқу материалын тиімді игеруге және оқу үрдісіне тартуды қамтамасыз етеді;
- медиасауаттылық, оқыту үрдісінде цифрлық технологиялармен жұмыс жасау, цифрлық сауаттылықты арттырып, цифрлық технологияларды кәсіби іс-әрекетінде үнемі пайдалану әдістерін меңгертеді;
- әлеуметтік тапсырысқа жауап ретінде кілттік құзыреттіктерін- өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі оқыту қабілеттерін қалыптастыру [6].

### Нәтижелерді талқылау:

Жоғары цифрлық ресурстардың артықшылықтарын теориялық деңгейде ашуға тырыстық, келесі кезекте нақты мысалдармен тәжірибелік деңгейін қамтамасыз етуді жөн көрдік.

**Google сервисі** - қашықтықтан білім беруде оқыту үрдісінде кеңінен қолдануға болатын инновациялық ІТ қосымша.

**Google** корпорациясы келесідей сервистерді пайдалануға мүмкіндік береді:

**Gmail**-электронды поштасы;

**Google Jamboard**-онлайн белсенді тақтасы (сурет-1);


**Google Forms** -сауалнама әзірлеп, жауаптарын жылдам өңдеуге арнайылған құрал;

**Google docs** -онлайн Office қосымшасы.

**Google** сервисін пайдаланудың бірнеше артықшылықтарын атап өтетін болсақ:

- Google сервисінің барлық құралдары пайдалануға ТЕГІН;
- ешқандай қосымша бағдарламалық, ақпараттық жабдықтауды қажет етпейді;
- ұжымдық жұмыс жасау құралы, яғни бір мезетте бір құжатпен бірнеше адам жұмыс жасай алады;

Сурет -1 **Google Jamboard** онлайн тақтасындағы топтық жұмыс көрінісі (1 топ)



- білімалушылардың өзіндік жұмысын тексеруге, ортақ тапсырмалармен жұмыс жасауға, ортақ пікір алмасуға қолайлы;

- барлық құжат тегін және көлемі үлкен бұлтта автоматты түрде сақталады, арнайы батырма басып, сақтап отыруды қажет етпейді. Компьютер сынып қалған жағдайда барлық ақпарат Google дискісінде сақталып тұрады;


- құжаттармен алмасу оңай әрі жылдам, сілтеме жіберілсе жеткілікті.

Жоғарыда біз оқыту үрдісінде пайдаланған **Google Jamboard** онлайн тақтасын ұсынып отырмыз, сурет-1.

Онлайн тақта топтық жұмыс жасау тиімді, Zoom платформасында топқа бқлу үшін сессиялық залдар функциясын пайдалану жеткілікті, яғни автоматты түрде немесе қолмен білімалушыларды бірнеше мини топтарға бқліп топтық тапсырма онлайн орындауға мүмкіндік бар.

Суреттен байқағанымыздай, оқыту түрлерін қарастыруда сызда әзірлеу тапсырмасы берілген. Келесі екінші топ жұмысын қарастырсақ, сурет-2.

Сурет -2 **Google Jamboard** онлайн тақтасындағы 2 топ жұмысы



Суреттерден байқағанымыздай, сол жақта онлайн тақтада жұмыс жасау құралдары берілген: қалам, өшіргіш, стикер, сурет қою, дөңгелек сызу, мәтін теру және т.б.

Бұл онлайн тақтаны оқытушы сабақ басталмай тұрып, алдын ала әзірлесе, онда сабақ барысында біраз уақытын үнемдей алады, білімалушыларға тек қана сілтемені арнайы редактор ретінде орнату міндетті (редактор қызметі белсенді түрде тақтаның барлық мүмкіндіктерін пайдалана алады).


Педагог-психологтың аса маңызды іс-әрекетінің бірі-диагностикалық жұмыстар, сол себепті **Google Forms** құралының мүмкіндігін ашатын болсақ, сурет-3.

Сурет-3 **Google Forms** онлайн сервисінде әзірленген сауалнама

Жоғарыда суреттен байқағанымыздай, сауалнама сұрақтарын әсерлі түрлендіруге мүмкіндіктер қарастырылған, оң жақта орналасқан құралдар: мәтін, сурет, бейнежазба түрінде де сұрақтарды бере

аласыз. Яғни арнайы бейнежазба болса, сол бейнежазбаны жүктеп, соны көріп болған соң тест сұрақтарына жауап беруге болатын сияқты мүмкіндіктер немесе бірнеше суреттер жүктеп, сол суреттерді салыстыру немесе дұрысын таңдау деген сияқты бастауыш балаларына арналған мүмкіндіктер бар.

Сурет - 4 Google Forms онлайн сервисіндегі сауалнамадан алынған жауаптар көрінісі




Суреттен көрініп тұрғандай, сауалнама нәтижесі де автоматты түрде диаграмма түрінде бейнеленеді, яғни сауалнама жауаптарын тез әрі жылдам есептеп, қорытынды нәтиже алуға болады. Мысалға бұл сауалнамаға 22 респондент қатысқан және бірінші сұрақ бойынша жауаптары екіге бөлініп (көк және қызыл түстер), пайыздық көрсеткіші орналасқан.

Келесі педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінде пайдалануға оңтайлы цифрлық құралдың бірі- **Online test Pad** платформасы.

**Online test Pad** платформасында сауалнама, тест, сабақтар, кроссвордтар әзірлеуге арналған тегін сервис. Білімалушының белгілі бір сапа-қабілетін зерттеуге ылықтай мүмкіндігі бар. Біз зерттеу барысында «Тұлғаның даму қажеттілігін жүзеге асыруды бағалау» сауалнамасы енгізіп, 15 сұрақты қамтыдық, сурет-5.

Сурет-5 **Online test Pad** платформасындағы «Тұлғаның даму қажеттілігін жүзеге асыруды бағалау» сауалнамасының көрінісі




Бұл сервисіте де білімалушыларға немесе респонденттерге тек қана сілтеме беру жеткілікті, олар кез келген ұялы телефон, планшет, компьютер, ноутбук арқылы интернетке қосылған жылдам жауап бере



алады. Сонымен қатар, сауалнама нәтижесін тез жинау мүмкіндігі қарастырылған, яғни респонденттердің жауаптарын жеке талдауға және жалпы салыстыруға болады. Төменде суретте біз сауалнама нәтижелерін де қамтып, көрсетуге тырыстық.

Жоғарыда атап өткендей, **Online test Pad** платформасында нәтижелердің өңделген формасын алуға да болады.

**Сурет-6 Online test Pad** платформасындағы «Тұлғаның даму қажеттілігін жүзеге асыруды бағалау» сауалнамасы нәтижесі



Сауалнама интерпретациясы бойынша сұрақтарға жауап беру нәтижесі бойынша әрбір сұрақтың жауабынан балл жинақтап, жиынтық төмен және жоғары балл жинаған респонденттердің даму қажеттілігінің шынайы даму деңгейін анықтауға болады.

**Қорытынды:** Сонымен, жоғары қарастырылғандарды түйіндей келе, цифрлық ресурстар немесе цифрлық технологиялар материалды беру сапасын арттырады, білімалушымен кері байланыс жасауға көмек береді, жекелік және топтық жұмысты ұйымдастыруға көмек береді, білімалушының мотивациясын ынталандырады, білімалушыны ізденушілік, зерттеушілік іс-әрекетке ынталандырады.

Заманауи педагог психолог дәстүрлі мен инновацияларды, классикалық әдістер мен жаңа педагогикалық трендтерді біріктіре жұмыс жасай алуы қажет.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Gasparian D.E. *Eticheskie dilemmy primeneniia informatsionnyh tehnologu v sfere obrazovaniia: rossusku i zarubejnyu opyt*// *Vestnik MGYKI*, 2020 №1
2. Klarin M.V. *Innovatsionnoe obrazovanie: ýrokı «nesistemnyh obrazovatelnyh praktik»*// *Obrazovatelnye tehnologu* №1, 2014
3. Ývarov Iý.A. *Obrazovanie v mire tsifrovyyh tehnologu: na pýtu k tsifrovoi transformatsii*. – M.: 2018-168s.
4. Bobrova I.I., Plotnikova E.B., Trofimov E.G. *Organizatsiia samostoiatelnoi raboty stýdentov s ispolzovaniem oblachnyh tehnologu*// *Sovremennaiia pedagogika* №7, 2015 (elektronnyi resýrs)
5. Kyrchatova N.Ý., Sharapýto S.V. *Informatsionnye tehnologu v obrazovatelnom protsesse detskogo sada*. <https://www.sgu.ru/sites/default/files/conf/files/2020/12/sharaputosv2.pdf>
6. *Sovremennaiia tsifrovaia obrazovatelnaia sreda v Rossuskoı Federatsii, elektronnyi resýrs* <http://neorusedu.ru/>

Г.М. Сулейменова<sup>1</sup>, Г.К. Айкинбаева<sup>2</sup>, Т.Т. Мақсотова<sup>3</sup>, Ф.Е. Есқақова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті  
(Қостанай қ., Қазақстан)

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)

<sup>3</sup>М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті  
(Орал қ., Қазақстан)

## ЖЕТКІНШЕКТІК ШАҚТАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕРЦЕПЦИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада жеткіншектік шақтағы әлеуметтік перцепцияның ерекшеліктері, әлеуметтік перцепция ұғымы, тұлғааралық қарым-қатынас, бірін-бірі қабылдау, қабылдауға кедергі келтіретін факторлар мен перцептивті компоненттің ерекшеліктері сипатталған.

**Түйін сөздер:** қарым-қатынас, қарым-қатынастың перцептивтік жағы, әлеуметтік перцепция, әлеуметтік перцепцияның механизмдері, жастық шақ.

Сулейменова Г.М.<sup>1</sup>, Айкинбаева Г.К.<sup>2</sup>, Мақсотова Т.Т.<sup>3</sup>, Есқақова Ф.Е.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова  
(г. Костанай, Казахстан)

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
(г. Нур-Султан, Казахстан)

<sup>3</sup>Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова  
(г. Уральск, Казахстан)

## ОСОБЕННОСТИ СОЦИАЛЬНОЙ ПЕРЦЕПЦИИ В ПОДРОСТКОВОМ ВОЗРАСТЕ

### Аннотация

В статье описаны особенности социальной перцепции в подростковом возрасте, понятие социальной перцепции, межличностного общения, восприятия друг друга, факторы, препятствующие восприятию, особенности перцептивного компонента.

**Ключевые слова:** общение, перцептивная сторона общения, социальная перцепция, механизмы социальной перцепции, молодость.

G.M. Suleimenova<sup>1</sup>, G.K. Aikinbaeva<sup>2</sup>, T.T. Maksotova<sup>3</sup>, F.E. Eskakova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>A. Baitursynov Kostanay regional university  
(Kostanai, Kazakhstan)

<sup>2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Nur-Sultan, Kazakhstan)

<sup>3</sup>M. Utemisov West Kazakhstan University  
(Oral, Kazakhstan)

## FEATURES OF SOCIAL PERCEPTION IN ADOLESCENCE

### Abstract

The article describes the features of social perception in adolescence, the concept of social perception, interpersonal communication, perception of each other, factors preventing perception, features of the perceptual component.

**Keywords:** communication, perceptual side of communication, social perception, mechanisms of social perception, youth.

## Кіріспе.

Қазіргі заманда адам өмірінің күрделенуіне, дамудың әлеуметтік-саяси жағдайлар мен өзгерістердің орын алуына байланысты адам мен оны қоршаған әлем арасындағы коммуникациялық байланыстар артып, жаңа ақпараттық технологиялар жасалып, барлық салаға енгізілуде. Сыртқы әлеммен сәтті қарым-қатынас жасау үшін адам өмір бойы басқа адамдармен байланыста болуы, тұлғааралық қарым-қатынастарды топтың әрбір мүшесі көптеген және алуан түрлі қарым-қатынастардың субъектісі болып табылатын тұтас топтарды қалыптастыруы керек. Осы орайда жеткіншектік шақтағы қарым-қатынас, әлеуметтік перцепция ерекшеліктері маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ал әлеуметтік перцепция жеткіншектердің өмірінде негізгі орын алады және ол айналадағы әлемді түсінуге, оны қабылдауға мүмкіндік береді.

Жеткіншектік шақтың психологиялық негіздерін Р.Байярд, Т.В. Драгунова, А.Е. Личко, М.Реттер, Л.С. Выготский, П.М. Якобсон, И.С. Кон зерттеген [1,2]. Ғалымдардың пайымдауы бойынша, жеткіншектік шақта болатын өзгерістер баланың бойындағы ерекшеліктерінің, мүдделері мен қарым-қатынастарының, өмірге деген көзқарасының, әлеуметтік перцепциясының қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

А.Е. Личконың пайымдауы бойынша, «жеткіншектің жеке тұлғасының дамуының аса маңызды факторларының бірі – оның әлеуметтік белсенділігі, белгілі бір игіліктерге жету, ересектермен, достарымен қарым-қатынасты өзіне тиімді етіп құруға деген бағыттылығы, өзінің жеке басы мен болашағын, алға қойған мақсаттары мен міндеттерін толықтай жүзеге асырудағы әрекетін жобалай алуымен сипатталауы» - дейді [3]. Осы ретте жеткіншектердің қалыптасуы мен толыққанды дамуы үшін қарым-қатынастың да рөлі ерекше екендігін атап өткен жөн.

Қарым-қатынас мәселесімен Б.Ф. Ломов, И.Л. Руденко, И.П. Шкуратова, С.П. Безносков, В.В. Латынов, В.А. Толочек сынды ғалымдар айналысқан [4,5]. Аталмыш ғалымдардың басым көпшілігі Г.М. Андрееваның көзқарасын қолдаушылар болып табылады. Г.М. Андреева қарым-қатынастың үш жағын атап көрсетеді. Атап атқанда:

Қарым-қатынастың коммуникативті жағы – ол жеке адамдар арасындағы ақпарат алмасу.

Қарым-қатынастың интерактивті жағы – тек білім мен идеямен ғана алмасу емес, сонымен қатар іс-әрекеттерді де қамтиды.

Қарым-қатынастың әлеуметтік-перцептивті жағы – әңгімелесушілер арасындағы бірін-бірі қабылдау негізінде өзара түсіністік орнату ретінде қарастырылады [6].

Қарым-қатынас жасау барысында екі тарап та бірдей мәнге ие болады. Дегенмен, қарым-қатынастың коммуникативті және интерактивті жақтары барынша дамығанын атап өткен жөн. Қарым-қатынастың әлеуметтік-перцептивті жағы ғылыми әдебиеттерде анағұрлым аз зерттелген. Өз кезегінде қарым-қатынастың әлеуметтік-перцептивтік жағы коммуникация процесінде бастапқы механизм болып табылады.

Адамдар қарым-қатынасқа тұлға ретінде енеді, әрі екінші адам ол адамды тұлға ретінде қабылдайды. Адамның сыртқы мінез-құлық ерекшеліктерін қабылдай отырып, біз ол адамды «тануға», оның қарым-қатынас барысындағы бойындағы қасиеттерін анықтауға тырысамыз. Бұлай тану барысында, біздің алған әсерлеріміз өте маңызды, ал ол қарым-қатынас процесінің реттеушісі болып табылады, атап айтқанда басқа адамды тану, осы ретте қарым-қатынасқа түсушінің өзінің өзгеруі және бірлескен әрекет нәтижесінің сәттілігі әңгімелесушінің қаншалықты оны айқын «тани алуымен» байланысты болады.

Әдебиеттерді талдау нәтижесінде «әлеуметтік перцепция» ұғымы адамның адамды қабылдауын белгілеу үшін қолданылатындығын атап өтуге болады. Алғаш рет бұл ұғымды Дж.Брунер 1947 жылы қолданысқа енгізген [7]. Алғашқыда әлеуметтік перцепция қабылдау процестерінің әлеуметтік детерминациясы ретінде қарастырылған. Кейінірек зерттеушілер «әлеуметтік перцепция – бұл әлеуметтік қауымдастықтар, әлеуметтік топтар мен басқа адамдар сияқты әлеуметтік нысаналарды қабылдау процесі ретінде қарастыруды ұсынады.

Тұлғааралық қарым-қатынастағы әлеуметтік перцепцияның орнын зерттеуде А.А. Бодалев, А.П. Панфилов, В.Н. Куницына, В.С. Агеев, Г.Р. Чернова, Г.М. Андреева, Д.Майерс және т.б. ғалымдарды атап өтуге болады [8,9].

Басқа адамды қабылдаудағы ой, өзіндік сана деңгейімен байланысты, бұл қатынас екі жақты: біріншіден, өзі туралы ойлар басқа адам туралы ойларды қалай анықтайды? Екіншіден, адам өзін неғұрлым толық көрсете алса, соғұрлым өзі туралы ойлары тереңдей түседі.

Қабылдау процестеріне кемінде екі адам қатысады және әрқайсысы белсенді субъект болып табылады. Қарым-қатынасқа түсушілердің әрқайсысы өзін басқалармен салыстыра алады. Сондықтан

өзінің мінез-құлық стратегиясын құру үшін әңгімелесушінің қажеттіліктерін, мотивтерін және қарым-қатынастарын ескеру қажет, ал әңгімелесуші болса менің көзқарасымды, мотивтерімді және қажеттіліктерімді қалай түсінетінін білуі маңызды. Бұл ретте екі жақты байланыс түзілгенде ғана әлеуметтік перцепцияның маңызы арта түседі.

Қарым-қатынастағы нысананы қабылдаудағы бағалау коммуникациялық жағдайдың ерекшелігін сипаттайды. Адамдардың қабылдауы әртүрлі психологиялық механизмдерге – бұл адамдардың мінез-құлқы мен әрекетін түсінуіне, бағалауына және оны талдай алуына негізделген. Нәтижесінде адамның тұлғаны қабылдауы әлеуметтік перцепцияның бір бөлігі болып табылады.

Отандық ғылымда әлеуметтік перцепция мәселесін алғаш зерттеген А.А. Бодалев.

А.А. Бодалевтің пайымдауынша, «әлеуметтік перцепция – біріккен іс-әрекет мәселелерін шешу мақсатындағы бірлескен қызметтің қажетті құрамдас бөлігі». Адамдар арасындағы қарым-қатынастың сипаты сыртқы кейпіне, мінез-құлықтың рефлексиясына, интерпретациясына және олардың бір-бірінің мүмкіндіктерін қалай бағалайтындығына байланысты [8, 121-122 б.].

В.Н. Куницинаның көзқарасы бойынша, «әлеуметтік перцепция – бұл табиғи қарым-қатынасқа негізделген, тұлғаның адамды қабылдауы мен түсінуі түрінде жүретін тұлғааралық өзара әрекеттесу кезінде болатын процесс» - дейді [10].

А.Н. Беседин болса, әлеуметтік перцепцияның келесідей ерекшеліктерін атап көрсетеді: біріншіден, әлеуметтік перцепциядағы субъектінің белсенділігі, яғни индивидтің заттарды қабылдау кезіндегі адамға немесе топқа қатысты бастамалық ұстанымын көрсетуі. Екіншіден, қабылдаудың тұтастығы, яғни перцепция субъектісі нысананы қабылдауындағы сөз бен бағалауға толығымен бағытталуы. Үшіншіден, әлеуметтік перцепция субъектісінің мотивациясы – оның қабылдауындағы қабылданатын адамға деген танымдық қызығушылығы мен эмоционалдық қатынастың жиынтығына негізделеді, яғни әлеуметтік перцепцияның қабылдаушының мотивациялық-мағыналық бағыттылығына тәуелділігі бар екендігімен сипатталуы [11].

Тиімді сапалы қабылдаудың маңызды көрсеткіші әлеуметтік перцепциямен тікелей байланысты. Бұл шарттарға объект пен субъектінің арақашықтығы, байланыс ұзақтығы, үй-жайдың ерекшеліктері, әлеуметтік ортаны жатқызуға болады.

Н.Р. Битянованың пайымдауы бойынша, әлеуметтік перцепция құрылымына:

- 1) нысананың сыртқы ерекшеліктері мен оның мінез-құлқын қабылдауы;
- 2) қабылдауда адамның психологиялық ерекшеліктері мен күйі туралы бейнені қалыптастыра алуы;
- 3) мінез-құлық себептері мен салдары туралы түсініктерді қалыптастыруы;
- 4) өзіндік мінез-құлық стратегиясын құра алуы [12].

А.Н. Беседин [11, 14-15 б]. өзінің еңбектерінде дұрыс қабылдауға кедергі келтіретін және қабылданғанды бағалаудың бұрмалануына әкелетін кейбір факторларды атап өтеді, оған: перцепция нысанасымен өзара әрекеттесу жағдайларын ажырата алмауды жатқызады. Яғни, субъектінің белгілі бір жағдайдағы адамдардың мақсатын, міндетін, ниетін, мотивтерін анықтау қиынға соғады, сонымен қатар мақсатқа жету үшін мінез-құлық формасын таңдай алмауы; нысананы қабылдау процесінің басталуына дейін субъектіде алдын ала белгіленген қатынастың; бұрыннан қалыптасқан стереотиптердің болуы; қарым-қатынасқа түсетін объект туралы мерзімінен бұрын қорытынды жасауға ұмтылу; басқаларды тыңдағысы келмеуі; қарым-қатынасқа түсетін объект туралы өз пікірін өзгертуге ұмтылысының болмауы.

Басқа адамды тану – бұл оның сыртқы физикалық қасиеттерін қабылдау ғана емес, сонымен қатар мінез-құлқын, бойындағы ерекшеліктерін, оның ойын, ниетін, әрі эмоциялары туралы түсініктерін қалыптастыру болып табылады.

Басқа адамды тану – бұл қабылдау субъектісі мен нысанасы арасындағы қарым-қатынас туралы түсініктерді жасау және қалыптастыру. Дәл осы фактор физикалық нысаналарды қабылдауда маңызды емес бірқатар қосымша факторлардың рөлінің маңыздылығын атқарады. Ғылыми еңбектеріне талдау жасай келе, біз қабылдау нысанасына байланысты психологиялық механизмдердің екі тобын анықтадық:

1. Топаралық қарым-қатынас механизмдері (топ ішіндегі фаворитизм, физиогномиялық редукция, әлеуметтік стереотиптеу);

2. Тұлғааралық қарым-қатынас механизмдері. Оларды келесідей жіктеуге болады:

- қарым-қатынас процесінде өзін-өзі тану (рефлексия);
- адамдардың бір-бірін тануы (эмпатия, тартымдылық, стереотиптеу, сәйкестендіру);
- қарым-қатынас серіктесінің мінез-құлқын болжау (каузалдық атрибуция) [13].

Тұлғаны тану процесінде басқаға эмоционалды баға беру, оның іс-әрекетінің иерархиясын түсінуге деген талпыныс, алынған мәліметтер негізінде өзінің мінез-құлық иерархиясын құру сияқты процестер

қатар жүреді. Біз, әлеуметтік перцепция тетіктерін қалыптастыруда жеткіншектердің әлеуметтік перцепциясын қалыптасыруда қарым-қатынастың тиімділігін маңызды факторлардың бірі деп есептейміз.

Жеткіншектердің тұлғаны қабылдауы адамдар арасындағы тұлғааралық байланыстарды орнатуда маңызды болып табылады.

Қазіргі уақытта әлеуметтік перцепцияны зерттеуде жеткіншектерде сыртқы ерекшеліктерге назар аударуға қарағанда ішкі, тұлғалық, психологиялық қасиеттерге деген қызығушылықтың жоғары екендігімен сипатталады.

Бұл жаста олар басқа адамдардың интеллектуалдық, ерікті қасиеттерін, олардың мінезінің ерекшеліктерін болжауға тырысады. Жеткіншектік кезеңде өзіндік сана мен өзін-өзі қабылдаудың қалыптасуы жүзеге асады. Қазіргі жеткіншектер өздерінің даралығын, басқа адамдарға ұқсамайтындығын айқын көрсетуге тырысады. Тұлғаның даму процесінде тұлғаның жеке моделінің қалыптасуы жүреді, оның негізінде өзін және басқаларды қабылдауы жүзеге асады.

Жеткіншектік шақтың жетекші іс-әрекеті – кәсіби өзін-өзі анықтау. Алайда жеткіншектер құрбыларымен, ата-аналарымен, үлкендермен тұлғааралық қарым-қатынас барысында дүниетанымының қалыптасуына, өмірлік бағдарларды таңдауына, шындыққа сәйкес белгілі бір қатынасты бекітуге байланысты қатынасты құру, оқиғалар мен құбылыстарды бөліп көрсету, бағалау және болжау тәсілдерін қарастыру орын алады. Сонымен, жеткіншектік шақ тұлғаны қабылдау, тұлғааралық қабылдау механизмдерінің қалыптасуы мен дамуы үшін ең маңызды кезең деп айтуға болады.

Қазіргі уақытта тұлғаны жүзеге асырудың көптеген жолдарын қарастыруға болады. Табысты өзін-өзі жүзеге асыру үшін жеткіншектер айналасындағы әлемді, өзін және қоршаған адамдар туралы түсінікке ие болуы керек. Осы ретте біз жеткіншектердің әлеуметтік перцептивтік қатынасының ерекшеліктерін зерттеуді жөн көрдік.

Зерттеудің мақсаты – жеткіншектердің қарым-қатынасының перцептивтік ерекшеліктерін анықтау.

#### **Зерттеу әдіснамасы.**

Жеткіншектердің әлеуметтік перцепция ерекшеліктерін зерттеу үшін біз тұлғааралық қабылдаудың негізгі механизмдеріне сәйкес келетін келесі әдістерді қолдандық. Атап айтқанда, А.Мехрабиен мен Н.Эпштейннің «Эмпатия қабілетін диагностикалау сауалнамасы»; И.М. Юсуповтың «Поликоммуникативтік эмпатия деңгейінің диагностикасы»; В.Н. Куницинаның «шанайылықты анықтау тестісі» [14].

Зерттеу Қостанай, Орал, Нұр-Сұлтан қаласының жеткіншектері арасында жүргізілді. Эксперименттік зерттеу жұмысына 16-18 жас аралығындағы 100 жеткіншек қатысты. Алынған нәтижелерге сандық және сапалық талдау арқылы өңделді.

#### **Зерттеу нәтижелері.**

Зерттеу жұмысымыз барысында эмпатияның даму деңгейін анықтау мақсатында А.Мехрабиен мен Н.Эпштейннің «Эмпатия қабілетін диагностикалау сауалнамасы» қолданылды. Алынған нәтижелер эмпатияның даму деңгейіне қарай зерттелушілерді топтарға бөлуге мүмкіндік берді.

Респонденттердің 10% эмпатияның жоғары деңгейін көрсетті. Олар басқа адамдардың мәселелеріне ерекше сезімталдық көрсететін, әрі басқаларға деген шынайы қызығушылық танытуымен сипатталады, тұлғааралық байланыстарды тез орнатып, олармен ортақ тіл табыса алады. Сонымен қатар, жанжалға бармауға тырысады, әрқашан ымыраға келуге ұмтылады, айналасындағы адамдар оларды шынайылығы үшін ерекше бағалайды, кез-келген сынды дұрыс қабылдай алады. Болған жағдайды бағалауда олар өздерінің сезімдері мен түйсігіне негізделеді.

Эмпатияның дамуының орташа деңгейі респонденттердің 60%-ы иеленді. Олар өздерінің эмоцияларын көрсету қабілетімен ерекшеленеді, алайда көп жағдайда өздерін басқара алады, қарым-қатынаста зерек, айтқанға қарағанда көбірек түсінуге тырысады, бірақ сезімдерін сыртқа шығарып, көрсетуі кейде шыдамсыздыққа әкеледі. Көп жағдайда өзіндік ойлары мен пікірін сыртқы ортадағы адамдар дұрыс қабылдамауы мүмкін деген оймен айта бермейді. Бейнефильмдерді көргенде, көркем әдебиетті оқығанда кейіпкерлердің эмоционалдық күйлерін бойынан өткергеннен гөрі нақты әрекеттерді орындауды жөн көреді. Тұлғааралық қатынастардың құруы кейде қиынға түседі.

Эмпатия дамуының төмен деңгейі респонденттердің 15%-да анықталды. Бұл көрсеткішке ие болғандар тұлғааралық қарым-қатынас орнатуда қиындықтарды бастан кешіреді, үлкен ортада өздерін ыңғайсыз сезінеді, көбінесе мұндай адамдар басқа адамдармен жұмыс істегеннен гөрі, жалғыз өзі жұмыс істегенді жақсы көреді. Олар нақты тұжырымдар мен ұтымды шешімдерді жақтаушылар қатарында болғанды ұнатады. Олардың достары аз болады, ал дос деп танылатындарды іскерлік қасиеттері мен ақыл-ойының жоғары болғандығы үшін бағалай алады.

Эмпатия дамуының өте төмен көрсеткішін иемденген респонденттердің 15%-ын құрады. Олардың әңгіме бастауы қиын, олар сыныптастарынан, достарынан алшақ жүргенді жақсы көреді. Олардың өз

құрбыларымен, өзінен үлкен адамдармен тіл табысу қиын болып келеді. Белсенділік танытпайды, іс-әрекет барысында тек өздерімен ғана әуес болады, мұндай адамдар жекеленген тапсырмаларды орындауда жоғары, әрі нәтижелі жұмыс жасай алса, алайда басқалармен біріге отырып еңбек етудегі қарым-қатынас барысында өздерін жақсы көрсете алмауы мүмкін, сезімтал көріністерге сыни көзқараспен қарайды.

Респонденттердің эмпатия қабілетін зерттеу нәтижесінде, жеткіншектердің көпшілігінде орташа деңгей басым екендігі анықталды, алайда төмен, өте төмен деңгейлерді иемденгендер де болды. Бұл жеткіншектік шақтағы әлеуметтік перцепцияның өзіндік ерекшелігі бар екендігімен сипатталатындығы анықталды. Жалпы алғанда, жеткіншектердің жаңа ортаға үйренісуі, бейтаныс адамдармен тіл табысуы, өзіндік ойы мен пікірін айтуы, кейде эмоцияларын айқын, я болмаса жасырып қалуы да әлеуметтік перцепцияның қалыптасуының өзіндік сипаты ретінде қарастыруға болады.

Өмірдің әртүрлі салаларындағы жеткіншектердегі эмпатияның даму деңгейін зерттеу үшін, келесі кезекте біз И.М. Юсуповтың «Поликоммуникативтік эмпатия деңгейінің диагностикасы» әдістемесін қолдандық. Зерттеу барысында ата-анаға, жануарларға, қарттарға, балаларға, көркем шығарма кейіпкеріне, бейтаныс адамдарға деген жеткіншектердің перцептивтік қатынастары зерттелді.

Эмпатия дамуының өте төмен деңгейіне сәйкес шәкілі бойынша «Ата-анаға» деген қатынас 5%, «Қарттар» шәкілі бойынша 15%, «Көркем шығарма кейіпкеріне» қатынасы шәкілі бойынша 2% құрады. Бұл көрсеткішке сәйкес төмен деңгейге иемденген жеткіншектердің эмпатиялық қатынасы жеткіліксіз екендігін сипаттайды. Бұл деңгейді иемденген респонденттер үшін ересектермен қарым-қатынасты бастау өте қиын, көп жағдайда олар айналасындағы адамдармен тіл табыса алмайды, олар тек жеке жұмыста ғана нәтижелі болуымен ерекшеленеді.

Эмпатияның төмен деңгейіне сәйкес келесі шәкілдер бойынша «Жануарлар» - 10%, «Қарттар» -15%, «Балалар» - 5%, «Көркем шығарма» -15%, «Бейтаныс» - 10% көрсеткіштерге ие болды. Бұл ретте аталмыш респонденттердің 10%-ның қарым-қатынасы төмен деңгейде екендігі анықталды. Бұл топтағы жеткіншектер байланыс орнатудағы қиындықтармен сипатталады, басқалардың эмоциялық әрекеттері оларға түсініксіз болып көрінеді, жеке жүргізілген сабақтарды жақсы көреді, көбінесе айналадағы адамдар оларға көңіл бөлмейді, сол себепті де олар өздерін жайсыз және бөтен адам ретінде сезінеді.

Эмпатияның орташа деңгейге сәйкес келесі шәкілдер бойынша «Ата-ана» - 65%, «Жануарлар» - 80%, «Балалар» шәкілінде - 85%, «Өнерлі кейіпкерлер» - 75%, «Бейтаныс» - 85% құрады. Респонденттердің 55%-ы үшін орташа деңгей жетекші көрсеткіш болып табылады. Олар адамдарды нақты әрекеттеріне қарай бағалауға бейім, қарым-қатынаста әңгімелесушіні түсінуге тырысады, олар өз пікірін басқалар қабылдайтынына сенімді болмаса, айтпауды жөн көреді.

Эмпатияның жоғары деңгейіне сәйкес келесі шәкілдер бойынша «Ата-аналар» - 20%, «Жануарлар» - 5%, «Қарттар» - 5%, «Балалар» - 25%, «Бейтаныс адамдар» - 5% құрады. Бұл деңгейге ие болған респонденттердің 20%-на тән екендігі анықталды. Бұл деңгейді иемденген респонденттер айналасындағы адамдардың мәселелеріне сезімтал, әрі оларды көп кешіре алады, эмоционалды сезімталдығы жоғары, көпшіл, басқалармен оңай және тез тіл табысады. Олар жекеленген жұмыстан гөрі біріккен іс-әрекетті ұнатады, әрі үнемі әлеуметтік қолдауды қажет етеді.

Эмпатияның өте жоғары деңгейіне сәйкес респонденттердің «Ата-аналар» - 25%, «Бейтаныс» шәкілі бойынша 15%-ды құрады. Олар бейтаныс адамдарға немесе ата-аналарға деген сезімталдығы жоғары болуымен сипатталады. Олар өздерінің құпияларын еркін, әрі сенімді түрде сеніп тапсыра алады және кеңес ала алады. Өте сезімтал, басқаның салқынқанды сәлемдесуіне байланысты ыңғайсыздықты сезініп, түні бойы ұйықтамауы да мүмкін. Көңілсіздік сезімі басым болғандықтан, олар жақын адамдарының эмоционалды қолдауына мұқтаж болып келеді.

Түйіндей келе, зерттеу нәтижесіне сәйкес жеткіншектердің көпшілігіне эмпатияның дамуының орташа деңгейі тән екендігі анықталды.

Аттракция механизмін зерттеу үшін біз В.Н. Кунициннің «Шынайылық тесті» қолданылды. Респонденттің 55%-ы басқа адамдарды шынайы түрде бағалай алады және өз қателіктерін мойындаудан қорықпайтындығы анықталды. Ал, респонденттердің 45%-ы өз пікірінің дұрыстығына әрқашан сенімді бола бермейді, кейде біржақтылық танытады, себебі олар басқалардың ықпалында өз пікірін оңай өзгерте алады.

Жеткіншектердің әлеуметтік перцепция ерекшеліктерін зерттеу барысында жүргізілген зерттеу әдістеріне А.Мехрабиен мен Н.Эпштейннің «Эмпатия қабілетін диагностикалау сауалнамасы», И.М. Юсуповтың «Поликоммуникативтік эмпатия деңгейінің диагностикасы, В.Н. Куницинаның «шанайылықты анықтау тестісінің нәтижелеріне сүйене отырып, біз әлеуметтік қабылдаудың дамуының үш деңгейін анықтадық.

### Талқылау.

Әлеуметтік перцепцияның төмен деңгейі респонденттердің 10%-на тән екендігі анықталды. Бұл топқа жататын респонденттер тұлғааралық қарым-қатынас орнатудағы қиындықтармен ерекшеленеді. Оларға әнімелесушімен қарым-қатынасты бастау және олар қолдау қиын, жеке әрекеттерді жақсы көреді, жағымды ойлауына қарағанда теріс ойлауы басым. Бұл ретте олардың эмоционалды фоны төмен болып келеді, ал ол өзекті мәселені адекватты түрде шешуге мүмкіндік бермейді. Сәтсіздіктердің себебін қалыпты деп санайды, әрі өз кінәсін мойындай алады, ал сәттілік кездейсоқ факторлармен түсіндіріледі деген пікірді ұстанады. Олар өздерінің қателіктері мен қабылдайтын шешімдерін талдауға дәрменсіз. Мұндай адамдар басқаларды адекватты емес, үстірт түрде бағалауға бейім келеді.

Респонденттердің 70%-ы әлеуметтік перцепцияның дамуының орташа деңгейі тән екендігі анықталды. Олар өздерінің эмоционалды күйлерін көрсету қабілетіне ие, бірақ көбінесе эмоцияларын бақылауда ұстай алады. Олар адамдардың мінез-құлқы туралы олардың эмоционалды күйіне емес, нақты іс-әрекетіне қарап қорытынды жасағанды жөн көреді. Жағдайға байланысты сәтсіздіктің себептері уақытша, ал сәттілікті тұрақты болады деп санайды. Алайда, егер сәтсіздік уақыты ұзақ уақытты алатын болса, онда олар себептердің зандылығы бар деп ойлайды. Олар бұрын көп қателіктер жібергендіктен, өздеріне, әрекеттеріне өте сақ болып келеді. Өткен қателіктерді талдай алмайды және олармен жұмыс істеу мүмкіндіктерін қарастырмайды. Олар өз шешімдерінің дұрыстығына сенімді емес, кейде шынайы да болмайды, өйткені ол өз көзқарасын оңай өзгертеді.

Зерттеу нәтижесіне сәйкес респонденттердің арасында жоғары деңгейге ие болғандар анықталмады.

### Қорытынды.

Жеткіншектік шақ тұлғааралық қабылдау механизмдерінің қалыптасуы мен дамуы үшін ең маңызды шақтарының бірі болып табылады. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, жеткіншектердің көпшілігінде әлеуметтік перцепцияның даму деңгейі орташа. Олар өздерінің эмоционалды жағдайын бақылауы, өзінің өткен тәжірибесін талдай алмау, ойлаудың айқын түрінің жоқтығы (оң және теріс), қабылданған шешімдегі белгісіздік және тағы басқа сипаттағы өзіндік ерекшеліктерге ие.

Қарым-қатынас жеткіншектердің өмірінде маңызды рөл атқарады, өйткені олар құрбыларымен, ата-аналарымен, үлкендермен тұлғааралық қарым-қатынаста дүниетанымның қалыптасуы, өмірлік нұсқауларды таңдауы, шындыққа белгілі бір көзқарасты бекітуді жүзеге асырады.

Қорыта келе, әлеуметтік перцепция дағдысы жақсы дамыған жағдайда жеткіншектер өзін қоршаған адамдарды және жалпы қоғамды объективті түрде қабылдайтын тұлға ретінде жетілдіре алары сөзсіз. Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, жасөспірімдердің қалыптасуында әлеуметтік перцепция маңызды рөл атқарады деген пікірдеміз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Obuhova L.F. *Vozrastnaya psihologiya*. – М., Yurait, MGPPU, 2011. - 460 s.
2. Slobodchikov V.I. *Psihologiya razvitiya cheloveka: Razvitie sub'ektivnoj real'nosti v ontogeneze / V. I. Slobodchikov, E. M. Isaev*. – М., 2000. – 423 s.
3. Rean A.A. *Psihologiya cheloveka ot rozhdeniya do smerti*. – SPb., 2010. - 345 s.
4. Popova L.V., D'yakonov G.V. *Identifikaciya kak mehanizm obscheniya i razvitiya lichnosti: Metodologicheskie rekomendacii*. – М., 1988. – 195 s.
5. Rogov E.I. *Psihologiya obscheniya*. – М., 2018. – 345 s.
6. Andreeva G.M. *Psihologiya social'nogo poznavaniya: atributivnye processy*. – М.: Aspekt Press, 2012. – 245 s.
7. *Social'naya psihologiya: Uchebnoe posobie dlya vuzov / sost.: A.V. Mokashenceva*. – Novosibirsk: Sibirskoe soglashenie. – М.: INFRA-M., 2007. – 426 s.
8. Bodalev A.A. *Vospriyatie i ponimanie cheloveka chelovekom*. – М., 2004. – 346 s.
9. Majers, Devid G. *Әлеуметтік психология [aud. G.Қ. Ажқынбаева [zhәне t.b.]]. - 12-bas.* – Astana: “Ultyq audarma byurosy” QQ, 2018. – 559 b.
10. Kunicyna V.N., Kazarinova N.V., Pogol'sha V.M. *Mezhlichnostnoe obschenie: uchebnyk*. SPb.: Piter, 2001.
11. Doncov A.I., Emel'yanova T.P. *Koncepciya social'nyh predstavlenij v sovremennoj psihologii*. – М., 2002. – 375 s.
12. Bityanova M.R. *Social'naya psihologiya: nauka, praktika i obraz myslej. Uchebnoe posobie*. – М.: Izd-vo EKSMO-Press, 2001. – 327 s.
13. *Psihologiya obscheniya. Enciklopedicheskij slovar' [Elektronnyj resurs]*. - Elektron. dan. – Moskva: Kogito-Centr, 2011.
14. Zhukov YU.M., Petrovskaya L.A. *Diagnostika i razvitie kompetentnosti v obschenii*. – М., 1991. – 364 s.

С.О. Бурленова<sup>1</sup>, Р.Ш. Сабирова<sup>1</sup>

Қарағанды Бөкетов университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

## ЖОҒАРЫ МЕКТЕП СТУДЕНТТЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРОКРАСТИНАЦИЯ МЕН ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ЗЕРТТЕУ

*Аңдатпа*

Жоғары оқу орындары студенттерінің оқу іс-әрекетінің тиімділігін анықтайтын маңызды факторларға академиялық прокрастинация және оқу мотивациясы жатады. Көпшілік зерттеген прокрастинацияның түрі – академиялық прокрастинация. Академиялық прокрастинация феномені тұлғаның әртүрлі қасиеттерімен және қалыптасуымен байланысты. Мақалада прокрастинация мәселесі, оның ерекшеліктері, студенттердің жүріс-тұрысындағы академиялық прокрастинация көріністері туралы көзқарастар талданады, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ерекше назар аударылатын студенттердің оқу мотивациясы мәселесі қарастырылады. Студенттердің академиялық прокрастинациясы мен оқу мотивациясының деңгейін зерттеу нәтижелері берілген. Зерттеу таңдамасы философия және психология факультетінің күндізгі бөлімінде оқитын 18-22 жас аралығындағы 60 студенттен құралды. Зерттеу барысында Л.Соломон мен Е.Ротблумның М.В. Звереваның бейімделуіндегі академиялық прокрастинацияны бағалау шкаласы және А.А. Реан мен В.А. Якунинның, Н.Ц. Бадмаевтың модификациясындағы студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі қолданылды. Академиялық прокрастинация факторлары мен студенттердің оқу мотивтері арасында статистикалық маңызды корреляция анықталды. Академиялық прокрастинация мен студенттердің оқу мотивациясының өзара байланысының ерекшеліктері туралы білімді маңызды оқу тапсырмаларын кейінге қалдыруға бейім студенттермен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін пайдалануға болады.

**Түйін сөздер:** ЖОО студенті, академиялық прокрастинация, студенттік кезең, оқу іс-әрекеті, оқу мотивациясы.

Бурленова С.О.<sup>1</sup>, Сабирова Р.Ш.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қарағандық университет Букетова  
г. Қарағанда, Қазақстан

## ИССЛЕДОВАНИЕ АКАДЕМИЧЕСКОЙ ПРОКРАСТИНАЦИИ И УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ СТУДЕНТОВ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ

*Аннотация*

К значимым факторам, определяющим эффективность учебной деятельности студентов высшей школы, можно отнести академическую прокрастинацию и учебную мотивацию. Очень многими изученный вид прокрастинации это – академическая прокрастинация. Феномен академической прокрастинации связан с различными особенностями, образованиями личности. В статье анализируются представления по проблеме прокрастинации, ее особенностях, проявления академической прокрастинации в поведении студентов, а также рассматривается проблема учебной мотивации студентов, которой также уделяется особое внимание в психолого-педагогической литературе. Представлены результаты исследования уровня академической прокрастинации и учебной мотивации студентов. Выборку составили 60 студентов факультета философии и психологии дневного отделения, в возрасте 18-22 лет. В исследовании были использованы «Шкала оценки академической прокрастинации» Л.Соломона и Е. Ротблума в адаптации М.В. Зверевой и методика для диагностики учебной мотивации студентов А.А. Реана и В.А. Якунина, в модификации Н.Ц. Бадмаевой. Были выявлены статистически значимые корреляции между факторами академической прокрастинации и учебными мотивами студентов. Знания об особенностях взаимосвязи академической прокрастинации и учебной мотивации студентов могут быть использованы в разработке рекомендаций по работе со студентами, страдающими тенденцией откладывать выполнение важных учебных дел.

**Ключевые слова:** студент вуза, академическая прокрастинация, студенчество, учебная деятельность, учебная мотивация.



S.O. Burlenova<sup>1</sup>, R.Sh. Sabirova<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Karaganda Buketov University  
Karaganda c., Kazakhstan

## RESEARCH OF ACADEMIC PROCRASTINATION AND ACADEMIC MOTIVATION OF HIGH SCHOOL STUDENTS

### *Abstract*

The significant factors that determine the effectiveness of the educational activities of students of higher education include academic procrastination and learning motivation. The type of procrastination that has been studied by many is academic procrastination. The phenomenon of academic procrastination is associated with various personality traits and formations. The article analyzes the views on the problem of procrastination, its features, manifestations of academic procrastination in the behavior of students, and also considers the problem of students' educational motivation, which is also given special attention in the psychological and pedagogical literature. The results of a study of the level of academic procrastination and learning motivation of students are presented. The sample consisted of 60 full-time students of the Faculty of Philosophy and Psychology, aged 18-22 years. The study used the Procrastination Assessment Scale for Students by L. Solomon and E. Rothblum, adapted by M.V. Zvereva and the methodology for diagnosing the educational motivation of students A.A. Rean and V.A. Yakunin, modified by N.Ts. Badmaeva. Statistically significant correlations were found between the factors of academic procrastination and students' learning motives. Knowledge about the features of the relationship between academic procrastination and students' learning motivation can be used to develop recommendations for working with students who tend to postpone important academic tasks.

**Keywords:** university student, academic procrastination, student period, academic activity, educational motivation.

### **Кіріспе.**

Психологияда прокрастинация белгілі бір проблемаларды тудыруы мүмкін екеніне қарамастан, жоспарланған әрекеттерді саналы түрде кейінге қалдыру ретінде анықталады [1]. Прокрастинация тұлғаның мотивациялық сферасымен тығыз байланысты жүріс-тұрыстық, эмоционалдық және когнитивтік компоненттерді қамтитын күрделі, психологиялық гетерогенді құбылыс болып табылады.

Студенттік жас – бұл адам өміріндегі маңызды кезең. Өзіне деген сенімділікті және өндірістік қызметке деген қабілетін арттыратын және болашақта өзін-өзі табысты жүзеге асырудың негізін қалайтын білім беру мен кәсіби жетістіктер маңызды. Қазіргі өмір сүру жағдайы адамнан, әсіресе студенттен де, жоғары ұтқырлықты, өзін-өзі ұйымдастыру деңгейін, сондай-ақ белгісіздік жағдайында тез әрекет ету қабілетін талап етеді. Өмір оқиғаларының осындай қозғалуының салдарынан жас ұрпақтың белсенді қызметін төмендететін әртүрлі қолайсыз феномендер орын алады. Олардың бірі прокрастинация болып табылады. Прокрастинация барлық жасқа тән болса да, ол студенттер арасында ең көп таралған.

Адамның тәуелсіздігі мен жауапкершілігіне елеулі талаптар қоятын қазіргі қоғам жағдайында сипатталған құбылыс проблемасының өзектілігі артады. Прокрастинацияның алғашқы ғылыми зерттеулері 70-ші жылдары пайда болды [2]. Бұл ретте, осы психологиялық феноменнің қазақстандық ортада кең таралғанына қарамастан, біздің елімізде мұндай зерттеулер іс жүзінде жоқ. Көптеген ғалымдар ұқсас ұғымдарды зерттеуге тырысады: жалқаулық, ерік-жігердің болмауы, ұйымдастырушылық дағдылардың дамымауы, жеке уақытты басқаруды онтайландыру. Алайда, психологиялық құбылыс ретінде, прокрастинация жоғарыда аталған конструктпен шектелмейді.

Прокрастинацияның сипаты психодинамикалық мектеп теорияларында, бихевиориялық, когнитивтік психологияда, сонымен қатар уақытша мотивацияның интегративті теориясында көрініс табады. Бұл төрт теориялық көзқарас соңғы жылдардағы прокрастинация феноменін зерттеуге жетекшілік етеді.

Тұлғаның табыстылығы мен өнімділігінің төмендеуі, оқу және кәсіби ортадағы кедергілер, өз сәтсіздіктерінің терең эмоционалды күйзелістері, кінә сезімі, өз іс-әрекетінің нәтижелеріне қанағаттанбаушылық – осының барлығы осы феноменнің теріс салдары болып табылады [3]. Осыған байланысты студенттік жас топтары өкілдерінің прокрастинациясының пайда болуына не әсер етеді және олар немен байланысты деген сұрақтар туындайды.

Прокрастинация - тұрақты, «созылмалы» «кейінге қалдыру» ретінде көрінетін, адам үшін маңызды және өзекті істердің бір рет қайталанатын (және субъективті уайымның белгілі бір циклынан өтіп бара жатқан), субъектінің теріс салдарларды түсінуіне және қайтадан ауыр эмоционалдық жағдайды бастан кешіруіне қарамастан, кең таралған құбылыс.

Бұл құбылыстың теріс салдары (тиімділік пен өнімділіктің төмендеуі) адамның кәсіби саласында (жұмыс, мансаптық құрылыс) ғана емес, сонымен бірге адам қызметінің басқа салаларында (мектепте, отбасында және тұлғааралық қатынастарда) өсуіне және дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

Австриялық ғалым Дж.Б. Бурка осы прокрастинация құбылысын зерттей отырып, барлық прокрастинаторлар шекаралары жеке белгіленетін белгілі бір фазалардан өтетінін анықтады. Автордың пікірінше, барлық прокрастинаторлардың кейбіреуі ғана маңызды істерді кейінге қалдырмау туралы уәделерін орындайды, ал олардың көпшілігі «прокрастинация циклінен» қайта-қайта өтеді [4].

Н.Милграм бірлескен авторлармен бастапқыда прокрастинацияның бес түрін анықтады:

- 1) күнделікті (тұрмыстық), яғни үнемі жасалуы керек үй жұмыстарын кейінге қалдыру;
- 2) шешім қабылдаудағы прокрастинация;
- 3) невротикалық, яғни мамандық таңдау немесе отбасын құру сияқты өмірлік маңызды шешімдерді кейінге қалдыру;
- 4) компульсивті, онда адамда прокрастинацияның екі түрі біріктіріледі – жүріс-тұрыстық және шешім қабылдауда;
- 5) академиялық, яғни оқу тапсырмаларын орындауды, емтиханға дайындықты кейінге қалдыру [5].

Кейінірек Милграм және Тени бұл түрлерді екіге біріктірді: тапсырмаларды кейінге қалдыру және шешім қабылдауды кейінге қалдыру.

Шетелдік авторлар адам жүріс-тұрысын анықтаудың 3 негізгі критерийін прокрастинация ретінде анықтайды: қарсы өнімділік, пайдасыздық және кейінге қалдыру [6].

Прокрастинация туралы шетелдік зерттеулерді талдап, қорытындылай келе, бұл құбылыстың 3 негізгі құрамдас бөлігінің болуы туралы айтуға болады: жүріс-тұрыстық, когнитивтік және эмоционалдық. Прокрастинацияның жүріс-тұрыстық компоненті үйренудің формасы, бирнеше рет бекітілетін жүріс-тұрыс ретінде қарастырылады. Прокрастинация когнитивті бұзылыстың нәтижесі ретінде көрінуі мүмкін. Бұл мәселелердің қабілетке немесе интеллектке ешқандай қатысы жоқ, бірақ прокрастинаторлардың уақытты адекватты түрде қабылдауы және бағалауы қиынға соғатыны анықталды [7].

Прокрастинаторларда көбінесе өмірдің барлық салаларына таралатын перфекционистік көзқарастар болады. Мұндай көзқарастар сәттіліктен немесе сәтсіздіктен қорыққандықтан жиі көрінетін прокрастина-тордың иррационалды сенімдерін көрсете алады.

Сонымен, прокрастинация күрделі құбылыс, оны түсіндіретін негізгі теорияларға сүйене отырып, келесі компоненттерді қамтиды: жүріс-тұрыс компоненті (адам жүріс-тұрысының тұрақты механизмі ретіндегі кейінге қалдыру), когнитивтік компонент (іс-әрекет нәтижелерін сезіну ерекшелігі, сондай-ақ іс-әрекетті орындауға ынталандыру), эмоционалдық компонент (жоғары алаңдаушылық, эмоционалдық шамадан тыс жүктеме, сәтсіздік қорқынышы және невротикалық), сондай-ақ бейсаналық компоненті (мазасыздық жоғарлағанда және тапсырманы орындау жағдайын бағалау кезінде туындайтын тұлғаның қорғаныс механизмі ретіндегі кейінге қалдыру).

Деректерге сәйкес, прокрастинация оқудағы қиындықтарды тудыратын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Осыған байланысты прокрастинацияны зерттеуде жеке бағыт бөлінеді – академиялық прокрастинация деп аталады [8].

Академиялық прокрастинация оқу тапсырмаларын орындаудың кешігуін білдіреді және оқу дағдыларының қалыптаспауымен, ұйымдаспаушылықпен, ұмытшақтықпен, жалпы жүріс-тұрыс қатандығымен байланысты. Мұндай жүріс-тұрыстың салдары көп жағдайда оқу үлгерімі мен оқу нәтижелерінің төмендеуі болып табылады.

Академиялық прокрастинация ең алдымен оқу іс-әрекетінде қалыптасады және көрінеді, бұл осы құбылысты осы жағдайлармен бірге зерттеуді қажет етеді. Оқу мотивациясының мәселесі, көптеген авторлардың пікірінше, психологияда ерекше маңызға ие, өйткені тәрбиелік мотивация оқу процесінің табыстылығын анықтаушы фактор болып табылады. Оқу іс-әрекеті – уақыт шегінде болатын процесс, мұнда уақыт ең маңызды ресурс болып табылады. Сол оқу іс-әрекетінде студенттер оқу тапсырмаларын орындау кезінде уақытты басқаруда қиындықтарға тап болады, бұл олардың кейінге қалдырылуынан және тіпті орындалмауынан көрінеді, бұл жағымсыз салдарға әкеледі.

Университет студенттерінің оқу іс-әрекетіне көптеген факторлар әсер етеді. Білім берудің табыстылығын анықтайтын маңызды факторларға университет студенттерінің белсенділігін академиялық прокрастинация мен оқу мотивациясына жатқызуға болады.

Оқу мотивациясы мотивацияның кез келген басқа түрлері сияқты жүйелі, бағыттылығымен, тұрақтылығымен және динамизмімен сипатталады. Сонымен бірге оқытудың әртүрлі кезеңдерінде өзара әрекеттесетін қажеттіліктер мен мотивтердің корреляциясының дамуы, жетекші басым қажеттіліктердің

өзгеруі және олардың иерархиясы байқалады. студенттің оқу әрекетінің түрлерінің өзгеруі барысында оның пәні мен мотивтері өзгереді. Оқу іс-әрекеті дамыған сайын оның мағынасы «психологиялық шешуші» болып, мотивация функциясына ие болады. Мотив «өтпелі, кездейсоқ сыртқы ынталандыру» емес, жеке формацияға айналады, студенттің оқу мақсаттары мен міндеттерін тұлғалық маңызды және қажетті деп қабылдауында көрініс табады [9].

Мотивация кез келген іс-әрекеттің, соның ішінде оқытудың негізі болып табылады. Оқу іс-әрекетін мотивациялау мәселесімен айналысатын ғалымдар оны дамыту мен сақтаудың үлкен маңызын атап көрсетеді [10]. Оқу мотивациясы танымдық белсенділікті қалыптастырудың, ойлауды дамытудың, жеке тұлғаның табысты кәсіби іс-әрекетіне қажетті білімді меңгерудің кепілі болып табылады. Көптеген зерттеулерге сәйкес, прокрастинация оқу қиындықтарына әкелетін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Алайда, қазіргі уақытта медиа, интернет, әлеуметтік желілер сияқты ақпарат көздері ұсынатын үлкен ақпарат болған кезде, студентті жүйелі оқытуға, оқу әдебиеттерімен жүйелі жұмыс істеуге және оқу процесінде білімді тиімді пайдалануға ынталандыру өте қиын.

Студенттердің оқу мотивациясының ерекшеліктерін және прокрастинация құбылысын зерттеу университеттегі педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін арттыру мәселелерін шешуге көмектеседі.

**Зерттеу әдіснамасы.** Эмпирикалық материалды жинау үшін Л.Соломон мен Е.Ротблюмның М.В. Звереваның бейімделуіндегі академиялық прокрастинацияны бағалау шкаласы (Procrastination Assessment Scale for Students, PASS) қолданылды. Бұл әдістеме академиялық прокрастинация жиілігін, оның ықтимал себептерін және «прокрастинатордың» жеке сипаттамаларын анықтауға және бағалауға бағытталған. Түпнұсқа әдістемені 1984 жылы Л.Соломон мен Е.Ротблюм авторлары жасаған [11]. Екінші әдістеме ретінде А.А. Реан және В.А. Якунинның Н.Ц. Бадмаевтың модификациясындағы студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеменің мақсаты студенттердің оқу мотивациясын анықтау болып табылады [12]. Зерттеу Қарағанды қаласының жоғары рейтингтік жоғары оқу орны – Қарағанды Бөкетов университетінің базасында жүргізілді. Зерттеу таңдамасы 18-22 жас аралығындағы философия және психология факультетінде оқитын 60 студенттен құралды. Алынған мәліметтер математикалық статистика әдістерін қолдану арқылы өңделді. Математикалық өңдеуде Спирменнің rs рангтік корреляция коэффициенті қолданылды.

**Зерттеу нәтижелері және қорытынды.**

Бірінші кезекте студенттердің академиялық прокрастинация деңгейі зерттелді. Л.Соломон мен Е.Ротблюмның М.В. Звереваның бейімделуіндегі академиялық прокрастинацияны бағалау шкаласы бойынша алынған есептеу көрсеткіштері 1-кестеде берілген.

Кесте 1

Студенттердің прокрастинация деңгейінің көрсеткіштерінің нәтижелері

Прокрастинация факторлары	М	δ
Әлеуметтік мазасыздану	2,62	0,68
Жалқаулық	2,81	0,97
Сынақ	1,62	0,73
Нашар перфекционизм	1,78	0,67
Ұйымдастырушылық	2,83	0,96
Сәтсіздіктерден қашу	3,68	0,66
Импульсивтілік	2,71	0,89
Өзін-өзі бақылау	3,98	0,7

Сөйтіп, студенттердің академиялық прокрастинация факторлары бойынша келесі нәтижелер анықталды:

«Әлеуметтік мазасыздық» факторы бойынша студенттердің 47%-і жоғары, 36%-і орташа және 17%-і төмен деңгейді көрсетті. Бұл фактордың сұрақтары адамға тән жалпы мазасыздануды көрсетеді.

«Жалқаулық» факторы бойынша студенттердің 52%-і жоғары, 34%-і орташа, 14%-і төмен деңгейді көрсетті. Бұл фактордың сұрақтары жалқаулықтың жиі көріністерімен байланысты.

«Сынақ» факторы бойынша студенттердің 24%-і жоғары, 48%-і орташа, 28%-і төмен деңгейді көрсетті. Бұл фактордың сұрақтары «белсенді прокрастинаторлар» деп аталатындардың жүріс-тұрысын көрсетеді. Мұндай «прокрастинаторлар» тапсырманы соңғы минутта орындауға бейім, өйткені тапсырмаға қажетті ағзаның белсендіруі соңғы сәтте ғана болады.

«Нашар перфекционизм» факторы бойынша студенттердің 20%-і жоғары, 30%-і орташа және 40%-і төмен деңгейді көрсетті. Бұл фактор бойынша сұрақтар «невротикалық перфекционизммен» тікелей байланысты: басқалардың сынына ұшыраудан қорқу, жасалған нәрсеге үнемі қанағаттанбау, қателіктерді болдырмау туралы ойлар, үлкен үміттер.


«Ұйымдастырушылық» факторы бойынша студенттердің 36%-і жоғары, 38%-і орташа және 26%-і төмен деңгейді көрсетті. Бұл факторға кіретін сұрақтар тұлғалық қасиетке – «ұйымдастыруға», адамның өз іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру қабілетіне қатысты.

«Сәтсіздіктерден қашу» факторы бойынша студенттердің 36%-і жоғары, 44%-і орташа, 20%-і төмен деңгейді көрсетті. Бұл фактордың сұрақтары ерекше тұлғалық сипатты көрсетеді – мақсатқа жету жағдайында шығындарды азайтумен сипатталатын сәтсіздіктерді болдырмау мотивациясы.

«Импульсивтілік» факторы бойынша студенттердің 32%-і жоғары, 46%-і орташа, 22%-і төмен деңгейді көрсетті. Сұрақтар импульсивтілікті тұлғаның ерекшелігі ретінде көрсетеді, бұл жеткілікті саналы бақылаусыз әрекет ету тенденциясын білдіреді.

«Өзін-өзі бақылау» факторы бойынша студенттердің 20%-і жоғары, 40%-і орташа, 40%-і төмен деңгейді көрсетті. Бұл фактордың сұрақтары «өзін-өзі бақылау» сияқты жеке сипаттаманы толығымен көрсетеді.

Көрнекті түрде прокрастинация факторлары бойынша есептеу көрсеткіштері 1-суретте берілген.



Сурет 1. Академиялық прокрастинацияның есептеу көрсеткіштері

Сонымен, студенттердің көпшілігі «Әлеуметтік мазасыздану», «Жалқаулық» факторлары бойынша жоғары деңгей көрсетті, яғни мұндай тұлғалар жетекшілері олардың жұмысы ұнамайды деп алаңдайды, олар ұзақ уақыт бойы нені қосуды және нені қоспау керектігін шеше алмайды, тапсырманы орындау үшін білімі жеткіліксіз деп есептейді, тапсырманы соңғы минутта орындаудан ләззат алады, тапсырманы жақсы орындай алатынына сенімді емес, олар үшін басқа адамдармен байланысу қиынға соғады, ақпаратқа сенімді емес, жұмысының сәйкес келмейтініне алаңдап, өздеріне өте жоғары талаптар қойып, оларды қанағаттандыра алмайтындығына алаңдайды. Олар сондай-ақ есептерді жазуды ұнатпайды, оларда бастау үшін күш/қуат болмайды, бұл студенттер тапсырманың тым ұзаққа созылып жатқанын сезінеді, мұндай тұлғалар басқалардың да әлі бастамағанын біледі, олар қағазды жазуда жалқаулықты көрсетеді. Яғни университетте оқу және студенттердің бос уақытын өткізу кейбір адамдарды босаңсытады, ал кейбіреулерді одан да көп жұмыс істеуге «мәжбүрлейді». Адам өз істерін «ертеңге» кейінге қалдырған сайын, ол алаңдаушылық, бірдеңе істей алмай қалу қорқынышы пайда болады және осыдан өзіне, оның істеріне және ол істеу керек екеніне қанағаттанбау сезімі пайда болады.

Студенттердің көпшілігі «Нашар перфекционизм» факторы бойынша төмен балл жинады, яғни олар сыныптасының баяндамасын аяқтауын және кеңес беруін күтпейді, басқалар тапсырған тапсырмаларды орындау қажеттілігіне ренжімейді. Егер олар өз жұмысын өте жақсы орындаса, әріптестері бұған наразы

болады деп уайымдамайды, олар қатаң мерзім беретін адамдарға ашуланбайды, егер олардың жұмыстарының нәтижелері жақсы бағаланса, болашақта олардан көп нәрсе күтеді деп қорықпайды, олар жетекші жұмысты орындау үшін қосымша ақпарат береді деп үміттенеді.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, прокрастинация студенттердің өмірінде бар және олардың белсенділігіне айтарлықтай әсер етеді деп қорытынды жасауға болады.

Келесі кезекте студенттер оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі (А.А. Реан және В.А. Якунин, Н.Ц. Бадмаевтың модификациясы) арқылы нәтижелер алынды.

Студенттердің оқу мотивациясы бойынша келесі нәтижелер анықталды:

Мотивация құрылымында коммуникативті мотивтер (24%) бірінші орынға шықты. Бұл мотивация жалпы студенттік кезең үшін маңызды. Яғни, көптеген студенттер университетте оқу кезеңін қарым-қатынас жасау, жаңа таныстар алу және достар шеңберін кеңейту мүмкіндігі ретінде қарастырады.

Зерттеу таңдамасында маңыздылығы бойынша екінші орында кәсіби мотивтер (21%) орын алды. Яғни, бұл тұлғалар мамандықты таңдауы саналы болғанын және олар осы мамандыққа мақсатты түрде түскенін білдіреді.

Үшінші орында студенттердің көпшілігінде шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру мотивтері (19,5%) орын алды. Бұл олардың оқу процесіне бағытталғандарын көрсетеді.


Студенттер келесі орынға оқу-танымдық мотивтерді (16,5%) қойды, яғни дәстүрлі оқытудың тәрбиелік-танымдық мотивтері, оның негізгі мақсаты нәтиже – білім.

Бесінші орында бедел мотивтері (8,8%) шықты. Бедел мотивтері – өз мамандығының білімінің арқасында үздік болуға ұмтылу. Мұндай студенттерді тек білім алу ғана емес, сонымен қатар үздіктер қатарынан көрінуге деген ұмтылыс итермелейді, олар студенттік өмірдің әртүрлі салаларында (оқу, спорт, қоғамдық жұмыс және шығармашылық жұмыс) өзін көрсетуге тырысады. Олар оқуды өзін-өзі бекіту мүмкіндігі ретінде, өздерінің қандай екенін көрсету тәсілі ретінде пайдаланады. Бұл оқу-танымдық және кәсіби мотивацияны арттыратын фактор. Мұндай студенттер үшін мақұлдау, құрмет, мойындау маңызды.

Алтыншы орында қашу мотивтері (6,8%) орын алды. Қашу мотивтері – сәтсіздіктерден, қателіктерден аулақ болу мотивтері. Бұл басқалардан кем болмау ниеті, бұл беделді мотивтерге қарама-қайшы.

Әлеуметтік мотивтер (3,4%) соңғы болып келді. Яғни борыш сезімі, басқалар алдындағы жауапкершілік, ата-ананың үмітін ренжітпеу немесе ақтамау шешуші емес.

Көрнекті түрде студенттердің оқу мотивация бойынша есептеу көрсеткіштері 2-суретте берілген.



Сурет 2. Академиялық прокрастинацияның есептеу көрсеткіштері

Сөйтіп, зерттеу таңдамасында коммуникативті, кәсіби, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру мотивтері мыңызды екені анықталды. Қарым-қатынас адам әрекетінің негізгі түрлерінің бірі бола отырып, коммуникативті мотивация адамның іс-әрекетіне әсер етіп, әр түрлі іс-әрекеттегі, оның ішінде танымдық қабілеттердің дамуына ықпал ететінін атап өткен жөн. Бұл мотивация оқу іс-әрекетінде жалпы ақыл-ой қабілеттерін дамытуға өз әсерін тигізеді. Кәсіби мотивтер – бұл өз кәсібін деген қызығушылық, жоғары білікті маман болу қажеттілігі, кәсіби білім, білік алуға және өз кәсібін сәтті игеруге деген қызығушылық. Шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру мотивтері өз қабілеттерін неғұрлым толық анықтауға және дамытуға және оларды жүзеге асыруға ұмтылумен, мәселелерді шешуге шығармашылық көзқараспен байланысты. Яғни, студенттер көп жағдайда оқуға және болашақ мамандығына шығармашылық, стандартты емес қатынасқа, адамдардың өмірі мен қызметінің мәселелерін шешуде жаңа нәрсені іздеуге және ашуға бағытталады.

Студенттер таңдамасында маңыздылығы төмен мотивтер ретінде қашу және әлеуметтік мотивтер шықты. Сәтсіздіктерден қашу мотивтерімен «марканы сақтау» керек, не болса да жақсы оқу керек, нашар оқуға шағымдар болмас үшін, қабілетті және болашағы бар адам бейнесін жоғалтпау үшін және т.б. Қашу мотивтері әлеуметтік мотивтерден алда келеді, яғни, бұл оқу процесіне байланысты белгілі бір алаңдаушылық, белгісіздік жағдайының бар болуын көрсетуі мүмкін. Жоғары білім алуға деген көзқарас ертеңгі күнге сенімділік беретін табысты өмірдің негізі ретінде, болашақта материалдық әл-ауқатты қамтамасыз ету-бұл студенттің ЖОО-ға түсу себептері емес.

Келесі кезекте студенттердің прокрастинация мен оқу мотивация көрсеткіштерін Спирменнің рангтік корреляция коэффициенті арқылы салыстыру барысындағы есептеулер студенттердің «Әлеуметтік мазасыздық» факторы бойынша прокрастинация деңгейі мен «Сәтсіздіктерден қашу» мотивтер көрсеткіштері ( $r_s=0,31$ ) арасында байланыс бар екенін анықтады. Яғни, жетекшілері олардың жұмысы ұнамайды деп алаңдайтын, олар ұзақ уақыт бойы нені қосуды және нені қоспау керектігін шеше алмайтын, тапсырманы орындау үшін білімі жеткіліксіз деп есептейтін студенттер оқу процесіне байланысты белгілі бір алаңдаушылық, белгісіздік жағдайының бар болуын көрсетуі мүмкін және тапсырмалардың орындалуын кейінге қалдырады.

Студенттердің «Ұйымдастырушылық» факторы бойынша прокрастинация деңгейі мен «Кәсіби» мотивтер көрсеткіштері ( $r_s=0,42$ ) арасында байланыс бар екені анықталды. Яғни, өз іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру қабілеті жоғары тұлғаларда кәсіби білім, білік алуға және өз кәсібін сәтті игеруге деген қызығушылық жоғары болады.

Сөйтіп, студенттердің прокрастинация мен оқу мотивациясын эмпирикалық зерттеу нәтижелерін талдау бойынша келесі түйіндерге әкелді: академиялық прокрастинация деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым кәсіби мотивтері төмен болады және қашу мотивтері жоғары болады. Жұмыстың күрделілігі, монотондылығы немесе маңыздылығының артуы, адамның белгілі бір жұмыстарды орындауға құлықсыздығы, адам шектеулі уақыттан бастап қандай да бір толқуды сезінуге ұмтылатын тәуекел сезімі - мұның бәрі тұлғаның прокрастинациялаушы жүріс-тұрысына әсер етеді. Істерді кейінге қалдыруға тенденция сияқты мәселе өзекті болып табылады және нақты, толықтай зерттеуді және оны төмендету мен түзетудің ең жақсы жолдарын іздеуді талап етеді. Алынған нәтижелер прокрастинация мәселесін одан әрі теориялық зерттеуде пайдалы болуы мүмкін, сонымен қатар осы психологиялық құбылыспен жұмыс істеу кезінде практикалық маңызы зор. Зерттеудің нәтижелері әмбебап оқу бағдарламаларын және оқығудың әртүрлі бағыттарының студенттері үшін прокрастинацияның жоғары деңгейін төмендету бойынша ұсыныстарды әзірлеуде үлес қосады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Steel P. *The nature of procrastination: A meta-analytic and theoretical review of quintessential self-regulatory failure. Psychological Bulletin*, 133, 2007. P. 65-95.- DOI:10.1037/0033-2909.133.1.65
2. McCown W., Johnson J., Petzel T. *Procrastination, a principal component analysis. Personality and Individual Differences*, 10, 1989. P. 197-202. - [https://doi.org/10.1016/0191-8869\(89\)90204-3](https://doi.org/10.1016/0191-8869(89)90204-3)
3. Tron' T. M. *Fenomen prokrastinacii: prichiny vozniknoveniya // Psihologiya. Istoriko-kriticheskie obzory i sovremennye issledovaniya*. – 2017. – № 6 (2A). – S. 88 – 95.
4. Kovylin V.S. *Teoreticheskie osnovy izucheniya fenomena prokrastinacii // Lichnost' v menyayushchemsya mire: zdorov'e, adaptaciya, razvitie*. – 2013. – № 2 (2). – S. 22-41.
5. Varvaricheva YA.I. *Fenomen prokrastinacii: problemy i perspektivy issledovaniya // Voprosy psichologii* – 2010. – №3. – 2010. – S. 121-131.
6. Ferrari J.R. *Procrastination and task avoidance: Theory research and treatment / J.R. Ferrari, J.L. Johnson, W.G. McCown*. – New York: Plenum Press, 1995. – 268 p.
7. Burka, J. B. *Procrastination: Why You Do It, What to Do About It Now/ J. B. Burka*. – Da Capo Press, 2008. – 340 p.
8. Ishkov A.D. *Uchebnaya deyatel'nost' studenta: psihologicheskie faktory uspeshnosti*. - M.:ASV, 2004. - 224 s.
9. Gerasimova A.S. *Psihologo-pedagogicheskie usloviya stanovleniya i razvitiya uchebnoj motivacii studentov // Znanie. Ponimanie. Umenie*. - 2011. - №4. - S. 224-230.
10. Akpur U. *Predictive and Explanatory Relationship Model between Procrastination, Motivation, Anxiety and Academic Achievement // Eurasian Journal of Educational Research*. 2017. Vol. 69. P. 221-240. - <http://dx.doi.org/10.14689/ejer.2017.69.12>
11. Zvereva M.V. *Adaptaciya oprosnika PASS na rossijskoj vyborke // Psihologicheskaya nauka i obrazovanie*. – 2015. – T.20. – №1. – S. 79-84.
12. Rean A.A. *Prakticheskaya psichodiagnostika lichnosti: Ucheb. Posob.* - SPb.: SPb universiteta. – 2001. – 224 s.

С.Т. Мамадалиев<sup>1</sup>, А.Н. Аутаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

<sup>1</sup> Алматы, Қазақстан

Sanzhar\_sherlock@mail.ru

## АРНАЙЫ ПЕДАГАГТАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ БАРЫСЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

*Аңдатпа*

Білім беру кеңістігі жетіліп, аталмыш өзгерістер оқытудың инновациялық әдістері мен формаларын іздеуді қарастырады. Сондықтан, білім беру үрдісінде, соның ішінде біз қарастырып отырған арнайы педагогтарды даярлау барысында болашақта ерекше білім беру қажеттіктері бар балалармен түзетушілік - дамытушылық жұмысты олардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік беретін білім беру технологияларының кең ауқымын қолдана білу маңызды. Олардың бірі - оқытудың жобалық технологиялары саналады. Жүйелі ұйымдастырылған іс-әрекет ретінде жобалық әдістің болашақ мамандардың кәсіби күзінеттілігін қалыптастыру мен дамытуда маңызы өте зор. Болашақ нысанның немесе іс-әрекет тәсілінің түйінді сипатталған образы ретінде жобалық әдіс тек оқу танымдық ғана емес, сонымен қатар танымдық, ойын және шығармашалық, зерттеушілік іс-әрекет болып, оның нәтижесі жобаны қолдану контекстінде белгілі бір мәселелерді немесе қиындықтарды шешу саналады. Педагогикалық үрдістің бүтіндігін қамтамасыз ете отырып, жобалық әдіс білімді тереңдетіп, зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Жобалық әдіс контекстінде оқытуды сауатты ұйымдастыру үшін оның әдіснамасы мен психологиялық педагогикалық аспектілерін білу маңызды. Мақалада арнайы педагогтарды кәсіби даярлау барысында оқытудың жобалық технологиясын қолданудың педагогикалық-психологиялық аспектілері

**Кілттік сөздер:** жобалық әдістер, технологиялар, арнайы білім беру, арнайы педагогтарды даярлау

Мамадалиев С.Т.<sup>1</sup>, Аутаева А.Н.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

<sup>1</sup> Алматы, Казахстан

Sanzhar\_sherlock@mail.ru

## ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРОЕКТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ

*Аннотация*

Образовательное пространство совершенствуется и изменения, заставляет искать инновационные методы и формы обучения. Поэтому, в образовательном процессе, в том числе при подготовке специалистов по специальной педагогике очень важно уметь использовать обширные арсеналы образовательных технологии, которые в будущем помогут студентам правильно организовать коррекционно – развивающую работу с детьми с особыми образовательными потребностями, с учетом их индивидуальных особенностей. Одним из них являются проектные технологии обучения. Как системно организованная деятельность проектный метод имеет большую значимость в формировании и развитии и профессиональной компетентности будущих специалистов. Как детально описанный образ будущего объекта или способа деятельности, проектный метод это не только учебно - познавательная, но и игровая, творческая и исследовательская деятельность, результатом которого является решение проблемы или вопроса в контексте использования проекта. Обеспечивая целостность педагогического процесса проектный метод помогает углубить знания и развивать навыки исследовательской деятельности. Для того, чтобы грамотно организовать обучение в контексте проектного метода, очень важно владеть методологией и психолого-педагогическими аспектами. В статье рассматриваются психолого-педагогические аспекты использования проектной технологии обучения в профессиональной подготовке специальных педагогов.

**Ключевые слова:** проектные методы, технологии, специальное образование, подготовка специальных педагогов

Mamadaliyev S.T.<sup>1</sup>, Autayeva A.N.<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University  
<sup>1</sup>Almaty, Kazakhstan  
Sanzhar\_sherlock@mail.ru

## PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL ASPECTS OF THE USE OF PROJECT-BASED LEARNING TECHNOLOGY IN THE PROFESSIONAL TRAINING OF SPECIAL EDUCATIONAL TEACHERS

### Abstract

The educational space is being improved and changes are forcing us to look for innovative methods and forms of education. Therefore, in the educational process, including in the training of specialists in special pedagogy, it is very important to be able to use extensive arsenals of educational technologies that in the future will help students to properly organize correctional and developmental work with children with special educational needs, taking into account their individual characteristics. One of them is project-based learning technologies. As a systemically organized activity, the project method is of great importance in the formation and development of the professional competence of future specialists. As a detailed image of the future object or method of activity, the project method is not only educational and cognitive, but also playful, creative and research activities, the result of which is the solution of a problem or question in the context of the use of the project. By ensuring the integrity of the pedagogical process, the project method helps to destroy knowledge and develop research skills. In order to competently organize training in the context of the project method, it is very important to know the methodology and psychological and pedagogical aspects. The article discusses the psychological and pedagogical aspects of the use of project-based learning technology in the professional training of special teachers

**Keywords:** project methods, technologies, special education, training of special educational teachers

**Кіріспе.** Еліміздің дамуының жаңа кезеңдері жоғарғы педагогикалық білім беру сапасына және мазмұнына жаңа талаптар қойып, кәсіби педагогикалық іс-әрекетте кешенді міндеттерді нәтижелі шешуге қабілетті, бәсекеге қабілетті түлектерді дайындаудың жаңа жолдарын қарастыруды негіздеді. Болашақ педагогтардың, соның ішінде біз қарастырып отырған арнайы педагогтарды даярлау барысында олардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру жолында оқытудың жобалық технологияларын қолданудың маңыздылығы зор.

**Негізгі бөлім.** Білім беру технологиялары мұғалімнің ұйымдастырылған іс-әрекеті болып, оған белгілі құндылығы мен кезектілігі бар, және қажет нәтижеге қол жеткізуге жетелейтін іс-әрекеттер кіреді. Е.Алисов бойынша, білім беру технологиялары екі түрлі аймақта өз тамырын көрсетеді: бірінші жағынан білім беру үрдісінің нәтижелілігін көтеруге ықпал ететін техникалық құралдарды жасау мен қолдану болса, екінші жағынан шеңберінде білім беру іс-әрекетінің нәтижелерін беру мен орындау мүмкін болатын білімнің гуманитарлы аймағы болып келеді. [1, б.34]. Білім беру технологиясы ретінде педагогикалық іс-әрекеттің педагогикалық мүмкіндіктері белсенді оқыту әдістерін білім беру үрдісінде қолдану мен өзектендіру арқылы жүзеге асырылады.

Алынған мәліметтер гинекологиялық саладағы бұзылыстары бар сау және қыздар да нәтижесіз нейробиологиялық шиеленістің төмен деңгейімен сипатталатындығын көрсетеді. Олардың белсенді қызметке деген көзқарасы басым, энергетикалық қоры бар. Мотивациялық қызмет жағдайында олар жедел және ұзақ мерзімді қиындықтарға тап болмайды-ақпаратты есте сақтау, олар өткір сезімдерге ұмтылмайды, стресстік жағдайлардан абыроймен шығады. Зерттелетін екі топтағы вегетативті коэффициенттің көрсеткіші физикалық және психикалық ресурстарды оңтайлы жұмылдырумен, белсенді әрекетке орнатумен сипатталады. Төтенше жағдайда бағдарлау мен шешім қабылдаудың жоғары жылдамдығы, іс-әрекеттің орындылығы мен сәттілігі мүмкін. Негізгі топтағы қыздар бақылау тобының қыздарынан үрей деңгейінің өсуі бойынша ерекшеленеді, алайда пациенттер тобындағы ұпайлардың төмен көрсеткіштерін ескере отырып, бұл сау қыздармен салыстырғанда жеке тұлғалық проблемаларға қатысты үлкен әл-ауқаттың дәлелі деп санауға негіз жоқ. Қыздарда депрессия мен депрессияға жақын жағдайларды диагностикалау үшін В.Зунг әдісі қолданылды. 3-суретте u - Манна-Уитни критерийі бойынша топтарды салыстыру нәтижелері көрсетілген, мұнда негізгі топ-гинекологиялық бұзылулары бар жасөспірім қыздар, бақылау тобы-гинекологиялық бұзылулары жоқ жасөспірім қыздар.



Сурет 3. Зерттеу топтарындағы депрессиялық белгілерді салыстырмалы талдау.


Депрессиялық үрдістерді зерттеу топтар арасында статистикалық тұрғыдан сенімді айырмашылықтарды анықтаған жоқ, алайда негізгі топта депрессияның анықталған деңгейі тенденция деңгейінде жоғары екенін атап өткен жөн. Бұл қыздарда депрессияның болуын және көңіл-күйдің төмендеуін көрсетеді. Бұл психопатологиялық симптомдардың ауырлық сауалнамасы (SCL-90-R) арқылы алынған нәтижелермен расталады. Derogatis, мұнда депрессияның деңгейі негізгі топта бақылаумен салыстырғанда едәуір жоғары ( $p < 0,05$ ). Депрессиялық тәжірибе ұсынылған белгілермен анықталмайды деп болжауға болады, өйткені В.Зунга сауалнамасы өзін-өзі есептеу түрінде жасалған.

Айта кету керек, негізгі топтағы қыздар өмір жағдайларына пессимистік көзқараспен, үмітсіздік пен депрессия сезімімен, көбінесе өз әрекеттерін теріс қабылдауға байланысты ауыр өзін-өзі сынаумен, қорлаумен сипатталады. Барлық осы сипаттамалар соматикалық функцияларға тікелей әсер етеді және қалпына келтіру процесін нашарлатуы және баяулатуы мүмкін.

Агрессивті реакцияларды анықтау үшін А.Вусс, А.Дуркей "агрессивтілік және дұшпандық" тест-сауалнамасын қолданды. Тұлғааралық өзара әрекеттесудегі агрессия мен дұшпандықтың негізгі түрлерін зерттеуге арналған сауалнама (деструктивті тенденцияларды, субъективті-объективті қатынастарды, жағымсыз сезімдер мен бағалауды анықтау) агрессия мен дұшпандық көріністерін сапалы және сандық сипаттауға мүмкіндік береді. Агрессивті дегеніміз - бұл негізінен субъектілік қатынастар саласында деструктивті тенденциялардың болуымен сипатталатын жеке қасиет. Дұшпандық адамдар мен оқиғаларға жағымсыз сезімдер мен жағымсыз бағалауды дамытатын реакция ретінде түсініледі.

Агрессия мен дұшпандықтың көріністерін ажырата отырып, реакциялардың 8 түрін ажыратуға болады: физикалық, жанама және ауызша агрессия, тітіркену, негативизм, реніш, күдік және кінә.

4-суретте U-Манна-Уитни критерийі бойынша топтарды салыстыру нәтижелері көрсетілген, мұнда негізгі топ - гинекологиялық бұзылулары бар жасөспірім қыз, бақылау тобы - гинекологиялық бұзылулары жоқ жасөспірім қыз.



**Ескертпе:** \*  $p < 0,05$  деңгейіндегі деректердің статистикалық шынайы айырмашылықтары.

Сурет 4. Зерттеу топтарындағы агрессия сипаттамаларының көрінісін салыстырмалы талдау.

Алынған нәтижелерге сәйкес агрессияның жоғары деңгейі гинекологиялық бұзылулары жоқ жасөспірім қыздарға тән, дені сау қыздар тобында жанама және ауызша агрессияның деңгейі статистикалық тұрғыдан жоғары ( $p < 0,05$ ). Яғни, сау қыздар жағымсыз сезімдердің нысаны (айқай) арқылы да, ауызша жауаптардың мазмұны (қарғыс, қауіп) басқа адамға бағытталған айналмалы жолдар арқылы да көрсетеді.


Негізгі топтағы қыздардың теріс эмоцияларды көрсете алмауы R.Derogatis сауалнамасы арқылы психопатологиялық симптомдардың басым екені анықталған дұшпандықтың жоғары деңгейімен ( $p < 0,05$ ) үйлеседі.

Мүмкін агрессияға арналған немесе оның мәні бойынша З.Фрейд туындаған принципті мүмкін еместігіне мән берген. Супер-Я түсініктемесінің арқасында басқа адамға, жануарларға және жансыз заттарға агрессия саналы немесе бейсаналық ар-ұжданнан өкінумен, кінәні сезінумен бірге жүреді, бұл Супер-Я қорқынышы өзіне қарсы тұру дене және психикалық белгілердің пайда болуына, яғни аурудың белгілеріне айналады. Ауруға бару бұл психологиялық және әлеуметтік мәселелерді физиологиялық жолмен шешуге тырысу, оларды физиологиялық реттеу деңгейіне ауыстырып, оларды ауыр симптомға айналдыру арқылы құтылу (.)


A.Buss, A. Durkey" агрессивтілік және дұшпандық " әдісі бойынша алынған мәліметтер сонымен қатар негативизм шкаласы бойынша көрсеткіш негізгі топта тренд деңгейінде жоғары екенін көрсетеді. Айта кету керек, қыздың теріс көзқарасы негізінен медициналық қызметкерлерге қатысты болды, емдеу әдістеріне шамадан тыс күдік тудырды, бұл пациенттердің медициналық қызметкерлер өкілдерімен көптеген қақтығыстарға әкелді. Шкала бойынша кінә сезімі гинекологиялық саладағы бұзылулары бар қыздар тобында үрдіс деңгейінде көбірек байқалады, бұл сырттан бағытталған агрессия деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді және сол арқылы автоагрессия деңгейін арттырады.

Жасөспірім қыздардың эмоционалды жағдайының ерекшеліктерін зерттеу үшін сызбалар қолданылды: "Өмірде жоқ жануар", "Автопортрет", "Мен және ауру", олар проективтік санатқа жатады және адамның көптеген психологиялық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Біздің зерттеуімізде суреттер жалпы эмоционалды фонды, қыздардың ауруға қатынасын зерттеу, мазасыздық пен агрессивті көріністерді анықтау үшін қолданылды.

5-суретте u-Манна-Уитни критерийі бойынша топтарды үш проективтік әдістеме бойынша салыстыру нәтижелері көрсетілген, мұнда негізгі топ-гинекологиялық саладағы бұзылулары бар жасөспірім қыздар, бақылау тобы-гинекологиялық бұзылулары жоқ жасөспірім қыздар.



Эмоционалды сфераның ерекшеліктерін талдау үшін психопатологиялық белгілердің ауырлығына арналған сауалнама (SCL 90 R) Р.Л.Дерогатис. Бұл сауалнаманың тек 5 шкаласы қыздардың эмоционалдық саласын қарастыру блогына енгізілген, депрессия, алаңдаушылық, дұшпандық, тұлғааралық сезімталдық және фобиялық алаңдаушылық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.



Ескерту: \* -  $p < 0,05$  деңгейіндегі деректердегі статистикалық маңызды айырмашылықтар.

Сурет 6. Зерттеу топтарындағы психопатологиялық белгілердің ауырлық дәрежесінің салыстырмалы талдауы.

Алынған нәтижелер бойынша негізгі топтың қыздары эмоционалдық бұзылулардың кешенімен сипатталады, оның ішінде тұлғааралық сезімталдықтың жоғары деңгейі ( $p < 0,05$ ), алаңдаушылық ( $p < 0,05$ ), дұшпандық ( $p < 0,05$ ), депрессия ( $P < 0,05$ ) және фобиялық мазасыздық

( $p < 0,05$ ). Демек, гинекологиялық бұзылыстары бар қыздарға жеке бастың төмендігі, өзін-өзі айыптау, алаңдаушылық, тұлғааралық өзара әрекеттесу процесінде байқалатын ыңғайсыздық, өмірге қызығушылықтың төмендеуі, мотивацияның болмауы және өмірлік энергияның төмендеуі, сезімнің төмендеуі тән. Үмітсіздік, қобалжудан, ашуланудың және реніштің көрінісі жоғары болып тұр. А.А.

Александровтың айтуы бойынша дұшпандық деңгейі жоғары адамдарда соматикалық аурулардың даму қаупі жоғары, атап айтқанда, медициналық қызметкерлерге дұшпандық көзқарас емдеуге кедергі келтіреді. Сондай-ақ қыздарда белгілі бір адамдар мен жағдайларға қорқыныш реакциясы бар, бұл өз өзімен жүруге әкеледі.

Осылайша, гинекологиялық аурулары бар қыздарға тән эмоционалды тәжірибелер кешені анықталды, оның ішінде ауыр мазасыздық, тұлғааралық сезімталдық, депрессия, дұшпандық, өзін-өзі айыптау. Көптеген қорқыныштардың болуы, бұл аурудың және жалпы госпитализацияның бар екендігінің дәлелі. Қыздардың эмоционалды саласының күйіне күшті стресстік әсерлер болады. Гинекологиялық аурулары бар қыздардың эмоционалды сферасының құрылымындағы жоғарыда аталған сипаттамалардың ауырлығы пациенттердің психикалық бейімделуінде айтарлықтай күрделі қиындықтарға және қиын тәжірибелерге әкелуі мүмкін эмоционалды стресстің болуын көрсетеді, бұл өз кезегінде өзгеріс аурудың ағымын және қалпына келтіруді нашарлатуы мүмкін. Процесті баяулатыңыз

#### References:

1. Venger A.L. *Psichologicheskie risynochnye testy: Illiystrirovannoe rykovodstvo*. - M.: VLADOS-PRESS, 2003. – 160 s.
2. Dýbrovina I. V. *Problemy psichologicheskoi podgotovki molodeji k semeinoi jizni // Voprosy psichologii*. - 1981. - № 4. - s. 146 - 151
3. Ejova N.N. *Rabochaia kniga prakticheskogo psichologa / Izd. 5-e*. - Rostov n/D: Feniks, 2007. – 315 s.: - (*Psichologicheskii praktikým*)
4. Zarianova I.V., Gracheva V.N. «*Tauny moego tela*». - SPb, 1998. - 246s. - (*Formýla zdorovia*)
5. Igýmnov S.A. *Psihoterapiia i psihokorreksiua detei i podrostkov* - M.: Izd-vo Institutá psihoterapii, 2000, - 112s.
6. Izard K.E. *Psihologua emotsu / Per. s angl.* - SPb: Piter, 2002. – 464 s.
7. Ilin E.P. *Differentsialnaia psihofiziologua myjchiny i jenny*. SPb.: Piter, 2003 - 544s. (*Seriia "Mastera psihologii"*)
8. Ilin E.P. *Emotsu i chývstva*. - SPb.: Piter, 2001 - 752s. (*Seriia "Mastera psihologii"*)
9. Isaev D.N. *Emotsionalnyi stress, psihosomaticheskie rasstroistva ý detei*. - SPb.: Rech, 2005. – 400 s.
10. Isaev D.N. *Psihosomaticheskaia meditsina detskogo vozrasta*. - SPb, 1996. - 454s.
11. Kabanov M.V., Lichko A.E., Smurnov V.M. *Psichologicheskuaia diagnostika i korrektsua v klinike*. - L., 1983. – 312 s.
12. Eidemiller E.G, Aleksandrova N.V., Iýstitskis V. *Semeinaia psihologua.Hrestomatua*-

МРНТИ:15.81.21

<https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-7847.38>

Т.Б. Тәжібаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қаласы

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ АГРЕССИЯ МЕН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

### Аңдатпа

Мақала мектеп оқушылары арасындағы агрессия мен зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселесін зерттеуге арналған. Қазіргі таңда оқушылардың мінез-құлқындағы агрессия мен зорлық-зомбылықтың себептері мен психологиялық белгілері, даму мүмкіндіктері қарастырылған. Бұл жұмыста мектеп оқушыларының мінез-құлқындағы агрессия мен зорлық-зомбылықтың алдын алудың бірқатар тиімді жолдары теориялық тұрғыдан талданады. Сонымен қатар мектеп оқушылары арасындағы агрессия мен зорлық-зомбылықтың алдын-алуға бағытталған іс-шаралар бағдарламасын құру мен ұйымдастырудың әлемдік тәжірибеде мойындалған озық үлгілері сипатталып, оларды негізге алудың қажеттілігіне ерекше көңіл бөлінеді.

**Түйін сөздер:** агрессия, агрессивті мінез-құлық, буллинг, зорлық-зомбылық, буллингтің алдын алудың іс-шаралары.

Тажибаяев Т.Б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

## ПРОФИЛАКТИКА АГРЕССИИ И НАСИЛИЯ СРЕДИ УЧАЩИХСЯ

### Аннотация

Статья посвящена исследованию проблемы профилактики агрессии и насилия среди школьников. В настоящее время рассмотрены причины и психологические признаки агрессии и насилия в поведении учащихся, возможности развития.

В данной работе теоретически анализируется ряд эффективных способов предупреждения агрессии и насилия в поведении школьников. Кроме того, описаны признанные в мировой практике передовые модели создания и организации программы мероприятий, направленных на профилактику агрессии и насилия среди школьников, особое внимание уделяется необходимости их принятия за основу.

**Ключевые слова:** агрессия, агрессивное поведение, буллинг, насилие, мероприятия по предотвращению буллинга.

T.B. Tazhibaev<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

## PREVENTION OF AGGRESSION AND VIOLENCE AMONG STUDENTS

### Abstract

The article is devoted to the study of the problem of prevention of aggression and violence among schoolchildren. Currently, the causes and psychological signs of aggression and violence in the behavior of students, development opportunities are considered.

This paper theoretically analyzes a number of effective ways to prevent aggression and violence in the behavior of schoolchildren. In addition, the advanced models recognized in world practice for creating and organizing a program of activities aimed at preventing aggression and violence among schoolchildren are described, special attention is paid to the need to take them as a basis.

**Keywords:** aggression, aggressive behavior, bullying, violence, measures to prevent bullying.

**Кіріспе.** Қазіргі заманау психологияда агрессияны қоғамдық қатынастардың нормалары мен ережелеріне қарама-қайшы келетін, адамдарға физикалық және психологиялық зиян келтіретін қандай да бір адамдардың шабуылы, адамға қорқыныш пен үрей туғызатын деструктивті мінез-құлықтың көрінісі, оның жағымсыз қылықтары ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, адамның агрессивті мінез-құлқын, оның басқаларға байқамай жасаған, кездейсоқ зиян келтіру әрекеттерінен бөлек, қасақана жасалатын іс-әрекеттерде байқалатын мінез-құлықтың түрлерін сипаттайтын ерекшеліктерінің болатындығын айта кеткен орынды. Тіршілік әлеміндегі агрессияның екі түрлі типін ажыратып көрсетуге болады: оның бірі, ашудың айқын көрінісін сипаттайтын әлеуметтік агрессия болса, екіншісі, жыртқыштардың білдірмей әрекет етуінде көрінетін, олардың үнсіз қимыл-қозғалысы болып табылады. Сол секілді адамдағы агрессивтік мінез-құлықтарды да қаскүнемдік және құралдық деп екі түрге бөлуге болады. Қаскүнемдік агрессия адамды басқаларды жеккөруге итермелеп, мақсатқа бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асыруға негіз болса, құралдық агрессия (суық қару қолдану) қандай да бір нәтижеге не алға қойған мақсатқа қол жеткізу үшін құралдарды пайдаланумен байланысты болып келеді. Психологиялық әдебиеттерде агрессивті мінез-құлықтың сипаты мен табиғатын түсіндіретін бірқатар теориялар да бар. Оларға З.Фрейд пен К.Лоренцтің соқыр сезімдер туралы теорияларын, Дж.Доллард пен Л.Бековицтің фрустрациялық агрессия теориясын және агрессияны әлеуметтік үйренудің нәтижесі деп қарайтын А. Бандураның әлеуметтік-когнитивтік теориясын жатқызуға болады [1].

З. Фрейд өзінің психоаналитикалық теориясына сүйене отырып, адамда кездесетін соқыр сезімдердің екі түрін: өмір сүру соқыр сезімі - эрос пен өлім соқыр сезімі – танатосты атап көрсетеді. Оның айтуынша осы екі соқыр сезімдердің бір-біріне қарама-қайшы келуі немесе олардың өзара қақтығысы адамның қоршаған ортаға деген агрессивті қатынасын туғызады [2]. З.Фрейдтің айтуынша мұндай агрессивтік сезімдер адамда қолайлы жағдай туындамайынша, оның ішкі жан дүниесінде жасырнып жата беруі мүмкін, бірақ олар қандай да бір жолмен әйтеуір сыртқа шығады. Егер олар сыртқа шықпай адам ішінде

жинала берсе, онда олар адамды невротикалық белгілер кешінімен байланысты түрлі ауруларға шалдықтырады, - дейді З.Фрейд.

**Зерттеу мәселесі.** Солай десек те адамның қоршаған ортаға әртүрлі зиян келтіруінен көрінетін агрессивті мінез-құлық туа беріле ме, жоқ әлде өмір үстінде қалыптасатын қасиет пе, бұл жағы осы күнге дейін ғылымда өз шешімін тапқан емес. Бірақ адамдағы агрессияның биологиялық қасиеттермен байланысты болып келетіндігі эксперименттік түрде дәлелденген. Кейбір ғалымдар адамның агрессивті мінез-құлқының пайда болуына жүйке жүйесінің әсер ететіндігін алға тартады. Олардың айтуынша адамның жүйке жүйесінде агрессияның орталығы кездеспейді, бірақ соған қарамастан жүйке жүйесінің белгілі бір бөліктері агрессивті мінез-құлықпен тығыз байланысты болып келеді. Ондай бөліктер адамдағы агрессивті мінез-құлықты қоздыруға бейім келеді дейді [1].

**Зерттеу нәтижелері.** Ал енді кейбір ғалымдар агрессивті мінез-құлықтың пайда болуына генетикалық факторлардың әсер ететінін айтады. Жануарларға жүргізілген эксперименттік зерттеулерде агрессиялық қозғыштыққа деген жүйке жүйесінің сезімталдығына тұқым қуалаушылық себептердің әсер ететіндігі дәлелденген. Осыған қарап олар агрессивті мінез құлықты тудыратын тітіркендіргіштерді қабылдауға не оларға жауап қайтаруға деген бейімділікті туа берілетін жоғарғы жүйке жүйесінің типтері анықтайды деп есептейді. Сондай-ақ, адамның агрессивті мінез-құлықтың биохимиялық фактор да әсер етеді екен. Кейбір ғалымдар агрессивтік қозғыштыққа деген жүйке жүйесінің сезімталдығы қанның химиялық құрамымен анықталатынын айтады. Олардың айтуынша адамның қан құрамында болатын алкоголь, есірткі не токсикомандық заттар адамның өзгергіштік қасиетін төмендетіп, оның агрессивтік мінез-құлыққа бой алдыруына апарып соқтырады екен.

Фрустрациялық теория бойынша агрессия әртүрлі фрустрациялық жағдайларға қатысты адамның табиғи түрде қайтаратын жауап реакцияларының нәтижесі болып табылады. Бұл теорияны жақтаушылар фрустрацияларды адамның мінез-құлқына кедергі келтіретін түрлі жағдайлар деп түсінеді. Олардың айтуынша фрустрациялар адамның агрессивтік мінез-құлын оятады, бірақ мұнда фрустрацияның өзі фрустрацияға ұшыраған адамның мінез-құлқы бағытталатын объектіге айнала бермеуі мүмкін. Сондықтан, адам оған өзінің ашу-ызасы арқылы жанама түрде жауап қайтаруға үйренетін болады. Фрустрациялық дереккөздерге бағытталатын адамның қорқынышы мен үрейі, жек көру сезімдері басқа нәрселерге деген агрессивтік қатынастардың туындауына алғы шарт жасайды [1].

А.Бандура агрессияны әлеуметтік үйренудің нәтижесі деп түсінеді [2]. Әлеуметтік үйрену теориясын жақтаушылардың айтуынша адам әлеуметтік мінез-құлықтарды мадақтау мен жазалаудан және оларды күнделікті өмірде бақылаудан үйренеді. Бұл теорияның өкілдері адамның агрессивті мінез-құлықты үйренуіне мынадай жағдайлардың себеп болатынын айтады. Біріншіден, адам өмірде агрессивтік мінез-құлықтарды мадақтап жатқандарды көреді (мысалы, спорттық жарыстарды, террористік актілерді, ұжымдық тәртіпсіздіктерді жоспарлауда және т.б.). Екіншіден, күнделікті өмірде бұқаралық ақпарат құралдарынан, отбасы жағдайынан адамға агрессивтік-мінез-құлықтың үлгілерін үнемі көрсетіп отырады. Теледидардан зорлық-зомбылықтың алуан түрлерін көруге болады. Егер теледидардан берілетін зорлық-зомбылықтарды мұқият бақылап қарайтын болсақ, онда оның нәтижесі: а) агрессияның күшейгендігін көрсетеді; б) зорлық-зомбылықтарға деген көрермендердің сезімталдық табалдырығының жоғарылағанын көруге болады; в) әлеуметтік шындыққа деген адамның көзқарасы қалыптастырады. Сондықтан, агрессияны белгілі бір жағдайларда жүзеге асырудан қалыптасатын дағдылы мінез-құлық деп түсінуге болады, - дейді А.Бандура. Ондай дағдылы мінез-құлықтарға А.Бандура мыналарды жатқызады:

- алуан түрлі агрессивтік тәжірибелерді меңгеруге деген адамның ниетін (мысалы, қысылғанда, фрустрацияға ұшырағанда, біреуге шабуыл жасағанда, балағаттағанда және т.б. туындайтын);

- қозғыштығын (дене қозғыштығы кез келген эмоциялық сезімдерді күшейтуі мүмкін, мысалы, жағымсыз жаңалықтарды есту агрессивтік сезімдердің оянуына алып келеді);

- бұқаралық мәдениеттің әсерін (порнографиялық фильмдердің таралуы; мұндай фильмдерді насихаттаудан қалыптасатын ерлер мен әйелдерге тән стереотиптерін және т.б.);

- топтың әсерін (агрессиялық үрдістердің қарама-қайшылығына алып келетін біршама күштірек топтық агрессияның көрінісін; топ осылайша жеке адамдардың агрессивтік мінез-құлқын күшейтеді).

Міне біз көріп отырғанымздай, кейбір теориялық бағыттар агрессивті мінез-құлықтың табиғатын туа берілетін соқыр сезімдермен, генетикалық және биологиялық қасиеттермен байланыстырса, басқа теориялар оны әлеуметтік себептермен түсіндіреді. Осыған қарамастан, осы айтылған теориялық бағыттардың бәрі де баладағы агрессивті мінез-құлықтың пайда болуына отбасылық тәрбие жүйесінің бұзылуы, бала мен ата-ананың арасындағы қатынастардың бұзылуы, балаға махаббат пен жылудың жетіспеушілігі себеп болатынын айтады.



Мектеп оқушылары арасында кездесетін зорлық-зомбылық мәселесі қазіргі кездегі мектептер мен білім беру мекемелерінен білім алуға ғана қатысты емес, сонымен қатар баланың жарақат алуына, жағымсыз әлеуметтік тәжірибені меңгеруіне де қатысты болып отыр. Бұл мәселе мектептегі өзара қарым-қатынас жүйесі мен жеткіншектердің одан әрі тұлға ретінде қалыптасуы үшін де маңызды болып табылады. Сондықтан, мектептегі зорлық-зомбылық (буллинг) пен оқушылар арасындағы агрессияның алдын алу қазіргі кезде өзекті мәселе болып табылады. Буллинг мәселесі біздің еліміздегі мектептерде бұрыннан болғанымен оны зерттеу әзірше қолға алынбай келеді, тіпті оны түсіндіретін арнайы ғылыми термин де болған жоқ. Өйткені, орыстың «травля» сөзі қазақшаға аударғанда «соңына түсу», «қудалау», «бұзақылық жасау» деген мағыналарды ғана білдіреді. Буллинг ағылшын тіліндегі «bullying», «bully» сөздерінен алынған, қазақ тіліне аударғанда «әлімжеттік», «әлімжеттік көрсету» түсініктеріне тым жақын келеді. Буллинг деп басқа адамдарға қатысты қасақана, жүйелі және қайталанып отыратын агрессивті әрекеттерді, зорлық-зомбылықты айтады. Булинкте жәбір көретін, зиян шегетін, оның құрбаны, оған қатысатын және оны ұйымдастыратын көшбасшы, оның агрессоры, ештеме істемесе де, құрбан болатын адамның мінез-құлқын бақылауда ұстайтын, оның куәгерлері болады. Бұл жерде өз әлсіздігі мен қауқарсыздығынан үнемі зардап шешеетін, оның құрбаны мен қатысушылары болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижелері бұл мәселемен көбіне батыс психологтарының, Д.Олвеус, П.П. Хайнеманн, А.Пикас, Е.Роланд секілді скандинавиялық ғалымдар айналысатындығын көрсетеді [1; 3; 4]. Еуроодақта осы мәселені шешу бірінші орында тұрғанды екен, ал ресейде бұл мәселемен тек теориялық деңгейде ғана айналысып, оны терең зерттей бермеппі. АҚШ-та бұл мәселеге 1990-шы жылдары ғана көңіл аудара бастаған. Канадалық профессор Г.Ньюфел (даму психологиясының маманы) кәмелетке толмаған балалармен түзету мекемелерінде ұзақ уақыт жұмыс істеп, буллингті мінез-құлықтың көрінісі емес, туа берілетін соқыр сезімдердің бұрмалануының нәтижесі деп түсіндіреді [4]. Оның айтуынша адам мен жануарларда бауыр басу, қамқорлық жасау секілді соқыр сезімдер болады. Бауыр басу, қамқорлық жасау соқыр сезімдері әлсіздерді қорғау үшін қажет. Жануарларда альфа соқыр сезімдері бар, ол басқаларды өз бақылауына алу үшін керек. Балалар өз сезімдерін жоғалтып, үлкендердің қамқорлығынан құтылғысы келгенде осы соқыр сезімдер бұрмаланып, оның салдары басқаларға үстемдік етуге айналып кетеді. Сондықтан, шамадан тыс балаға жасаған қамқорлық буллингтің пайда болуына әкеледі, ал біз оның салдарымен ғана күресіп, себептерімен күреспейміз, - дейді Г.Ньюфел [4].

Шындығында да егер адам басқаларға қамқорлық жасағысы келіп өз ниетін білдірсе, бірақ оны басқалар дұрыс түсінбей, керісінше басқаша қабылдаса, әрине бұл оның ашу-ызасын туғызатыны сөзсіз. Дегенмен мұның нәтижесі буллингтің пайда болуына тікелей әкеліп соқтырады деу қате пікір болуы мүмкін. Өйткені санасы мен психикасы қалыпты дамыған адам индивиді мұндай жағдайда өз мінез-құлқы мен іс-әрекетін реттей білуі тиіс. Сондықтан, адамның өз мінез-құлқы мен іс-әрекетін реттей алуы, ондағы психиканың бар болуының белгісі болып табылады. Сол секілді, адам өз мінез-құлқы мен іс-әрекетінен бөлек, өзгелердің де мінез-құлқы мен іс-әрекетін басқара алады. Бұл адамның жануарлардан бөлек ерекшеленетін, оның санасының бар екендігін көрсетеді. Осы жағынан алғанда адамның жануарлардан ерекшелігі, оның өз мінез-құлқы мен өзгелердің іс-әрекетін реттей алуынан көрінетін санасының бар болуымен анықталады. Сондықтан, қазіргі кезде өзекті мәселеге айналып отырған мектеп оқушылары арасындағы агрессивті мінез-құлықтың қарқынын төмендету мен мұндай күш-қуаттарды қоғамдық пайдалы істерге, өнегелі игіліктерге қарай бағыттау мәселесі психологтардан көп күш жұмсауды талап етеді. Ал мұның өзі жеткіншек жасындағы балалар мен жоғары сынып оқушыларының өз мінез-құлқы мен өзгелердің мінез-құлқын реттей алуынан көрінетін санасы мен өзіндік санасын қайта тәрбиелеуді қажет етеді.

А.Бандура, Р.Уолтерс секілді ғалымдар жеткіншектердің агрессияға қашан да дайын тұруы мінез-құлықтың үйреншікті түрі және оған ата-аналардың өздері себеп болады дейді [2]. Бұл ғалымдар егер жеткіншектердің агрессиясы мен зорлық-зомбылығы әлеуметтік қызығушылық пен мойындаудың дереккөзіне айналатын болса, яғни оларға сол үшін көпшілік билік пен ақша ұсынып, материалдық қолдау көрсететін болса, онда қара күшке табыну жеткіншектер үшін құндылыққа айналады, - дейді. Т.П. Абдулова, Л.М. Сменюк секілді ғалымдар агрессивті жеткіншектер тұлғасына: құнды бағдарларының шектеулі болуы; танымдық қызығушылығы мен рухани байлығының төмендігі; моральдық біліктілігі мен интеллектуалдық дамуының төмен деңгейде болуы; өзіміштілік; еліктегіштік; дөрекілік, ата-анасына, мұғалімдеріне, құрбыларына қатысты жауласу сезімі; өзін-өзі бағалаудың бұзылуы; ортамен байланыс орнатудан қорқу; жоғары мазасыздық; қорғаныс механизмдерінің басымдық салдарынан мінез-құлқын реттей алмау; эмоциялық тұрақсыздық және т.б. сипаттар тән екенін айтады [1].

Қазіргі кезде көптеген мұғалімдер мен психологтарды және мектеп әкімшілігін жеткіншектердің агрессивті мінез-құлқын қалай төмендетуге болады, олардың арасындағы дау-жанжалдарды қалайша тиімді шешуге болады деген сұрақтар көп аландатады. Білім беру мекемелерінің педагог қызметкерлері үшін балаларды бейбітшілікке, отансүйгіштікке, ізгілікке, жолдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасауға

тәрбиелеу, дау-жанжалды жағдайларды тиімді реттеуге ұмтылдыр немесе олардан бойын аулақ ұстауға баулу күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Мектептегі зорлық-зомбылық деп «кез келген зиянды істерді (физикалық, моральдық, психологиялық, идеологиялық және т.б.) немесе оқушыға, мұғалімдер мен оқушылар тобына, сондай-ақ оқу орнының басшылығына қатысты зиян келтіретін түрлі әрекеттерді айтуға болады. Қазіргі кезде мектеп оқушыларының агрессивті мінез-құлқы мен бір-біріне көрсететін зорлық-зомбылықтарын шешудің әртүрлі жолдары мен әдіс-тәсілдері әзірленуде. Солардың ішінен ең тиімдісі профилактикалық іс-шараларды жүргізу болып табылады.

Агрессивті және басқаларға зорлық-зомбылық көрсететін жеткіншектердің типтерін білу олармен психокоррекциялық жұмыстарды тиімді ұйымдастыруға, оның бағдарламасын дайындауға мүмкіндік береді. Агрессивті мінез-құлықтың себептеріне қарай ғалымдар ақыл-ойы тежелген психопатиялық мінез бітістері бар жеткіншектер және ақыл-ойы тежелмеген патологиялық ауытқуы жоқ жеткіншектер, отбасылық тәрбиенің бұзылуынан, бірінші кезекте қадағаламаудың салдарынан болатын агрессивті мінез-құлқы бар жеткіншектер деп бірқатар топтарға бөледі [3]. Тәрбие сипатына қарай педагогикалық және әлеуметтік кемшіліктерден болатын әлеуметтік қасиеттері мен моральдық-өнегелі қасиеттері дамымай қалған жеткіншектер деп бөледі [3]. С.Я. Беличева педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған жеткіншектерді ақыл-ой дамуы төмен деңгейдегі жеткіншектер ретінде қарастырады [3]. Әлеуметтік тұрғыдан көңіл аударылмаған жеткіншектердің аффективті шеңбері бұзылады, соның салдарынан бала күйгелек, қаскүнем, ашушаң, мінез-құлықтың истероидтық түріне шалдыққыш келеді деп есептейді.

Л.М. Семенюк өз зерттеулерінде агрессивті мінез-құлқы бар жеткіншектердің төрт тобын атап көрсетеді [1]. Оларға: а) құндылықтары бұрмаланған және тұтынушылық қызығушылықтары басым аномалды, қарапайым қажеттіліктерінің тұрақты кешенімен сипатталатын жеткіншектер жатады. Олар құрбыларымен, ересектермен қарым-қатынаста өзімшіл, басқалардың ақыл-кеңесіне немғұрайды қарайтын, өзгелердің беделін сыйламайтын, ашуланшақ, дөрекі, күштік агрессияға бейім келеді; б) жекешілдігі басым және өзінен кішілерге қысым көрсету арқылы артықшылықтарға ие болғысы келетін жеткіншектер. Олар құндылықтарының, күш пен батылдық туралы көзқарасының бұрмалануымен ерекшеленеді. Мұндай жеткіншектер өз күшін өзіне қауіп төндірмейтін жағдайларда, әсіресе өзінен әлсіз адамдарға ғана көрсете алады; в) жағымды қажеттіліктері, құндылықтары мен бұрмаланған қажеттіліктері, құндылықтары арасындағы қақтығыстарымен сипатталатын жеткіншектер. Олар алдауға, өтірік айтуға, енжарлыққа бейім келеді, жетістікке ұмтылмайды, басқаларға жанама және вербалды агрессивті мінез-құлық көрсетеді; г) қажеттіліктері қатты бұрмаланған болмаса да қызығушылықтың жоқтығымен, күдікшілдігімен сипатталатын жеткіншектер. Олардың басқалармен қарым-қатынасы шектеулі, топтағы әлеуметтік өлшем мәртебесі төмен болады, өзінен күштірек құрбыларынан кек алғысы келетін кекшіл-жігімен сипатталады, бірақ қорқақтау болып келеді. Олардың мінез-құлқында вербалды агрессия мен жағымсыздық басым болады.

Көптеген зерттеу жұмыстары көрсеткендей, қазіргі кезде жеткіншектер арасында бір-біріне зорлық-зомбылықтар көрсету, бірін-бірі кемсіту, яғни мектерде буллинг мәселесі кең етек жайған [5]. Психологтардың айтуынша буллинг бір адамның не топтың басқа бір адамның немесе топтың мүшелерін жүйелі түрде кемсіту арқылы өзін-өзі дәлелдеудің тәсілі болып табылады. Ғалымдардың зерттеу нәтижелері бойынша буллинктің таралауының ең жоғарғы көрсеткіштері Австрия, Эстония, Германия, Латвия, Литва, Швейцария және Украина секілді елдерде, ал ең төменгі көрсеткіштері Чехия, Словения мен Швецияда көп тіркелген көрінеді [5]. Э.Пеллигиннің зерттеуі бойынша буллингпен айналысатын жеткіншектердің саны америка орта мектептерде 7-ден 15 %-ды құраса, олардың құрбандарының саны 2-ден 10 % -ға дейін құрайды екен [5]. Ал ресейде 11 жастағы ер балалардың 18,8 %, қыз балалардың 9,9 % кемінде бір рет басқа балалардың соңына түсіп қудалап, кемсітуге жол беріпті [5].

Көптеген ғалымдар жеткіншектер арасындағы агрессия мен зорлық-зомбылықты тудыратын сыртқы себептерге көбіне ата-аналарды немесе туыстарды, көршілерді, кездейсоқ таныстарды, психикалық ауытқудан зардап шегетін және психологиялық мәселелері бар адамдарды, сондай-ақ педагогтар мен тәрбиешілерді де жатқызады. Сондықтан зардап шеккен балалар мен жеткіншектерге көмек көрсетуді ұйымдастырумен қатар, оның алдын алу шараларын, оның оқу орындарындағы орын алу ықтималдығын азайтуға көп күш жұмсау қажет. Кейбір ғалымдар кіші жеткіншектерде буллинг оқу жылының басында, әсіресе олардың арасындағы билікке таласу кезінде айқын байқалады дейді. Билікке таласу тұрақтанған сайын оқушылар арасындағы әлімжеттік бәсеңдейтін көрінеді. Сондықтан мектептегі агрессия мен зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін профилактикалық іс-шараларды неғұрлым ерте бастаған дұрыс.

**Қорытынды.** Еуропалық Қауымдастық аясында буллинг мәселесі кеңірек талқыланып, нәтижесінде оның алдын алудың заңнамалық шаралары мен профилактикалық жұмыстардың әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық бағдарламалары әзірленеді. Норвегия мектептерінде заңнамалық негізде бекітілген, жалпы ұлттық басымдыққа ие болған, алғашқы тиімді профилактикалық бағдарлама

Д.Ольвеустің бағдарламасы болды [1]. Бұл бағдарламаның мақсаты қорлау мен зорлық-зомбылыққа жол бермейтін арнайы мектеп ортасын құру болды. Осыған ұқсас бағдарламаны Ұлыбританияда Д. Таттум да жасады. Бірақ ол мектептегі буллингтің жағдайын біліп отыру үшін арнайы аты-жөні көрсетілмейтін сауалнамалар жүргізді, мінез-құлық ережелерін мұғалімнің жетекшілігімен оқушылардың өздері дайындады. Мектеп өмірінде жүргізілген осындай іс-шаралар өзінің оң тәжірибесін берді. Сондықтан, қазіргі кезде әлемдік тәжірибеде мойындалған осындай бағдарламаларды басшылыққа ала отырып, ұлттық дәстүр мен әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерге негізделген мінез-құлық ережелерін бекіту, мектеп оқушылары арасындағы агрессия мен зорлық-зомбылықтың алдын алуға көмектесетіні сөзсіз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

*References:*

1. Semenýk L.M. *Psichologicheskie osobennosti agressivnogo povedeniya podrostkov i ýsloviya ego korrektsii.* – M.: Izd-vo MPSI: Flinta, 1998.
2. Hell L., Zigler D. *Teoru lichnosti.* – Spb.: Piter, 2006.
3. Abdýlova T.P. *Agressivnyi podostok: kniga dlia roditelei.* – M.: Akademiya, 2008.
4. Nijýfeld G., Mate G. *Ne ýpýskaite svojih detei. Pochemy roditeli doljni byt vajnoe, chem rovesniki.* – M.: Izd-vo Resýrs, 2021.
5. Sobkin V.S., Markina O.S. *Film «Chýchelo» glazami sovremennyh shkolnikov Trýdy po sotsiologu obrazovanua.* – M.: Izd-vo Institutya sotsiologu obrazovanua RAO, 2010. - T.14. Вып.№25. SPb.: Rech, 2007. - 400 s.

MPHTI 15.81.21

<https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-7847.39>

Tarikh A.T.<sup>1</sup>, Aijanova Z.Zh.<sup>1</sup>, Zhigitbekova B.D.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> *Caspian University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov  
Aktau, Kazakhstan*

<sup>2</sup> *Abay Kazakh National Pedagogical University*

## PROBLEMS OF PSYCHOLOGICAL RESEARCH OF EQUATING JUDGMENTS AND VALUES TO ACTIONS

*Abstract*

The article examines the close relationship of values with judgments. According to the model of neurological levels, the question of whether judgments and values will become a certain value action on the same level with teaching and changes, a system of judgments will be revealed.

**Keywords:** values, checking values, problem of judgments, evaluation of judgments, security, mental map, interaction, learning abilities, language learning.

A. Tarikh<sup>1</sup>, Z. Zh. Aijanova<sup>1</sup>, B. D. Zhigitbekova<sup>2</sup>

<sup>1</sup> *Ш. Есенов атындағы Каспий және инжиниринг университеті  
Ақтау, Қазақстан*

<sup>2</sup> *Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан*

## ПАЙЫМДАУЛАР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ТЕҢЕСТІРУДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада құндылықтар пайымдармен тығыз байланыстылығы қарастырылады. Нейрологиялық деңгейлер үлгісіне сәйкес, пайымдар мен құндылықтар үйрену мен өзгерулермен бір деңгейде белгілі бір құндылық әрекетке айналуы, пайымдар жүйесі анықталуы өзекті мәселе болып табылады.

**Түйінді сөздер:** құндылықтар, құндылықтарды тексеру, пайымдар мәселесі, пайымдарды бағалау, қауіпсіздік, менталдық картасы, өзара іс-әрекеттер, оқу қабілеттері, тіл үйрену.

Тарих А.<sup>1</sup>, Айджанова З.Ж.<sup>1</sup>, Жигитбекова Б.Д.<sup>2</sup>  
<sup>1</sup> Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова  
Актау, Казахстан  
<sup>2</sup> Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

## ПРОБЛЕМЫ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ ПРИРАВНИВАНИЯ СУЖДЕНИЙ И ЦЕННОСТЕЙ К ДЕЙСТВИЯМ

### Аннотация

В статье рассматривается тесная связь ценностей с суждениями. По модели нейробиологических уровней актуальным является вопрос о том, станут ли суждения и ценности определенным ценностным действием на одном уровне с учением и изменениями, выявится система суждений.

**Ключевые слова:** ценности, проверка ценностей, проблема суждений, оценка суждений, безопасность, ментальная карта, взаимодействие, способности к обучению, изучение языка.

According to Webster's dictionary, values are "principles, qualities, or objects that are valuable, desirable and important". Since values are associated with dignity, significance, and desire, they are the source of the inner motivator of the individual. If something comes into contact with human values, a state of contentment, harmony, or rapport is established. If, on the contrary, one notices a discrepancy in one's own values, one becomes dissatisfied and discordant; or one is forced to submit to the prevailing one.

To help a person define their own values, it is recommended to consider the following questions: "What is important to you?", "What motivates you to take an action?", "Why do you get out of bed in the morning?" Some of the answers that can be given to these questions are:

*Income,*  
*Recognition,*  
*Assessment,*  
*Responsibility,*  
*Pleasure,*  
*Love,*  
*Achievement,*  
*Creativity*

Such values have a significant impact on the goals set by the individual and the actions that he may choose.

In practice, human goals are a real reflection of their values. For example, an individual who has set himself the goal of "creating an effective team" may have a high appreciation of "working together". A person who aims to "increase their income" probably values "financial success". In the same way, a person who values "stability" sets goals related to achieving stability in their personal or professional life. Such a person strives for different results than those who value "freedom".

A person who values stability can be satisfied with a "9-to-5" job with clearly defined tasks and a cut-off salary. Well, a person who has more free time, where freedom is valuable, tries to find a job where the range of tasks is set according to their interests.

Values are closely related to judgments. According to the model of neurological levels, judgments and values are on the same level as learning and change. They answer questions, "Why?", "What for?".

Values are characterized by the perception of important and desirable feelings. Judgments are a cognitive structure that connects values with various aspects of personal experience, i.e. a part of the individual's worldview.

Judgments, in fact, are the views of a person about himself, about the environment and the surrounding world. According to the model of neurological levels, value-like deep structures, which are relatively abstract and subjective, must be associated with the most specific cognitive processes and abilities through vision in order to influence material existence in the form of concrete actions.

To determine a person's vision, you need to ask them to answer the following questions: "How do you define a quality or object that is valuable to you?", "What causes or creates this quality?", "What are the results or consequences of such an assessment?", "How did you know that a particular behavior or feeling corresponds to a particular value?".

In order for a certain value to become an action, that is, to work, a system of judgments must be defined. For example, in order for such a value as "professionalism" to be reflected in behavior, a person must form the following beliefs in himself:

- feel the meaning of the concept of professionalism (know the definition);
- identification of manifestations of professionalism, i.e. criteria that indicate its existence (evidence needed to justify it);
- classification of prerequisites that contribute to the formation of professionalism and vision of its consequences.

<b>Definition</b>	<b>causes</b>	<b>consequences</b>	<b>values, for example: achievements</b>	<b>arguments, how did you know what he taught you?</b>
What was the reason?				
What does this lead to?				

These judgments, like the value itself, are crucial to determining the future actions of the individual. For example, the value of "security " exists in both people, but their systems of vision are different. The first connects the concept of security with force, i.e. for him, security is the ability to be strong from his enemies and ensure his own safety by being the first to strike, without being careless and not eating a stick. And the second examines the problem more broadly and more deeply. For him, security is the Prevention of a potential threat. For example, to understand the nature of a person's actions that threaten him or her, that is, to understand his or her positive intentions and respond to them. These two people, adhering to the same value (Security), achieve it in two different ways; even their approaches contradict each other.

Judgments connect values with different aspects of experience. Proof of this is the example above. The former seeks to achieve security by strengthening its power; the latter provides security by communicating, collecting information, and searching for other options. Judgments about core values determine the "mental map" of human values and, accordingly, express the forms of its manifestation. Mindmapping is a convenient and powerful graphical way to structure information; schematically placing the main topic in the center of the page, and the concepts associated with it, spreading out like branches of a tree. In order to instill and form values in a person, it is necessary to take into account everything that concerns vision. If an individual, being within a particular system, wants to act in accordance with its core values, then he must share certain beliefs and values inherent in that system.

Values and judgments form a structure that includes the interaction of people within the system, such as a family, group, or collective. They determine motivations and cultural positions in collectives and social systems. In other words, common values and judgments are like a "glue" that unites a group or team. And their conflicts are a source of confusion and discord.

Faith has a very strong influence on a person's life. If a person is convinced that he can do something, then he will actually achieve it; and if he doubts that he can do something, if he is not convinced that he can do it, then he will fail. Focus your attention on the fact that research shows the power of faith. The intelligence indicator (IQ) divides the average group of children into two parts in a random way. Working with a group, the teacher constantly tells the children that they are talented. And the teacher of the second group, slightly repeating that the children are average, pressed them to their faces. A year later, the level of intellectual development of students of both groups was checked. Then most of the children in the "gifted "group had high scores, and the mental performance of many students in the "weak " group decreased. Therefore, the conclusion from this is that children's learning abilities were influenced by teachers' judgments.

Let's give another example as an expression of the power of faith. The story of "miles in four minutes" is a story about simultaneously limiting and expanding opportunities. Until May 1954, the speed limit at which a person could run was considered "four minutes - 1 mile". Until the historic day when Roger Bannister overcame the four-minute Hill, in nine years, no windbreaker had even come close to such a result. Six weeks after Bannister's feat, Australian athlete John Dundee again reduced the record time by 1 second. Over the next nine years, about two hundred people achieved a record that once seemed impossible.

All these examples show the influence of the power of faith in the formation of intelligence, health, relationships, creativity, and even happiness and success. In Neuro-Linguistic Programming (NLP), many

techniques and techniques have been developed to change personal vision. Some of them (reframing of judgments, reimposing, integration of contradictory judgments, etc.) are used in psychotherapy. In this book, we will focus on coaching techniques that are easy to use in conversation.

### **Value validation worksheet**

1. Identify the core value that you want to consolidate and strengthen in your being. In order to consolidate the statement of value, it is necessary to take into account the following points: "value... before the word " write down the value that is important to you.

2. Prepare your own statement of value for each column presented in the text in bold black paint and answer the questions in writing.

3. when you're done, read your answers and mark what's changed and strengthened.

\_\_\_\_\_ **value** is important and necessary.

(what value do you want to consolidate and strengthen?)

**Because I** \_\_\_\_\_

(write down why you are passionate about acquiring this value)

**That's why I** \_\_\_\_\_

(determine what are the real consequences of this value)

**I always be** \_\_\_\_\_

(describe the main situation associated with this value )

**For me** \_\_\_\_\_

(what is the positive purpose of this value?)

**If I** \_\_\_\_\_

(what are the limitations or results associated with this value?)

**However, I have** \_\_\_\_\_

(what are the limitations or alternatives associated with this value?)

**I** \_\_\_\_\_

(name such a value that you already have)

For example, if a person wants to strengthen their vision in the context of the value of "learning a language", then this trend begins with the statement of real value as follows: "learning English is important and necessary". A soul that accepts this statement as a constant quantity must answer each question in order to study all the foundations of value in the next sequence. It is important that the new sentence given in each line begins with the word "I" or the first. This is a guarantee to consider the problem within the framework of life experience and avoid domination.

Below is an example of completing these statements.

Learning English is important and necessary, **because I** need to master a foreign language to live creatively.

Learning English is important and necessary, **that's why I** do some useful things to help me learn English.

Learning English is important and necessary, **I always be** ready for the future.

Learning English is important and necessary, **for me** it is an example for others and I can live with pleasure.

Learning English is important and necessary **if I** want to be happy and active.

Learning English is important and necessary, **however I** have other goals and objectives.

Learning English is important and necessary so that I can provide the appropriate conditions and resources to realize my dreams.

After completing new statements, it is interesting and important to read each sentence, removing other keywords from the word "although". The sequence of responses forms surprisingly coherent and valuable conclusions about the reasons why a person should follow the main value chosen by them.

"Learning English is important and necessary **because I** need to learn a foreign language in order to live creatively; I will take useful actions to learn English; I must **always** be ready for the future; **for me** to be an example to others and live with pleasure for myself; **if I** want to be happy and active; **however**, I have other goals and objectives; so that I can".


Thus, we have a set of ideas and statements (affirmations) that help strengthen the value of language learning and the tendency to follow relevant judgments. This paragraph defines the ways in which this value manifests itself, provides a positive intent, and takes into account possible objections. Since such a group of statements identifies several conditions and verbally reflects them, it becomes a powerful source of creative

judgments, providing a general understanding of the adherence to this value, as well as an indispensable source of overcoming any doubts.

The actions and abilities of Successful People, teams, and organizations adhere to key values. These values, in turn, are balanced by the mission, uniqueness, and vision of an individual team or organization. Thus, the actions of members of a successful team or organization, within the framework of their own environment, in accordance with high-level goals and strategies. And these goals, in turn, correspond to the culture and mission of the system in relation to the larger environment. If we apply this statement on a different plane, then a person has another level of internal regulation in accordance with his point of view and related to the implementation of his judgments – team, alignment with the collective. Well, there are three types of general alignment:

- 1) personal alignment-according to the correspondence that occurs between all parts of a person;
- 2) equalization of accompanying processes-in relation to the goal or vision;
